ISSN 1728-8657

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

# ХАБАРШЫ
# ВЕСТНИК
# BULLETIN

**«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы**

**№2(43)**

**Серия «Художественное образование: искусство – теория методика»**

**№2(43)**

**Series of «Art education: art-theory-methodology»**

**№2(43)**

**Алматы, 2015**

**Абай атындағы**
**Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**ХАБАРШЫ**

**«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы**
**№2(43), 2015**

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

**Бас редактор:**
*п.ғ.д., проф.*
**Б.А. ӘЛМҰХАМБЕТОВ**

**Бас редактордың орынбасары:**
*п.ғ.к., доцент*
**Ш.Ә. АҚБАЕВА**

**Редакция алқасы:**
ассоц. проф. **Reser Gulmes** (Түркия),
профессор **Xie Henging** (Қытай),
п.ғ.д., профессор **К.Д. Добаев** (Қырғызстан),
PhD докторы, Колумбия университетінің профессоры **Rafis Abazov**,
п.ғ.к., доцент **А.А. Момбек,**
п.ғ.к., доцент **Л.Ш. Какимова,**
өнерт.канд., аға оқытушы **М.Э. Султанова,**
п.ғ.к., аға оқытушы **Ж.Н. Шайгозова,**
әскер. ғыл. канд. **В.В. Ващенко**

**© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2015**

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10099-Ж

Басуға 15.06.2015 қол қойылды.
Пішімі 60х84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 9.75 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 229.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

## М а з м ұ н ы
## С о д е р ж а н и е

**Байсеңгіров М.Қ., Ерназаров Ғ.Т.** Металды көркем өңдеудегі түрлі ерекшеліктер............................................. 5

**Габдуллина Л.Н.** Ш.Уәлихановтың графикалық суреттерін оқытудың маңызы................................................. 8

**Жармағанбетова Ж.Р.** Музыка пәнін оқытудағы инновациялық әдістердің мүмкіндіктері................................. 13

**Ахметова А.Қ.** Музыкалық білім берудегі оқытудың арнайы әдістері.................................................................... 17

**Әбжан Г.М., Абылханова Г.А.** Қазақтың зергерлік әшекей бұйымдарының ұлттық мәдениетіміздегі орны........................................................................... 22

**Жүнісбеков Ж.И., Тәукейұлы С.** Шығыс әскери жекпе-жек спортшыларының бастпқы дайындығының технологиясы................................................................................ 28

**Karzhaubayeva S.K.** Poetics and spirituality in creativity of GulfajrusIsmsilova................................................................. 32

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

**ВЕСТНИК**

**Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»**
**№2(43), 2015**

Выходит с 2001 года.
Периодичность – 4 номера в год

**Главный редактор:**
*д.п.н., проф.*
**АЛЬМУХАМБЕТОВ Б.А.**

**Зам. главного редактора:**
*к.п.н., доцент*
**АКБАЕВА Ш.А.**

**Редакционная коллегия:**
Ассоц.проф. **Gulmes Reser** (Турция),
профессор **Henging Xie** (Китай),
д.п.н., профессор **Добаев К.Д.** (Киргизстан),
Доктор PhD, профессор Колумбийского университета **Abazov Rafis,**
к.п.н., доцент **Момбек А.А.,**
к.п.н., доцент **Какимова Л.Ш.,**
канд.искусств. **Султанова М.Э.,**
к.п.н., стар.преп. **Шайгозова Ж.Н.,**
канд.воен.наук **Ващенко В.В.**

**© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2015**

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10099-Ж

Подписано в печать 15.06.2015.
Формат 60x84$^{1}/_{8}$.
Объем 9.75. уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 229.
050010, г.Алматы,
пр.Достык,13. КазНПУ им.Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

**Джакубакынов Б.Б., Кулатаев К.А.,** Управление качеством вне учебной деятельности студентов…........... 35

**Бегалова М.С.** Қазақ музыка тілінің табиғаты, мәні және маңызы........................................................................... 41

**Бегалова М.С.** Музыка мұғалімінің кәсіптік даярлығына қажетті шешендік қызметі.................................................. 45

**Оспанқұлов Е.Е.** Оқушылардың әскери отансүйгіштік тәрбиесін жетілдірудің тарихи-педагогикалық алғышарттары....................................................................... 48

**Мамбет Ж.А., Бейсенбаев С.К.** Имиджевые составляющие форменной одежды обслуживающего персонала в высшем учебном заведении............................................ 53

**Альмухамбетов Б.А., Небесаева Ж.О.,** Принципы и методы Артпедагогики....................................................... 56

**Kazakh National Pedagogical University named after Abai**

**BULLETIN**

**A series of «Art education: art – theory –methods»№2(43), 2015**

Periodicity – 4 issues per year.
Published since 2001

**The chief editor:**
*doktor of pedagogical sciences, professor* **Almuhambetov B.A.**

**Deputy Chief Editor:**
Associate Professor, candidat *of pedagogical* **Akbaeva Sh.A.**

**Editorial board:**
associate Professor **Gulmes Reser** (Turkey),
professor **Henging Xie** (China),
D.SC, professor **Dobaev K.D.** (Kyrgyzstan),
PhD doctor, Professor at Columbia University,
**Abazov Rafis**
Associate Professor, candidate of **Mombek A.A.**,
Associate Professor, candidate of **Kakimova L.Sh.**,
Ph.d. in arts. **Sultanov M.E.**,
Ph.d., old prep. **Shaygozova Zh.N.**,
Ph.d. in military sciences **VashchenkoV.V.**

© Kazakh National Pedagogical University named after Abai, 2015

Registered in the Ministry of Culture and Information of the RK, 8May, 2009 № 10099-Ж.

Signed to print 15.06.2015
Format 60x84 1/8.Book paper. 9.75.
300 copies. Order 229.

050010, 13 Dostyk ave., Almaty. KazNPU. Abai
Publisher "Ulagat" Kazakh National Pedagogical University named after Abai

**Мұстафаев Е.Ж.** Күй өнері арқылы жас ұрпаққа тәрбие беру мәселелері................................................................ 60

**Татаева А.Е.** Космизм Калмыкова.................................... 63

**Намазова Қ.Б.** Сабақ өткізу барысында оқушылардың сөйлеу мәнері................................................................... 65

**Ақбаева Ш.Ә., Бакаиев Р.С.** Қазақ дәстүрлі өнерінің көркемдік өнер мен ұлттық мәдениеттегі өзіндік орны................................................................................ 68

**Кыстаубаева Б.К.** Нетрадиционные техники рисования: творческий потенциал развития младших школьников.................................................................................. 75

**УДК 37.022 (045)**

# МЕТАЛДЫ КӨРКЕМ ӨҢДЕУДЕГІ ТҮРЛІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**М.Қ. Байсеңгіров –** *аға оқытушы,* **Ғ.Т. Ерназаров –** *аға оқытушы*
*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Бұл мақалада металл өңдеу сабақтарынан білім беруде шеберхана жағдайында өңдеу тәсілдерін қолдану жайлары қарастырылып тиімді мүмкіндіктерге сипаттама жасалған. Металл өңдеу ісінің ерте замандардағы бастауларынан деректер келтіріліп, металды бұрамалау, сымкәптеу, нақыштау мен созу жайлы айтылады, сондай-ақ гравирлеу, металл бетіне күміс шабу, қарала жүргізу және металл бетіне басқа металды шабу тәсілімен жапсыру амалдары айтылады. Осыған қоса күмісті өңдеу тәсіліне байланысты ерекшеліктер, күмістің сипаттамасы, сонымен қатар жез бен мыстың және алюминийдің физикалық құрамдары мен өңделу сипаттамасы келтірілген. Жоғарыда аталған металдардан жасалған бұйымдарды дәнекерлеу тәсілдері, тазалау мен ағарту, егеулермен өңдеу, металдарды өңдеуде шеберхана жағдайында қолдануға келетін термикалық және химиялық түрлері, металдарды химиялық өңдеудегі сақтық шаралары мен химиялық құрамдар, металл бетіне қақ жапсыру тәсілдері, оларды қолдану шарттары, қандай металл бетінде қандай қақ түстерін алуға болатындығы мен алюминийдің өзіне тән өңделу ерекшеліктері сөз етіледі.

**Кілттік сөздер:** қазіргі кездегі шеберханада металл өңдеу мүмкіндіктері, химикаттарды қолдану, металды көркем өңдеу амалдары.

Металл өңдеу ісі қай елді алсақ та ерте замандардан, яғни алғашқы қауымдық құрылыстан белгілі болып, ал қазіргі кезеңде өңдеу тәсілдерінің көптеген түрлері пайда болды. Көне замандарда ұсталар металдан ыдыстар, еңбек құралдары, қару-жарақ, сауыт-саймандар, зергерлік бұйымдар жасаған. Нақыштау мен металды созу технологиясы соғып өңдеуде қолданылды. Бұрамалау мен сымкәптеу тәсілдері де металдың серпімділігі мен созылғыштығына негізделген. Металл сымдарды мұсатыр сеуіп қыздыру арқылы бекіту шілтерді еске түсіреді. Кескіш аспаптармен өңдеуге қолайлы металдарға гравирлеу техникасы қолданылған. Осы техника қаралау мен металл бетіне күміс шабуға да негіз болған. Гравюрлеуде күміс тотығы мен қорғасын және мыс араластырылып, гравирленген өрнек іші осы қоспамен толтырылған. Металл бетіне басқа металды шабу тәсілінде астыңғы металл бетіне өткір шапқымен іздер түсіріп, сымдар, бұрама сымдар, алтын, мыс, жез, күмісті ұрып орнатқан. Бұйымды отқа қыздырғанда астындағы металл қарама-қайшы түс беретін болған. Енді бұл мақаламда қол жетімді материалдарды өңдеуді ғана айта кетпекпін. Соның бірі – күміс. Ол – өте кең қолданылатын металл, жоғары пластикалық икемділігі бар соғуға да ыңғайлы, жақсы кесілетін, жалтырату мен ысып өңдеуге қолайлы металл, алтыннан қаттылау, бірақ мыстан жұмсақ, тек азот қышқылы мен ыстық күкірт қышқылында ериді.

Жез – мыс пен мырыш қорытпаларынан тұрады. Стол сервиздері мен интерьер әшекейлерін нақыштауда қолданады және түрлі зергерлік бұйымдар мен алтындалған және күмістелген бұйымдарда қолданады. Жез жеңіл дәнекерленеді, кесуге оңай, созуға да икемді, штамп әдісіне де жақсы келеді, нақыштау, никельдеу, күмістеу, алтындау, оксидтеу тәсілдеріне жақсы. Таза мыспен салыстырғанда берік әрі қатты, елеулі көрінеді. 3-тен 20 пайызға дейінгі мырыш қосылған жездің (томпак) түсі қызғылттау сары түсті болады.

Мыс – жұмсақ, пластикалық икемді және жабысқақ металл. Сығылып өңдеуде жеңіл: нақыштау, соғып өңдеу, дөңестеу, штамптау тәсілдеріне жақсы көнеді. Жақсы тегістеліп жалтыратылады, бірақ жылтырын тез жоғалтады. Оны бұрғылау, қайрау, бетіне ою салу қиындау. Таза не қызыл мысты бұрамалау техникасы арқылы зергерлік бұйымдар мен интерьер әшекейлерінде нақыштауда, дәнекер жасауда қолданады. Оған мысты, күмісті, алтынды қосады, сондай-ақ түрлі қорытпаларға қосымша ретінде қосылады.

Алюминий – жұмсақ, күміс түстес ақ металл, жеңіл созылады, иіледі және кесіледі. Оның беріктігін арттыру үшін кремний, мыс, магний, цинк, никель, марганец, хром қосады. Алюминий қорытпаларынан мүсінделе құйылған сәулет бөлшектерін, зергерлік әшекейлер жасайды.[1, 25б.]

Көптеген бұйымдардың бөлшектері дәнекер арқылы біріктірілетіні аян. Дәнекерлер де көптеген түрлерге бөлінеді. Олар алтын, күміс, қалайы, кадмийлі, мырышты, магнийлі, мыс дәнекер. Алтын мен күміс дәнекер бағалы металдарды дәнекерлеуде, қалғандары арзан металдарда қолданылады.

Мыс бұйымды мысты-мырышты дәнекермен, жез бұйымды нейзельберді қолалы-мысты-фосфорлы дәнекермен біріктіреді. Дәнекер алдында бұйым бөлшегінің дәнекер жабысар тұсын жақсылап таза-

лайды, ал жабысу беріктігіне қол жеткізу үшін еріген дәнекердің металмен қаншалықты біріккеніне байланысты анықтайды. Дәнекерлеуден соң бұйым бетін тотық қабыршақтан ағарту арқылы таза-лайды. Ол ағартқыш қышқылдар көмегімен жүргізіледі. Ағарту жұмысы қышқылға төзімді шыны, фарфор ванналарда жүзеге асырылады. Ванна қыздырғыш приборға қойылған болғаны дұрыс, онан соң тазартқыш шкафқа салынады. Ағартқыш сұйыққа батырылған бұйымды қышқылға шыдамды арнайы сеткалы қалақшамен не мыс пинцетпен алады. Бұйымға белгілі бір өлшем, кедір-бұдырлық беру үшін егеу қолданып қолмен өңдейді не түрлі ұштары бар бор машина қолданылады. Егеумен үлкен жазықтықты бұйымдарды, шағын егеулермен кішігірімдерін, өңдеуі қиын кішкене қуыстарды өңдейді. Бұлай өңдеуде шағын ағаш не металл қысқаш қажет. Егеулермен өңделген бұйым тазалағыш қағаздармен, жалтыратқыш пасталармен өңдеуден өтуге тиіс.

Түсті металмен жұмыс істейтін шеберлер жаңа тәсілдер табуға қашаннан қызыққан. Осындай тәсілдердің қазіргі кезде шеберхана жағдайында қолдануға келетін термикалық және химиялық түрлері бар. Химиялық қақ жапсыру түрлері мыс, жез, қола, болат бұйымдарға лайықты. Шеберханада қақ жапсырумен айналысу үшін алдымен сақтық шараларын ұмытпау керек. Көптеген химикаттар улы болатынын ескерген жөн. Сондықтан оларды тығыны жақсы жабылатын шыны ыдыста оттан алыс ұстау керек. Ал күкіртті басқа химикаттардан бөлек ұстаған дұрыс, өйткені оның буы жарылыс қаупін тудырады. Металды химиялық өңдеуде желдеткіш жәшігінде не таза ауада жүргізген жөн. Көзге міндетті түрде қорғағыш көзәйнек, қолға резеңке қолғап кию керек. Қоспа дайындау мен қақ жапсыру үрдісінде пластмасса, фарфор не шыны ыдыс қолданған оңды. Қышқылдарды сумен не басқа сұйықтармен араластырғанда қышқылды шағын мөлшерде суға не сұйыққа құю керек. Керісінше жасауға болмайды. Қолға қышқыл тигізіп алса ұзағырақ ағын суға жуып, ас содасының 5 пайыздық ерітіндісімен шаю керек.

Қандай металл болмасын оған қақ жапсыруда металды жақсылап тазалайды, тегістейді, жалтыратып барып майсыздандырып, ағартады. Майды спирт не бензин жағылған шүберекпен кетіруге болады, ал ағарту үшін кез келген қышқылдың 10 пайыздық ерітіндісіне батырып не ерітіндімен шыланған шүберекпен сүртіп ағартып, таза сумен жуады. Металды ауада немесе жапырақты ағаштар үгінінде кептіреді.

Қақ жапсыру тәсілімен өңдеу үшін шағын металл бұйымды ерітіндіге салып, үлкенін қылқаламмен немесе ағаш сапқа бекітілген анжымен жағу арқылы да қақ жапсырып өңдеуге болады. Көптеген ерітінділер мөлдір еместігіне байланысты оларға салынған бұйымдарды қандай күйге түскендігін ара-тұра алып қарап қою керек. Қажетті түске енген болса алып, таза суға жуып кептіруге болады. Кейбір жұқа қабықтар металға әлсіз жабысуы да мүмкін, ал кейбірінде ала-құла болып қалуы да ғажап емес. Бұдан құтылу мақсатында бұйымды кептірген соң машина майымен немесе өсімдік майымен, тіпті болмаса табиғи олифамен сүрткілеу керек. Шекіме жасалғаннан соңғы металл бұйым бедерін күшейтіп көрсету үшін пемза ұнтағын дымқыл шүберекке жағып алып бедер бетін ысқылайды, ұнтақ болмаса хром тотығын киіз кесегіне немесе бензин жағылған шүғаға жұқтырып жарық бөлігінен қараңғы жағына қарай бірте-бірте ауысатындай етіп сақтықпен ысқылау керек. Бұдан ең биік томпақ жерлер ағарып, ең биік нүктелерінде металл түсі жалтырап көрінеді. Жуылып кептірген соң нақышталған бұйымды маймен сүртіп түссіз лакпен көмкеруге болады. Ал түрлі ерітінділермен өңдегенде металл бетінде шамамен қандай түс пайда болатынын ертерек білу үшін алдын ала ұсақ металл кесегіне тәжірибе жасап алған тиімді. [2,36 б.]

Оған мыс, жез, аюминийден бір мөлшердегі үш төртбұрыш қиып алып, төмендегідей тәсілмен өңдеп көруге болады:

Кептіріп маймен сүртілген металл төртбұрыштарды қатырма немесе ағаш планшетке бекітіп, бір қатарға болат, келесі қатарға жез, үшінші қатарға мыс, төртінші қатарға алюминийді қоямыз. Әр пластинаның астына ерітінді құрамы мен өңдеу шартын көрсетіп жазып қойған тиімді. Бұл таблицаны жасай отырып, қақ жапсыру ерітінділері ережелерімен таныс болуға, сондай-ақ металды сәндік өңдеудің басқа да тәсілдерін меңгеруге болады.

Жезді қақ жапсырып өңдеуде түрлі реңктерге қол жеткізуге мүмкіндік бар. Соның ішінде қара мен қоңыр түстерге ендіру үшін 1 л суға көбіне тиосульфит немесе гипосульфит (фото өнеріндегі фиксаж) деп атап кеткен 60 г күкіртті натрий тұзын ерітіп, оған 5 г азот, тұз не күкірт қышқылының бірін қосады. Бұл сәтте бірден күшті реакция беріп, күкіртті газ бөлінеді де ерітінді күңгірт сүт түсіне енеді. Оған жез бұйымды батырып бірнеше секунд ұстап қайта алып қарау керек, өйткені қақ тез

жабысады. Қажетті түс шыққан болса бұйымды жуып кептіру қажет. Қақ жапсыратын ерітінді 20 минуттай ғана күшінде болады да, жарамсыз болып қалады. Металды ерітіндіде ұзақ ұстап қалуға болмайды, себебі тәжірибесі аз адам қанығырақ қара түске ендірем деп қалың қақ жапсырып алып ол сумен жуғанда түсіп қалып жатады, содан сақтану керек. Өте қою қарайтуға ұмтылу қажет те емес, себебі тым қарайып кеткен жерлерден металдың табиғи түсі білінбей қалады. Қандай қақпен қапталса да металл түсі қақ астынан аздап байқалып тұрғаны сәндірек көрінеді. Тіпті қара түс алуға құштар болсақ қышқылдар орнына гипосульфит ерітіндісіне бір ас қасықтай уксусты 1 л суда ерітіп қосу керек. Бұдан да алғашқыдағыдай реакция беріп күкіртті газ бөлінеді, бірақ баяу жүреді. Осы ерітіндіде жезді көбірек ұстауға болады [3,47б.].

Қара қоңыр, қоңыр және қара түстер шығару үшін мүсәтір спирті (аммиактың судағы ерітіндісі) мен өсімдіктерге себетін хлор тотығынан, жақсы ерітіндіні техникалық аммиактың судағы ерітіндісінің А маркасын шаруашылық дүкендерінен алып жасауға болады. Мүсәтір спирті мен мыстың хлорлы тотығының буы улы болғандықтан сақтық шараларын естен шығармау керек. Қақпағы бар шыны ыдысқа екі қасық мысты хлор тотығын сеуіп, үштен екі бөлік судағы аммиак ерітіндісін қосып жылдам араластырсақ жасыл түс шығады. Банканы қақпақпен жауып қойсақ, қақ жапсыратын ерітінді көкшіл-жасыл түске ауысады. Оған алдын ала тазартылып, майсыздандырған жез пластинаны батырамыз. Бірнеше секундтан соң ол қою қара түске енеді, металл беті де өз түсін жоғалтпайды. Ашық рең алу үшін ерітіндіге су қосу керек. Қақ түсі мен реңі қосылған судың мөлшеріне байланысты болады.

Мысты қара және сұр түске бояу үшін піскен күкірттің судағы ерітіндісінде өңдеу керек. Күкіртті пісіру үшін күкірттің бір бөлігін екі бөлік сақарға (поташ) араластырып темір банкада отқа қою керек. Бірнеше минуттан соң ұнтақ еріп, пісе бастайды, әрі сұрғылт-қоңыр түске енеді. Пісіру барысында әлсіз көкшіл-жасыл жалынмен жануы мүмкін. Жалынды сөндіріп керегі жоқ, ол зиян келтірмейді. 15 минуттай өткенде пісіруді доғарады. Піскен күкіртті ұзағырақ сақтау үшін ұсақтап ұнтаққа айналдырып, шыны банкаға салып тығыз жауып қояды. Ерітінді жасау үшін 1 л суға 10 – 20 г піскен күкірт ұнтағын салады. Піскен күкірттен алынған қақ металлда әдемі де берік қара түс түзеді. Мыс бұйымға көне бұйым түсін беру үшін жеңіл сұр қақ жапсыру да жетеді. 1 л суға 2 – 3 г ас тұзын салып, 2 – 3 г піскен күкірт қосамыз. Ерітіндіге мыс пластинаны саламыз. Қажетті сұр түс пайда болғанда пластинаны алып таза сумен жуып кептіреміз [4, 23б.].

Ал алюминийді сәндеу үшін шеберхана жағдайында химиялық қақтар қолдану қиындау, өйткені көптеген арнайы жабдықтар қажет болады, сондықтан көбіне бояумен әрлеу, отқа қақтау, қыздырып өңдеу қолданылады.

Пигменттермен қақ жапсыру үшін ең қолайлысы майлы бояу. Оны мата бөлшегімен жұқалап металл бетіне жағып, құрғақ матамен сүрту керек. Бедердің биік жері бояуы сүртіліп биіктеп көрінеді. Бұлай қақ жапсыру қауіпсіз әрі палитрада іздеу арқылы барлық түстерді ала аламыз. Бұл әдіспен тек алюминийді сәтті безендіруге болады. Майлы бояу орнына қара тушь, графит ұнтағы, қара битум лагын да қолдану қызықты. Қара мен сұр түс алу үшін бедерді не бұйымды олифаның не бір өсімдік майының жұқа қабатымен жауып, жалын бетінде қақтаймыз. Шағын бұйымдарды майшамға, үлкендерін керосинмен шыланған шырақ отына не қайың қабығын темір банкада жағып, соның отына ұстау керек. Кез келген металды сәндеуде құрамды өте қалың жақпаған дұрыс. Ашық, өткір түстерді байқап қолданған жөн, ол шұбарланып көрініп, бұйымның көзге тұтас қабылдануын бұзуы мүмкін. Осы ерекшеліктерді металл өңдеуде есте сақтаған абзал.

1 *Федотов Г. Дарите людям красоту. - М.: Просвещение, 1985. – 2 5 б.*
2 *Флеров А.В. Художественная обработка металлов. - М.: Высшая школа, 1976. – 36 б.*
3 *Новиков В.П. Современные художественные изделия из металла. - Л.: 1990. – 47 б.*
4 *Соколов М.В. Художественная обработка металла. - М., 2003. – 23 б.*

**Аннотация**

**Некоторые особенности художественной обработки металла**

В этой статье рассмотрен применение приёмов художественной обработки металла в условиях мастерских, характеризуется полезные возможности металлообработки. Приведены истоки древних способов металлообработки, рассказывается техники филиграни, скани, чеканки, серебрение металла способом ковки, чернение и соединение других металлов на поверхности одного металла. Также особенности обработки серебра, характеристика серебра, вместе с ними физические свойства латуни, меди, алюминийя и характеристика обработки этих металлов. Рассказывается способы паяния вышеназванных изделий из металла, очистка и отбеливания, обработка напильниками, химические и термические способы применяемые в условиях мастерских, техника

безопасности при обработке металла химическим способом, патинирование поверхности металла, условия их применения, о том как можно получить нужный цвет на поверхности металла и особенности обработки алюминия свойственной к данному металлу.

**Ключевые слова:** современные металлические обработки семинара, использование химических веществ, методы обработки металла искусства.

**Abstract**

**Some features of artistic metal processing**

This article discusses the of artistic treatment of metal in a workshop, it is characterized by useful features metalworking. Given the origins of filigree, chasing, silvered metal forging method, blackening and other metallic compounds on the surface of the metal. Also features the processing afro silver, characteristic of silver with them physical vista brass, copper, and processing characteristics of these metals. Covers methods soldering aforementioned metal products, cleaning and bleaching, processing of files, hipmicheske, and thermal, methods used in the workshop, safety in metal processing clerical process, paginating metal surface. The conditions of their use, about, how you can debt the desires color on the metal, surtake prokessing of aluminum and features peculiar to this metal.

**Key words:** modern merall-processing features of the workshop, the use of chemicals, metal art processing methods.

**ӘОЖ: 37.016.76(574)**

## Ш.УӘЛИХАНОВТЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ СУРЕТТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Габдуллина Ляззат Нуркатовна** – *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институты, «Бейнелеу өнері және сәндік қолөнер әдістемесі мен теориясы» кафедрасының 6М010700 «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 2 курс магистранты*
*Ғылыми жетекшісі:* ***Ақбаева Ш.Ә.***

Бұл мақалада Шоқан Уәлихановтың графикалық образдық жұмыстарын арнайы көркем орта білім беру орындарында оқытудың маңыздылығы туралы айтылғанымен оны білім беру жүйесінде «Шоқан тану» атты курсында немесе Қазақ өнер тарихы пәндерінде оқыту мүмкіндіктері туралы айтылған. Сонымен қатар Қазақстанның тарих, мәдениеттену, өнертану ғалымдарының еңбектері жазылып деректермен дәлелденген. Ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың суреттерін қазақтың өнертанушысы Әлкей Хақанұлы Марғұланның сегіз кезеңдік тақырыпқа бөліп қарастыруы негізінде жасалған, Шоқан суреттерін оқыту кезеңдерінің жіктемесі менШоқан графикасын оқытудың мүмкіндіктерінің жіктемесіне талдау жасалынып,оныарнайы көркем орта білім беру орындары қабырғаларында, білім алатын білім алушыларға, қазақ халқының рухани құндылықтарын әлемге танытқан Шоқан Уәлихановтың мұралары мен оның бейнелеу өнеріндегі графикалық көркем бейнелері арқылы жас ұрпақтың ұлтжандық қасиетін қалыптастырып, ұлттық мәдени мол қазынаны, рухани тәжірибені тануға үйрету,оның бейнелеу өнерінде алатын орны туралы ұсыныстар беріліп талдау жасалған.

**Кілтті сөздер:** өнер, бейнелеу өнері, көркемөнер, графика, ұлттық мәдениет, рухани тәжірибе, ұлтжандық қасиет.

Мемлекет бәсекеге қабілетті дамыған, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз үшін, біз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге әрдайым дайын болуға тиіспіз. Демек, білім алып жатқан қоғамның рухани-мәдени, адамгершілік-имандылық тұрғыдан жандануы, ұлтымыздың ішкі әлеуметтік мүмкіндігі мен ұлттық мәдени дәстүрлерді, ұлттық өнерімізді, мәдени, өнер құндылықтарымызды зерделеп, зерттеп заман талабына қарай пайдалануға, болашақ ұрпақ үшін әлемдік деңгейде білім беруді нәтижелі ұштастырып, жүзеге асыруға байланысты болып тұр.[1]

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білімге басты міндет ретінде ғылым мен тәжірибе жетістіктерімен еліміздің ұлттық рух, азаматтық құндылықтар негізін ала отырып жеке адамды қалыптастырып дамытуға жағдай жасау қажеттілігі, мәдени инфрақұрлым кеңейтіліп, тарихи құндылықтарды насихаттау мен оларды жас ұрпаққа таныстыру, бағдарламаның жұмыс нәтижесі ретінде айқындалған. [2]

Елімізде Ұлттық сананың қайта түлеп, жанданып-жаңаруы бірте-бірте ғылым үшін де үлкен ыждағаттылықпен аса байқампаздық арқылы зерттеп зерделеуді талап етер жаңа өмір шындығы екені анық аңғарылады. Осыдан Қазақ бейнелеу өнері тарихында ерекше орны бар Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың графикалық өнері феномендерін ғылыми негіздерін зерттеудің арнайы көркем орта

білім беретін оқу орындарында дайындаудағы өзектілігі шығады. Қазақ бейнелеу өнерінің тарихында сонау кеңес дәуірінен бастап сурет саласына үлестерін қосқан суретшілер көп дерлік. Бірақ дүниетанымдылық, эстетикалық, рухани құндылықтарын, мәдениеттін зерттеп, насихаттаған Шоқан Уәлихановты айтуға болады. [3,14б.]

Ғалым Шоқан Уәлиханов терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманындағы бірқатар мәселелерді жаңаша көтере білген кемел ғалым тарихшы, этнолог, ағартушы, шығыстанушы, географ, фальклортанушы, суретші.

Осы халқымыздың дарынды перезентінің бізге жеткен мұраларын насихаттап жас ұрпаққа оқыту бүгінгі күн талабы. Білім беретін орындарда Шоқан мұраларын оқытудың жолдарын қарастыру қажеттілік бүгінгі таңда туғандай. Шоқан мұраларының ішінде оны графикалық суреттері ерекше орын алады. Бізге жеткен Шоқан мұралары қазақ халқының тарихымен мәдениетінен сусындататын қайнар, ол халқымыздың рухани мұрасы.

Этнограф, өнертанушы А.Сейдімбеков өзінің «Күңгір-күңгір күмбездер» атты еңбегінде «Кез келген халықтың алыс замандардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс бітімі, салт, дәстүрі, материалдық және рухани мұралары – сол халықтың ғұмыр жолының айнасы» деген екен.

Еліміздің білім беру жүйесінде оқу орындарында «Абай тану», «Шәкәрім тану» сияқты курстар оқу бағдарламаларына міндетті немесе таңдау пәндері ретінде енгізіліп оқытылып жатыр. Осыған қарағанда білім беру жүйесінде «Шоқан тану» курсын оқыту мүмкіндіктері бар.

Ұлы ғалым Шоқанның гарфикалық мұраларын оқытуда, оның ұлттық бейнелеу өнерінің кескіндеме мен графика жанрларына әкелген айтулы жаңалығы. 1972 жылы Қазақ КСР-дің «Ғылым» баспасынан Әлкей Хақанұлы жарыққа шығарған Ш.Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағына «Графикалық мұралар» деген атпен енді. Шоқанның графикалық мұраларының жинақталып, әрі жекелеген әрбір туындысының салынған мерзіміне қарай кезеңдік тақырыптарға топтастырылып, суреттің көбіне дерлік ғылыми тұрғыдан жүйелі талдау жасалынып, арнайы жеке альбом ретінде баспа бетін көру қазақ халқының бейнелеу өнері тарихындағы айтулы кезең десе де болады.

Осы еңбегінде ұсынған Әлкей Марғұланның сегіз кезеңдік тақырыпқа бөліп, қалдырып кеткен иллюстрациялық материалдарын негізге ала отырып білім алушыларды оқытуды ұсындық. Осы сегіз кезеңдік тақырыпқа арқылы 1-суретте көрсетілгендей Шоқанның графикалық суреттерінің, тарихи, мәдени, көркемдік құндылықтарын және білім алушыларды тәрбилеу мүмкіндіктерін қарастыра аламыз. «Сурет 1»

Шоқан графикалық суреттерін бейнелеу өнері мамандығы бойынша білім алушыларға оқыту өте маңызды. Шоқан қазақтан шыққан әуесқой суретші оның графикалық суреттері кәсіби сауатты және тарихи, мәдени тұрғыда құндылығы тарихшы, өнертанушы, мәдениеттанушы, суретші педагог ғалымдар еңбектерінде жазылып деректермен дәлелденген.

Шоқан Уәлиханов шығармалары қазақстан гарфика өнерінің бастауы екендігі өнертанушы ғалым Г.Сарыкулованың *«Графика Казахстан*а», мәдениеттанушы ғалым Өтеген Мәрзиянің *«Экслибрис в культуре Казахстана»*, Мұхтарұлы С. *«Шоқан және өнер»*, тарихшы ғалым *В.З. Ғалиев «Қазақстан XIX ғасыр суретшілерінің шығармаларында» атты еңбектерінде айтылады.*

Қазақтың өнертанушысы Ә.Марғұлан: «Шоқанның көркемдікке деген әуелгі ынта – ықыласы жеті жасын-да,1842 жылы өз әкесі ұйымдастырған Құсмұрын қазақ мектебінен оянуы мүмкін [4].

Құсмұрын мектебі оқу бағдарламасы жағынан алғанда XVIII және XIX ғасырдағы мұсылмандық діни мектептерден гөрі зиялылық бағыты басымырақ болды. Оның оқу бағдараламасына тарих, география, математика, шығыс тілдері (оның ішінде шағатай, парсы және араб), орта ғасырлық шағатай әдебиеті мен қазақ халық эпосы енген[4, 8б].




*«Сурет 1». Ә.Марғұланның сегіз кезеңдік тақырыпқа бөліп қарастыруы негізінде жасалға Шоқан суреттерін оқыту кезеңдерінің жіктемесі*

Пікірдің орынды айтылғандығын Шоқанның кадет кезінде жазған «Профессор И.Н. Березинге хатынан» толық көз жеткізе аламыз. Хат мазмұнына қарағанда, Шоқанның суретшілік өнерге Құсмұрын кезеңінде жасалған алғашқы талаптарынан Ежелгі Мысыр және Византия өнері ықпалымен қалыптасқан Орта Азия және Азербайжан миниатюралық кескіндемесінің әдіс – тәсілдері байқалуға тиісті. Себебі, Шоқанның «Профессор И.Н. Березинге хатындағы» аталған қолжазбаларға («Тоқтамыс жарлығы», «Шайбани – нама», «Бабурнама») және кісі есімдеріне (Бабур, Шайбани, және тағы басқалар) қарап, оның Ғират (Герат), Исфахан, Моғол, Тебриз миниатюралық мектептері дәстүрінде көркемделген қолжазбалардың бірі болмаса, бірімен тікелей таныс болуы мүмкін деген ойға келеміз.

Ақын,жазушы Сейсен Мұқтарұлының 1985 жылы жарық көрген «Шоқан және өнер» атты еңбегінде Шоқанның сурет өнеріне ынта-ықыласының алуына және әуесқой суретші ретінде қалыпта-

суына ықпал етуін дәлелдейтін деректерді Ә.Марғұланның, ШУәлиханов, Г.Потониның еңбектеріне сүйене отырып дәлелді деректер көрсеткен [5].

Ақиқаты қалай десек те, суретші Шоқан 1850-1860 жылдардағы орыстың прогресшіл гарфикасы жетістіктерінің ең бір биік шоқтығынан көрінген [6].

Шоқанның графикалық суреттерін оқыту мен білім алушыларға 2-ші суретте көрсетілген салалар бойынша білімдерін қалыптастырып дамытуға ерекше мүмкіндік береді.

Шоқан қарандашты күйші көңіл, ақындық шабытпен өз қалауынша еркін сөйлетеді. Бірде ол қарындаштың қағазға түскен ізінің жосыған табиғат сұлулығымен біте қайнасып жатқан лирикалық ән әуезіне айналдырып жіберсе, енді бірде халықтың, ұлттың қадір тұтқан ғұрпы мен салтын іс әрекетін, тыныс тіршілігін толғайтын жыр шумағындай төгілдіреді.




*«Сурет 2». Шоқан графикасы оқытудың мүмкіндіктерінің жіктемесі*

Суретші Шоқан – барынша ақын жанды. Онда төңірегінде өтіп жатқан өмір қозғалысина салқынды бейтараптық жоқ. Айтарын іңкәр көңілмен әрлі де әсерлі баяндап береді. Қарындаштың бейнелегіштік қасиетін үлкен суреткерлікпен өз кәдесіне жарата алатындығы соншалық, нобай-лық нұсқаның өзін классикалық денгейге көтере алады.

Суретші Шоқан – барынша терең. Елеусіз дүниенің өзінен ұлттық сипат туындатып, оған кесек бітімді халықтық мінездеме береді.



Сурет 3«Жатақ» қағаз,акв.1847ж [7, 148.б].

Шоқан суреттерінде образдардың жүйесі мен пластикалық тілі өте орнықты. Мұны Шоқанның өнердің көркемдік өзекті талап – тілегінің бірі екендігін дұрыс түсініп, үнемі сол биік талаптың деңгейінен табылып отырғандығын көріп білеміз.

Суретші Шоқан сәулет өнері үлгілеріне де, таңбалы тастар мен тас мүсіндерге де аса ден қояды. Солар арқылы халықтың өткенінен бүгініне дейінгі мәдени өмірін тарқатқысы келеді. Бұл ретте Шоқан ғалым суретші екендігін хабардар етеді. Суретші Шоқан, осылайша, халықтың мәдениеттің еңтұңғыш, бірден - бір жоқшысына, өнер зерттеушісіне, өнер тарихшысына айналады [7, 148-179б.б].

Қорытындылай келгенде өткенге графика өнері туындылары арқылы еліміздің ғұмыр жолына көз жүгіртсек қазақ графика өнерінің бастауы болған Шоқан Уәлихановтың графикалық туындыларын көз алдымызға келеді. Шоқан Уәлихановтың графикалық туындылары халқымыздың ғұмыр жолының айнасы бола тұра жас ұрпаққа ұлт тарихынан мәдениетінен білім берудің құралы ретінде маңызды. Шоқанның графикалық мұралары – бүгінгі таңда жас ұрпаққа тағлым, тәрбие берудің құралы болуымен құндылығын көреміз. Ал өткеннен сабақ алып, таразалай білмеген ұрпақ өнегелі істі өрістете қоймайтыны белгілі. Демократиялық және реалистік өнердің айқын үлгісі болып табылатын Ш.Ш. Уәлихановтан қалған графикалық бай мұра әлі де толық жинақталып, түбегейлі зерттелмеген. Алайда, оның өз заманы ның озық идеяларымен тығыз байланысты әрі терең халықтық мазмұнға толышығармалары қазақ халқы бейнелеу өнерінің алтын қазынасы ретінде ғасырлар бойы, осылайша өмір сүріп ұлы дала ұрпақтарын білім мен тәрбие нәрімен сусындата бермек.



Сурет 3
«Жатақ» қағаз, акв.1847 ж.
[7, 148.б].

*1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты /Қазақстан халқына Жолдауы, Ақиқат. - Алматы: «Қазақ газеттері», №1,2013. –18.б*

*2 Білім беру туралы Қазақстан Республикасының заңы. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 52 б.*

*3 Бейсенбайұлы Ж. Шоқан Уәлиханов – әдеби мұра зерттеушісі. Фил.ғыл.канд....дисс//Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ, Астана 2010,127б.*

*4 Маргулан А.Х. О художественном наследие Чокана Валиханова.- В кн.: Собр. Соч. Ч.Ч. Валиханова, т. 1, А.-А., 1972г.*

*5 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985– 295б.*

*6 Валиханов Ч.Ч. Писмо профессору И.Н. Березину. Собр. Соч., т. 1, А.-А., 1961г.*

*7 Мұхтарұлы С. Шоқан және өнер. –Алматы: Өнер, 1985. 310б.*

**Аннотация**

**Значимости изучения графических рисунков Ч.Валиханова**

В данной статье рассматриваются значимости изучения графических трудов Чокана Валиханова в специализированных художественных учреждениях по курсу «Чокана познание» и в предметах Историй искусств Казахстана. Так же проанализированы труды ученых историков, культурологов, искусствоведов Казахстана и описаны классификация искусствоведа Алкея Хаканулы Маргулана периодов обучения рисунку и возможности обучения с помощью графических рисунков великого учёного Чокана Валиханова и его предназначения для изучения в специальных художественных заведениях, получивший мировую известность и духовную ценность казахского народа в изобразительном искусстве через наследие Чокана Валиханова и его художественные графические образы формируют у молодежи патриотизм, обогощая сокровищем национальной культуры, учит познавать, анализировать на практике его место в изобразительном искусстве.

**Ключевые слова:** искусство, изобразительное искусство, художественное искусство, графика, национальная культура, духовные ценности ,патриотические чувства.

**Annotation**

**importace of stadying Ch.Valikhanov's graphic drawings**

This article discusses the importance of studying Chokan Valikhanov ‘s graphic works in specialized arts institutions in the course "Chokan's knowledge" and in the subject of history of arts of Kazakhstan. Also analyzed the works of scientific historians, culture specialists, art historians of Kazakhstan and described the classification of art specialist Alkei Khakanuly Margulan periods of study drawing and learning opportunities with the help of graphic drawings of the great scientist Chokhan Valikhanov and his mission to study in special art institutions, has received global fame and cultural wealth of the Kazakh nation in the visual arts through heritage of Chokan Valikhanov and his graphical imagery symbols form the youth patriotism, enriching the treasure of national culture, teach to learn, analyzing in practice his place in the visual arts.

**Keywords:** art, fine arts, visual arts, graphic, national culture, cultural wealth, patriotic feelings.

УДК 378.016(045)

# МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Жармағанбетова Ж.Р. –**
*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы*

Мақалада музыка пәнін оқытудың сапасын арттыратын, оқыту үрдісін оңтайландыруды қамтамасыз ететін оқытудың инновациялық әдістерінің мүмкіндіктері қарастырылған.

Инновациялық жаңа әдіс тәсілдердің оқу үрдісінде жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызы мақалада жан-жақты қарастырылған. Оқытудың компьютерлік технологиясы педагогикалық оқыту технологиясының құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үрдісін тиімді басқаруға мүмкіндік беретіні айтылған. Мультимедианы, электронды кітапханаларды мәтіндік, графикалық, дыбыстық және бейне ақпараттар, интернет, т.б. көрнекі материалдарды музыка сабағында пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауына және алған мәліметтерін нақтылауға мүмкіндік беретіні жан-жақты талданған. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақ нәтижелі бола түседі.

Музыка сабағында оқушылардың пәнге қызығушылығын оятып, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін инновациялық әдіс-тәсілдердің мүмкіндіктеріне сипаттама жасалған.

**Кілттік сөздер**: сабақ берудің инновациялық әдістері, оқыту үдерісі, технология, білімді меңгеру нәтижесі, дамыта оқыту, кәсіби мамандық

Қазіргі ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мектептің басты міндеті болып саналады. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық инновациялық әдістерді меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалык технологияны ендіруді міндеттейді. Соған сәйкес оқушыларға қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Бүгінгі педагог ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық, ұстанымдарды жүзеге асырады. Оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологияларын пайдалана алу әрбір мұғалімнің біліктілігін анықтайды.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» – дейді.[1, 20 б.]

Ендеше «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

«Инновация» деген сөз - латынның *«novis»* жаңалық және *«in»* енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.[2, 32б.]

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым – Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. [3, 42 б.] Қазақ педагогика және психология ғылымдарының негізін қалаушылардың бірі Ж.Аймауытов «...Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп оқыту үнемі ізденіспен, «жаңадан жаңаны» жасайтын іс-әрекет екенін айтқан еді. Сондықтан қай пән барысында да тек оқулықпен шектелмей, оқушының да шығармашылықпен жұмыс жасауына көңіл бөлу қажеттігі туындайды. Мұғалім үшін ең бастысы – сабаққа лайықты әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті мен бейімділігі басты назарда ұсталады. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу,

қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру мұғалімнің жаңашылдықпен ұйымдастырылған сабағына байланысты.

Музыка сабағында оқушылардың пәнге қызығушылығын оятып, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін инновациялық әдіс-тәсілдердің бірі – «Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы.

Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпартатты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін.[4, 14 б.]

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» кез-келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді. Атақты қытай ойшылы Конфуций «танымның үш жолы бар: ең оңайы – еліктеу, ең ащысы – тәжірибе, ең мәртебелісі – ойлау» деген екен. Демек, сол әдіс-тәсілдерді меңгертіп, ішінен қажеттісін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Музыка сабағында«Оқу мен жазуарқылы сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
- Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
- Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Бұл жүйенің бір ерекшелігі – кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы. Екінші бір ерекшелігі – білім көбіне жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілетіні. Дамыта оқыту жүйесі сияқты «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының да негізгі қағидалары мен мақсат-міндеттері дамытып-тәрбиелей отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы оқушыларға мынандай мүмкіндіктер береді:

- Мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім игеру қызметін өздері басқаруға;
- Білім қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- Жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;
- Білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз, дербес атқаруға;
- Құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып өзара сұхбат жүргізуге;
- Ой өрісі ғана емес және әлеуметтік жағынан өздерін-өздері дамытып тәрбиелеуге жетелейді.

Музыка сабағында деңгейлеп саралап оқытуға негізделген технология дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені ол оқушының ойлауын, елестету мен музыкалық есте сақтауын, ынтасын белсенділігін дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Музыкалық шығарманы әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту. Оқытуды оқушының әр түрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау мақсаты жүзеге асырылады.

Деңгейлеп саралап оқытуға негізделген технология мүмкіншіліктері:

- Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
- Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
- Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы мынадай ерекшеліктерімен – білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі, оқушыларға берілген тапсырманың саралануы, тапсырма оқушының күші жететіндей және қолайлы болуы шарт, білімнің базалық деңгейі оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиясының механизмі ретінде оқушының бірте-бірте өрістей дамуына мүмкіншілік жасау тиіс, оқушыға оқу деңгейін таңдауға ерік беру, оқушы өз мүмкіндігіне орай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға еріктілігімен сипатталады.

Оқушының жеке интеллектуалдық және психикалық дамытуға негізделген Занковтың, Давыдов пен Эльконининнің «Дамыта оқыту» идеясы.

«Дамыта оқыту» идеясы көрнекті ұлы педагогтар Песталоццидың, Ушинскийдің еңбектерінен бастау алады. Дамыта оқыту деп оқытудың дәстүрлі иллюстративті-түсіндірмелі түрін ауыстыратын,

белсенді іс-әрекетке негізделген оқыту түрін айтамыз. Дамыта оқыту жеке тұлғаны деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімделе отырып, дамудың заңдылықтарын ескереді және қолданады. Дамыта оқыту жүйесі тұлғаны барлық қасиеттерін тұтас дамытуға негізделген.

Дамыта оқыту – күрделі, құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы – көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрін де, оқу үдерісінің сипатында танып білу үдерісін ұйымдастыру және ондағы коммуникациялар түрлерінде. т.б.

Дамыта оқытудың мазмұны теориялық ойлаудың дидактикалық тұрғыдан түзілген. Музыка сабағында дамыта оқыту оқушының алдына саналы түрде белгілі бір мақсат қойып, оған жетуін ұйымдастыратын, мақсатты түрде бағытталған оқу іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Дамыта оқудағы негізгі нәрсе – берілетін білімнің өзектілігі. Дамыта оқытуда оқушы іс-әрекетінің толыққанды субъектісіне айналады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы педагогикалық оқыту технологиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Компьютерлік технология белгілі бір педагогикалық технологияның оқу үрдісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасайды, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үрдісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Әлемдік ең озық білім кеңістігінің деңгейіне көтерілудің тиімді жолы білім беру саласын толықтай ақпараттандыру болып отыр. Мультимедианы (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды), компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта), анықтамалық мәліметтерді (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры), электронды кітапханаларды (мәтіндік, графикалық, дыбыстық және бейне ақпараттар), интернет, т.б. көрнекі материалдарды музыка сабағында және әрбір сыныптан тыс іс-шараларға пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауына және алған мәліметтерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Бұл орайда, мысалы, 4-сыныптың «Әлем халықтарының музыкасы» – тақырыбындағы сабақта компьютерлік технологияның негізінде PowerPoint бағдарламасында жасалынған слайдтар арқылы түрлі халықтардың аспаптарын, композиторларын көріп, компьютерден түрлі халықтардың (өзбек, татар, әзірбайжан, орыс, қазақ т.б.) музыкасын тыңдап, әуендеріне би қимылдарын жасай алады. Мұғалім оқушыларға алдын ала немесе үй тапсырмасы ретінде оқушылардың шығармашылығын дамытуда презентация жасауға, сабақтың мазмұнын ашуда түрлі суреттер салдырады.

Оқушылардың музыка өнерінің кез-келген жанрларымен өзбеттерінше танысып, жұмыстар жасауына болатын ноталық редакторлар бар (бағдарламалардың) көбі ағылшын тілінде. Мысалы: Geniesoft. Overtune 4.1.0.19, Finale 2008, ABC Music Notation, Audimus, Canorus, MusicTex, Philip's Music Writer (PMW), Rosegarden, MIDI, Midisoft Recording Session және Midisoft, Graphire Music Prees, Power Tab, Nted7 [5,16 бет.].

Музыка пәнінің ұстаздарына «Finale 2000-2011»ноталық редакторын музыканы оқыту пәндерінде қолдануы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Себебі, бұл бағдарламаның мүмкіндіктері өте көп. Мысалы: оқушылар осы бағдарламалар арқылы компьютерде нотаны (шығарманы) теріп үйренеді және қалауы бойынша өзгерте алады. Терілген нотаны (шығарманы) қалауы бойынша қай аспаптың үніне қойып ойнатса, компьютер шебер орындаушының мүмкіндігі келмейтін музыкалық шығармаларды айна-қатесіз толықтай немесе әр бөлшектерін дыбыстайды. Бұдан оқушылардың музыкаға деген қызығушылығымен қатар шығармашылық қабілеттері де артады.

Ал енді одан басқа «Музыкалық қобдиша», «Музыка ғажайыптары», «Рок, Джаз және Поп музыкаларының энциклопедиясы», «Композиторлардың өмірі мен шығармашылығы» атты электронды оқулықтары балалардың ойлау және интеллектуалдық қабілеттерін шыңдай түседі. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақ нәтижелі бола түседі. Қосымша ақпараттарды балалар фонохрестоматиядан ала алады.

Заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қазақ халқының белгілі ағартушы-педагогі, қазақ топырағында тұңғыш «Педагогика» оқулығын жазған Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі» деп, қазақ мұғалімдерінің рөлін ерекше бағалады. Осы мәртебелі мамандық иесі мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі, педагогикалық қызметінің барлық жақтарын зерттеп меңгеруге ынталы болуы, инно-

вациялық жаңа технологияларды меңгеруі, кез-келген педагогикалық жағдайды өзінің білімділігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылуы білім сапасын көтеруге жол ашады.

1. *Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар Алматы,2014. -20 б.*
2. *Өстеміров К, Айтбаева А Қазіргі білім беру технологиялары. Алматы 2006.-32 б.*
3. *Мұхамбетжанова С.Т, Жартынова Ж.Ә Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы 2010.* - 42 б.
4. *Темпл Ч., Стилл., Мередит К. Бірлескен оқу. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірлеген V құрал. – Алматы, 1998, – 14 б.*
5. *Үйсимбаев С. Компьютерлік ноталық редакторларды музыка сабақтарында қолданудың тиімділігі. //Музыка әлемінде. – 2013.- №1. – 16 б.*

**Аннотация**

**Возможности инновационных методов обученияпредмету музыка**

В данной статье рассматриваются инновационные методы обучения, которые обеспечивают оптимизацию процесса, повышают качество преподавания музыки в школе.

В зависимости от целеполагания и постановки задач в учебном процессе подбирается методы, которая будет влиять на качество усвоения материала и результативность конечного резултата.

Инновации в образовании, понимаемые в широком смысле как внесение нового, как изменение, совершенствование и улучшение существующего, можно охарактеризовать как имманентную характеристику образования, вытекающую из его основного смысла, сущности и значения.

Использование компьютерных технологий в уроке музыки Интернет-технологий, значительно повышает мотивацию обучения уучащиеся, действительно помогает более продуктивно внедрять современные педагогические технологии, такие как: личностно-ориентированное обучение, метод проектов, развитие интегративного подхода, обучения в деятельности.При применении компьютерной технологии учащихсяовладевают программными средствами ПК, позволяющими работать с мультимедийными и телекоммуникационными технологиями, анализируют мультимедийные учебники, выявляют их достоинства и недостатки, определяют возможности для использования на уроках музыки.

**Ключевые слова:**уроки музыки использование инновационных методов, адаптация в результате приобретения знаний, технологий и профессионализма.

**Abstract**

**Innovative methods of teaching of music**

This article studies the innovative forms of education that optimize the educational process. Music education on the way of complex characteristics of theelectronictextbook effective functions is considered.To improve knowledge of students of musical classes in various subjects connected with types of musical genres and foreign music of famous composers in the history of life stages of development of musical art, cultural workers and other main data on musical compositions it is very important. This task is ideally suited for a wide range of materials, e-book readers through fund.

The use of computer technologies is in the lesson of music of Internet-technologies, considerably promotes motivation of educating at students, really helps more productively to inculcate modern pedagogical technologies, such as: the personality-oriented educating, method of projects, development of integrative approach, educating in activity.

At application of computer technology of students seize programmatic facilities of PC, allowing to work with multimedia and telecommunication technologies, analyze multimedia textbooks, expose their dignities and defects, possibilities determine for the use on the lessons of music.

**Keywords:** Music lessons use of electronic textbooks, the adaptation of the result of the acquisition of knowledge, technology and professionalism.

**УДК 78 (075.8)**

# МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ АРНАЙЫ ӘДІСТЕРІ

**А.Қ. Ахметова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті, п.ғ.к.*

Бұл мақалада жалпы педагогикадағы әдістердің музыкалық білім беру саласындағы педагогикада да қолданылатыны қарастырылды. Олар: сөздік, көрнекілік, салыстыру және т.б. Жалпыпедагогикалық әдістермен қатар өзіндік «музыкалық» әдістер де қалыптасты. Бұл ең алдымен, оқушылардың музыкалық іс-әрекеттерінің әр алуан түрлерін қамтитын әдістер. Оларға жататындар: эмоциялық драматургия әдісі, музыкалық қорытындылау әдісі, алды шолу, өткенге оралу, музыка туралытолғаныстар әдісі, композициялық құру әдісі, көркемдік мәнмәтінді құру әдісі, интонациялық негіздегі көркемдік пен техникалықтың өзара байланысы әдісі.

Бұл әдістер оқушылардың музыкалық ойлауын, музыкалық қабылдауын дамытуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер**: композиция, рефлексия, интонация, идентификация, эмоциялық драматургия, арттерапия.

Жалпы білім беретін мектепте оқушыларға музыкалық білім берудің теориясы мен практикасы саласында едәуір тәжірибе жинақталған. Алайда, қол жеткен жетістіктерге қарамастан, бұл саладағы жағдай бүгінгі күні мұғалімдердің басым көпшілігін, оқушыларды да, мектепке жетекшілік жасап отырған басшы тұлғалар мен ата-аналарды да қанағаттандырмай отыр деуге болады. Себебі бұл қанағаттанбаушылық сан алуан түрде болып келеді, мысалы, мерзімді басылымдарда, неше түрлі жиналыстар мен конференцияларда, ресми құжаттарда сөз болады. Осы бір көңіл толмаушылықтың ықпалымен көптеген педагогтар – міндетті және қосымша жаңа бағдарламалар, жаңа оқулықтар мен әдістемелік оқу-құралдар шығарып көп еңбек етуде. Сондай-ақ осы себептерге байланысты неғұрлым дарынды, шығармашыл, тәжірибелі мұғалімдер өз сабақтарында қолданып жүрген бағдарламалар мен оқулықтардың шегінен шығып, өз амал-жолдарын қарастырып, өз әдістемелері бойынша сабақ беруде. Осыған орай, мектептегі музыка сабағының өзекті мәселесін шешуге көмектесетін әдістеме қажет және ол *мектеп оқушыларын музыкаға қалай, қайтіп ягни қандай жолмен қызықтырамыз* деген сұраққа жауап беруі тиіс.

Музыкалық білім беру саласына қатысты педагогикада ***әдіс*** деген ұғым кеңінен алғанда музыкалық білім берудің мазмұнын игеруге және оның міндеттерін шешуге бағытталған педагогикалық тәсілдердің жиынтығын білдіреді. Бәрімізге белгілі, жалпы педагогикада ортақ ұстанымдар қалыптасып, оған сәйкес әдістер *оқыту әдістері және тәрбиелеу әдістері* деп бөлініп қолданылады.

Жалпы білім беретін мектептегі музыкалық педагогика мұғалім мен оқу-шының біріккен іс-әрекетіне сүйене отырып, олардың үйлесімді байланысқан бірлігіне ұмтылады.

Жоғарыда айтылғандай жалпы педагогикада әдістердің сан алуан түрдегі жіктеуі қабылданған: білім көзі бойынша (сөздік, көрнекілік), мақсаты бойынша (білімді үйрену, іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыру және т.б.), танымдық іс-әрекет сипаты бойынша (түсіндірмелік-иллюстрациялық, репродукциялық, эвристикалық), дидактикалық мақсаттар бойынша (материалдарды бастапқы меңгеруге, оны бекітуге көмектесетін әдістер). Осылардың барлығы музыкалық білім беру саласына қатысты педагогикада да қолданылады.

Ең маңызды да іскерлік әдіске **салыстыру әдісі** жатады, оның бірнеше түрі бар. «Салыстыру әдісі, - дейді Н.Л.Гродзенская, – оқытудың кез-келген үрдісінде қолданылады. Алайда, музыкалық білім беру үрдісінде бұл әдісті өте кеңінен қолдануға болады және қолдану қажет те. Өйткені, мұндағы талдау мүмкіндіктері балалардың тәжірибесінің аздығына, теориялық дайындығының әлі де кемшілігіне байланысты едәуір шектелген. Ал салыстыру әдісі тәжірибесіз құлақ өздігінен назар аудара қоймайтын нәрсені байқауға көмектеседі» [2].

**Салыстыру әдісі** музыкалық білім беруде кеңінен қолданылады, себебі музыкалық өнердің қабілет туралы табиғатына сай келеді және де музыкалық барлық деңгейіндегі контрастылық және теңдік элементтеріне «бақылау жасауды» білдіреді. Бұл тұста осы әдісті музыкалық материалдың басты элементтеріне қатысты қолдану жөнінде сөз болып отыр.

Басты элементтерге көбінесе тактының күшті және әлсіз үлесі, **forte** мен **piano**, әртүрлі ырғақтар, тембрлер және т.б. салыстыру жатады. Олар ритмикалық, динамикалық, тембрлік контрастың (қарама-қайшылық) кең де көлемді саласы ретінде қарастырылады.

Б.В. Асафьевтің пікірі бойынша «екі тақырыптың немесе екі тақырыптық бөлімнің негізгі драма-

лық қайшылығында бүкіл дамудың толық мән-мағынасы жинақталған» [1]. Осы ойды негізге ала дамыта отырып, зерттеуші музыкадағы «архитектоникалық» деп атауға болатын салыстыруларға ерекше көңіл бөліп қарастырады. Яғни бұл біз қабылдайтын психологиялық реңктегі симметриялық және асимметриялық түзілістер. Б.В.Асафьев педагогикалық тұрғыда түрлі жанрдағы пьесаларды, дыбыс жазудың түрлі тәсілдерін, проза мен поэзияны салыстыру сияқты контрастыларды маңызды деп санайды.

Музыка сабағындағы **салыстыру әдісі** көптеген модификацияда қолданылады. Ендеше бұл, ең алдымен, салыстырудың мынадай түрлерінде:

**Ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау әдісі**. Бұл әдісті Д.Б.Кабалевский музыкалық білім берудегі ең маңызды әдістердің бірі ретінде бөліп қарастырады. Оның пайымдауынша, бұл әдіс «музыканың ең кішкентай құрылыс бөлшектерін қабылдаудан және ұғынудан бастап түрлі композиторлардың шығармашылық стильдерінің жақындығын немесе керісінше, мүлдем әртүрлі екендігін ажырата білуге дейін қолданылады».

**Идентификация әдісі**. Яғни, заттарды, объектілерді, құбылыстарды, үрдістерді теңдестіру, оларды тану (мысалы, таныс шығарманы басқа шығармалар арасынан бірден ажыратып тану сияқты).

**Қайта кодтау әдісі** – мазмұнды өзге бір белгілер жүйесінде көрсету (мысалы, музыкалық бейнені музыкалық-пластикалық, интонациялау құралдарымен көрсету сияқты) және т.б.

Бұл әдістерді кез-келген музыкалық білім беру міндеттерін шешу кезінде қолдануға болады. Сонымен қатар осы әдістердің әрқайсысы музыкалық іс-әрекеттің әрбір түрінде түрліше байқалады және де солардың әрқайсында өзіндік ерекше көрініс табады.

Жалпыдидактикалық әдістерді сипаттай отырып, музыкалық шығарманы немесе қандай да бір құбылысты (композитордың өмірбаянын, музыкалық мәнерлік құралдарды және т.б.) қарастыру кезінде педагог-музыкант есту, көрнекілік әдістерден (жаңа музыкалық шығарманы тыңдау-көру, ол туралы алғашқы музыкалық қиялдарын қалыптастыру) – құбылысты вербалды түрде сипаттауды көздейтін сөздік әдістерге көшеді.

**Көрнекілік-қабілеттілік көрсетілім әдістері** тыңдаушылық іс-әрекетте оқушыларға негізінен белгілі бір музыкалық шығарманы, қандай да бір музыкалық құбылысты (мәнерлілік, орындаушылық интерпретация құралдарын және т.б.) таныстырудан байқалады.

Дәл осы әдістер орындаушылық іс-әрекеттің келесі түрлерінде қолданылады: белгілі бір музыкалық шығарманың немесе қандай да бір музыкалық құбылыстың көрсетілімі ғана емес, сонымен қатар әншілік дыбысталудың аса қажетті сапасын, жанды орындау барысында сапаға қол жеткізудің бірнеше тәсілдерін көрсету және т.б. Музыкалық білім берудегі шығармашылық іс-әрекеттер тәжірибесі жинақталған кезде көрнекілік-қабілеттілік көрсетілім әдістері мұғалімнің немесе оқушылардың шығармашылық тапсырманы орындау үлгісін, композицияға арналып ұсынылатын модельдермен жұмыс істеу тәсілдерін демонстрациялау үшін қолданылады.

**Сөздік әдістер** қандай да бір құбылысты қарастыру кезінде екіжақты мағынаға ие болады. Бір жағынан, олар оқушыларға алған музыкалық-қабілеттілік түсініктерін ұғынуға және оны өздеріне үйреншікті сөздік пішінге «көшіруге» яғни пайдалануға көмектеседі. Екінші жағынан, өздерінің ой-тұжырымдарында жалпы қабылданған музыкалық терминдерді қолдана білуде. Бұл тұста сөздік тұжырымдардың бейнелік, көркемдік жағы маңыздырақ болады.

Қандай да бір музыкалық құбылысты қарастыру кезінде ***рефлексия*лау** жүреді (саналы түрде және алдына мақсат қоя отырып ойлану, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тану). Осылайша, оқушылар өзіміз үйренуіміз керек деп ойлап түсінетін құбылыспен сұхбатқа түседі.

Педагогикадағы музыкалық білім беру саласына қатысты жалпыпедагогикалық әдістермен қатар өзіндік «музыкалық» әдістер де қалыптасты. Бұл ең алдымен, оқушылардың музыкалық іс-әрекеттерінің әр алуан түрлерін қамтитын әдістер. Оларға жататындар: эмоциялық драматургия әдісі, музыкалық қорытындылау әдісі, музыка туралытолғаныстар әдісі, композициялық құру әдісі, көркемдік контекст құру әдісі, интонациялық негіздегі көркемдік пен техникалықтың өзара байланысы әдісі.

**Музыка сабағындағы эмоциялық драматургия әдісі** (Д.Б.Кабалевский, Э.Б.Абдуллин). Сабақты біртұтастық мақсатта жүзеге асыруға бағытталған өзіндік бір шығарма түрінде құру идеясын жалпы педагогикада алғаш рет М.Н.Скаткин ұсынды. Бұл ой музыка сабағының өнер сабағы ретінде екендігінде байқалады.

Әрине, нақты практикада әрбір сабақты музыкалық-педагогикалық шығарма түрінде іске асыру қиын. Дегенмен де, музыка мұғалім бұны орындап шықса – өткізілген сабақтың тиімділігі жоғары

болатыны сөзсіз яғни оқушылардың эмоциялық-эстетикалық ықпалын күшейтеді және ерекше рухани атмосфера пайда болады.

**Эмоциялық драматургия әдісі** төмендегі келесі сабақ үлгілерін құруға бағытталған:

- бүкіл сабақтың эмоциялық бағыттылығы нақты белгіленген қандай да бір интродукция, кіріспе;
- сипаты жағынан әртүрі музыкалық шығармалардың, музыкалық іс-әрекет түрлерінің, басқа да жұмыс түрлерінің, мұғалім мен балалар орындайтын музыкалық шығармалардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын (контрастыларын) әдемі үйлестіретін композиция құру;
- оқушылар тыңдаған немесе өздері орындаған музыкалық шығармаға байланысты эмоциялық-эстетикалық кульминацияның болуы;
- сабақтың өздігінше жаңадан құрылған музыкалық композициясының логикалық тұрғыда аяқталуына жағдай жасап көмектесу яғни белгілі бір көңіл-күй мен сипаттағы шығарманың көмегімен алдын ала ойластырып аяқтау.

Эмоциялық драматургия әдісі еліктеуді ғана білдіреді деп ойлауға болмайды. Мұнда тек мұғалімнің музыкалық-педагогикалық тұрғыдағы фантазиясына, кәсіби шеберлік мүмкіндіктеріне, өздігінше сабақты жүргізуге байланысты құрылған нұсқалардың көп болатынын білдіретін қандай да бір теориялық құрылым келтірілген. Оған қоса, қандай да бір сабақты іс жүзінде өткізу алдын ала құрастырылған сабақ драматургиясына өзгерістер енгізу қажеттігін туғызуы да мүмкін. Мұндағы басты мәселе, ең алдымен, эмоциялық драматургия туралы болып отыр. Демек, ол өзгертілуге, түзету енгізуге, белгілі бір шығармашылықпен толықтыруға болады.

**«Алды шолу, өткенге оралу» әдісі** (Д.Б.Кабалевский) немесе музыка сабағы үрдісіндегі яғни музыкалық білім берудің бүкіл үрдістеріндегі перспективалық пен ретроспективалық әдісі. Сонымен қатар музыкалық білім берудің үрдісі мен оның мазмұнында кездесетін түрлі де сан алуан байланыстарды тағайындау әдісіне бағытталған.

Бұл байланыстар бағдарламалардағы тақырыптар, музыкалық іскерлік пен дағдылар, музыкалық-шығармашылық іс-әрекеттер тәжірибесінің арқасында қалыптасатын нақты музыкалық шығармалар арасында және т.б. орын алады.

Бұл әдісті қолдану оқушылар санасында музыкалық өнердің біртұтастық картинасын қалыптастыруға, тақырыпты, көрнекті бір өнер туындысын яғни шығарманы дәйектілікпен және неғұрлым терең меңгеруге, іскерлік пен дағдыларды неғұрлым тиімді игеруге ықпал етеді.

**Музыкалық қорытындылау әдісі** (Э.Б.Абдуллин) оқушылардың музыка сабағы бағдарламасындағы тақырыптар негізінде тұжырымдалған және музыкалық ой-өрісті дамытуға бағытталған ең басты білімдерді меңгертуге арналған. Сонымен қатар бұл әдіс бірқатар дәйекті іс-әрекеттерді қамтиды.

Әдістің бірінші іс-әрекеті оқушылардың музыкалық өмірлік тәжірибесін, музыка туралы білім, іскерлік пен дағдыларын жүзеге асыру мақсатында зерттелетін тақырыптың мәнін ұғыну үщін қажет.

Әдістің екінші іс-әрекетінің мақсаты – балаларды музыкалық өнердің қандай да бір заңдылықтарымен, оның басқа өнер түрлерімен, өмірмен байланысын ашатын жаңа тақырыппен таныстыру. Әсіресе, бұл тұста оқушылардың музыкалық есту тәжірибесіне сүйене отырып, балалардың ойлау жүйесін дамытатын ізденушілік іс-әрекет қарастыру өте маңызды болып табылады. Сонымен қатар балалардың жаңа білімдерге қатысты өз бетінше қорытындылап түйін жасауға ұмтылуы үлкен рөл атқарады.

Әдістің үшінші іс-әрекеті музыкалық іс-әрекеттің әр түрінде жаңа білімдер туралы түсініктерді бекітумен қатар, меңгерген білімдері мен бұрынғы алған білімдерінің байланысын ұғыну негізінде музыканы терең және неғұрлым өз бетінше жеке-дербес үйрену қабілеттерін дамытуға байланысты.

**Музыка туралы толғаныстар әдісі** (Д.Б.Кабалевский). Бұл әдістің авторы оның мәнін былайша тұжырымдайды: «Жаңа мәселелердің шешімін табу мұғалімнің оқушымен шағын әңгіме өткізу түрінде болғаны өте маңызды. Осындай әңгімеде үш түрлі өзара тығыз байланысты сәттер байқалады, олар: бірінші – мұғалім анық тұжырымдап берген міндет; екіншісі – біртіндеп, оқушылармен бірлесе араласа отырып осы міндетті шешу; үшінші – соңғы түйін, оны оқушылардың өздері айтуы тиіс (әрине, үнемі мүмкіндігінше)» [3].

Осы әдіске сипаттама бере отырып, Д.Б.Кабалевский кейбір пікірлердің келіспеушілігі яғни «шығармашылық пікірталас» туғызатынын атап көрсетеді. Бұл пікіпталастар жаңа ақиқатты ашуға, дәлірек айтқанда, практикада бұрыннан бар белгілі, бірақ бұған дейін таныс емес ақиқаттарды тануға

алып келеді.

Мысалы, бір шығармада музыканың бірнеше жанрлық негіздерінің «кездесу» мүмкіндігі, музыкадағы нақтылық пен бейнеліліктің арақатынасы, интонацияның түрлі қырлары, қандай да бір композитордың стильдік ерекшеліктері және т.б.

**Композициялық құру әдісі** (Л.В.Горюнова) бір музыкалық шығарманы орындау кезінде музыкалық іс-әрекеттің сан алуан түрлерінің үйлесуіне бағытталған (музыка тыңдау, хормен немесе жеке ән айту, қарапайым музыкалық аспаптарда ойнау, мұғаліммен бірге төрт қолмен ойнау, музыкамен қозғалу және т.б.).

Аталған әдіс сынып оқушыларының белсенді музыкалық іс-әрекеттерге араласа отырып, музыкалық шығарманы түрлі қырынан, жан-жақты зерттей алуына мүмкіндік береді.

**Көркемдік мәнмәтінді құру әдісі** (Л.В.Горюнова) оқушылардың музыкалық мәдениетін музыканың «шегінен тыс шығу» (өнердің басқа түрлеріне, тарихқа, табиғатқа көз салу, қандай да бір өмірлік уақиғалар және т.б.) арқылы дамытуға бағытталған. Бұл әдіс музыканы оның басқа да сан алуан байланыстарының түрлерімен бірге көрсетуге мүмкіндік береді, мысалы, өзге өнер түрлеріне ұқсастығы мен олардан айырмашылығын ұғыну, тарихпен байланыстылығын түсіну және т.с.с.

**Интонациялық негіздегі көркемдік пен техникалықтың өзара байланысын** тағайындау әдісі (Е.В.Николаева). Бұл әдіс шығарманы көркемдік қабылдаудың біртұтастығын, оны іске асыруда техникалық міндеттерді шешумен бірдей екендігі туралы ұйғарым жасайды.

Көбінесе Д.Л.Локшин мен О.А.Апраксина сынды ғалымдар осыған сүйене отырып сілтемелер жасаған. Сонымен қатар интонациялық негіздегі көркемдік пен техникалықтың өзара байланысын тағайындау әдісі Б.В.Асафьевтің интонациялық теориясын музыкалық білім беру мәселелеріне қатысты қолданып жүзеге асырылады.

**«Интонация»** терминінің бірнеше мағынасы бар: көркемдік категория ретінде (өйткені, интонацияда музыкалық мағына қарастырылады) және де «техникалық» категория ретінде, онда интонация тазалығының кеңінен емес күнделікті тар тұрғыдағы техникалық мағынасы, оның мәнерлік бастамасына қол жеткізудің шарты деп түсіндіріледі.

Интонациялық негіздегі көркемдік пен техникалықтың өзара байланысын тағайындау әдісінің *аясында музыкалық іс-әрекеттің түлеріне жататын әдістерді* қарастырып көрейік.

Музыканы тыңдау дағдылары мен қабілеттіліктерін дамыту әдістері ұзақ уақыт бойы Н.Л.Гродзенскаяның тәсіліне негізделіп келді. Ол өзіндік бір «сонаталық аллегро» түріндегі төрт кезеңді бөліп көрсетті:

Мұғалімнің кіріспе сөзі (кіріспе).

1. Мұғалімнің орындауында шығарманы тыңдау немесе ноталық текске қарап (экспозиция).
2. Шығарманы (таңдап алынған) талдау.
3. Қайталап шығарманы неғұрлым жоғары саналық және эмоциялық деңгейде тыңдау (реприза).
4. Қайталау, музыканы есте (жадымызда) бекіту (кодтау).

**Тыңдаушылық** іс-әрекетті ұйымдастыру көбінесе жалпыпедагогикалық сипатқа тән болып табылады. Себебі бірінші кезекте балалардың жаңа музыкалық материалды қабылдауының психологтық-педагогикалық ерекшеліктері ескеріледі, яғни оқушылардың шығармамен алғашқы таныстығы, шығарманы тыңдауға ынталылығы, оны талдауды, қайталап тыңдауды талап етуі.

Үйретілетін музыкалық материалды таңдаудың қандай да бір түріндегі аталған логика балаларға тыңдауға ұсынылатын кез-келген музыкалық үлгілерде болуы тиіс.

Сонымен қатар негізгі музыкалық-дидактикалық элемент **музыкалық шығарманы талдау** болып табылатындығын естен шығармаған жөн. Осының дәл өзінде жалпы стратегиялық тәсіл көрініс тапқан, яғни оқушылардың музыкалық материалға, немесе тіпті жалпы музыкалық өнерді тану үрдісіне үңілудің тереңдігі осыған байланысты. Олай болса, мұндай талдау түрлі деңгейде жүзеге асырылады:

- мәнерліліктің оқшауланып жекеленген құралдары мен нақты бір шығарманың көркемдік образы арасындағы өзара байланысты тағайындау әдісі деңгейінде;
- музыкалық шығармадағы қалыптастыру мен оның «интонацияланатын мағынасын» дамыту үрдісіне зер салып отыруды білдіретін интонациялық талдау әдісі деңгейінде (Б.В.Асафьев).

Соңғы ұстанымның мәнін аша отырып, мысал ретінде Д.Б.Кабалевскийдің бағдарламасына назар аударуға болады. Онда «Интонация» тақырыбын зерттеудің маңызды аспектілерінің бірі музыкалық шығармадағы интонациялық «ядроны» және оны дамытудың тәсілдерін анықтау болып табылады.

Интонациялық негіздегі көркемдік пен техникалықтың өзара байланысын тағайындау әдісін **ән айту іс-әрекетіне** қатысты жүзеге асырудың мәнісі мынада, яғни балалар музыкадағы мәнерлілікті ұғынуға үйренеді және оны тікелей музыкалық шығарманың өзін түсіну арқылы мәнерлеп интонациялауға дайындалады. Мұнда балаларға шығарманың көркемдік бейнесін ашуда және жаттығу мәнеріндегі басымдылық олар үшін әшейін сөз емес екендігін ұғындыру маңызды.

Сондықтан да осындай материалдарды үйрене отырып, олар оны саналы түрде мәнерлеп интонациялауға қол жеткізеді, ол, ең алдымен, музыкалық интонацияның мәнерлілігін біршама сөздік мәтіннің көмегімен немесе керісінше, оның көмегінсіз ұғындыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл оқушылардың алдына қойылатын міндеттерді дәйектілікпен және біртіндеп күрделендіру арқылы шешуге мүмкіндік туғызады.

Соңғы жылдары музыкалық білім беру саласына жататын педагогикада «Бұрын **шығарылғанды шығару**» деген **әдіс** ұсынылып жүр (В.О.Усачева). Бұл әдісті жүзеге асыру үшін мыналар талап етіледі:

- нақты білімдерді қажет деп танып және меңгеріп иеленудегі дербестік (олар композиторлық жолдан өткенде, шығарымпаздық «технологиясын» бастан кешу үрдісінде баладан жырақ кетпейді);
- шығармашылық қабілеттілік (оқушы музыкалық тәжірибеге және қиялға, фантазиға, интуицияға сүйеніп салыстырады, өзгертеді, құрайды және т.б.);
- қабылдау қасиетін жеке тыңдауға және ең бастысы, музыканы шығармашылықпен интерпретациялауға қабілеттілік ретінде дамыту.

Музыкалық білім беру әдістерінің қатарында ***арттерапиялық әдістер мен тәсілдер*** ерекше орын алады. Олар оқушылардың психологиялық күйін музыка құралдарымен және осылар үшін арнайы жасалған жаттығулар көмегімен реттеуге бағытталған.

Жоғарыда қарастырылған әдістерді талдау барысында байқағанымыз, олардың бәрінде нақты да айқын бағдар, көпқырлы сипат бар. Алайда, сонымен бірге қазіргі таңдағы практикада кездесетін қайшылықтарды шешу әдістерді одан әрі дамытуды талап етеді.

Қорыта келгенде, бұл әдістер оқушылардың интонациялық негізде музыкалық ойлауын, музыкалық қабылдауды қалыптастыруға бағытталған. Олар балаға музыкаға көбірек терең енуге, өздерін музыкалық іс-әрекетте белсенді көрсетуге мүмкіндік береді.

*1. Асафьев Б.В.Избранные статьи о музыкальном про-свещении и образовании. – Л., 1972. – 42 б.*
*2. Грозденская Н.Л. Школьники слушают музыку. – М., 1969.*
*3. Кабалевский Д.Б. Основные принципы и методы программы по музыке для общеобразовательной школы. – М., 1985 (I-VII). – 200 с.*

**Аннотация**
**Специальные методы обучения в музыкальном образовании**

В данной статье рассматриваются методы общепедагогики, которые также используются в педагогике музыкального образования. Например: словесные, наглядные, сравнительные и т.д. Наряду с общепедагогическими методами сформировались самостоятельные «музыкальные» методы. Это прежде всего методы, охватывающие разные виды музыкальной деятельности учащихся. К ним относятся: метод эмоциональной драматургии, метод музыкального обобщения, метод «забегания» вперед и «возвращения» к пройденному, метод размышления о музыке, метод создания композиций, метод создания художественного контекста, метод устанавления взаимосвязи художественного и технического на интонационной основе.

Эти методы способствуют развивать у учащихся музыкальное мышление, музыкальное восприятие.

**Ключевые слова**: композиция, рефлексия, интонация, идентификация, эмоциональная драматургия, арттерапия.

**Abstract**
**Special methods of teaching in music education**

This article discusses the methods of general pedagogy, which are also used in teaching of music education. For example: verbal, visual, comparative etc. Along with the general pedagogical methods were formed independent "music" techniques. Primarily these methods are crucial, because they are covering different types of musical activities of students. These include: a method of emotional drama, musical generalization method, the method of "rushing" forward and "return" to the passed method of thinking about music, a method of creating compositions, method of creating artistic context, method of establishing the relationship of artistic and technical basis on intonation.

These methodshelp todevelopstudents'musical thinking, musical perception.

**Keywords:** composition, reflection, intonation, identification, emotional drama, art therapy.

ӘӨЖ:7.03 (512.122)

# ҚАЗАҚТЫҢ ЗЕРГЕРЛІК ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДЕГІ ОРНЫ

**Г.М. Әбжан** – *Абай атындағы ҚазҰПУ «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының аға оқытушысы,*
**Г.А. Абылханова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының аға оқытушысы*

Қолөнер – ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан қастерлі өнер, атадан балаға мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі де халық шығармашылығының сарқылмас қайнар көзі. Қандай халықтың қолөнері болса да оның тарихымен, қоғамдық құрылысы, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғысы, салт-санасымен астасып қатар өркендейді. Қолөнер адам баласының көркемдікке, нәзіктікке, сұлулыққа деген ұмтылысын, сол бағытта табиғатты өзінше таңбалап бедерлеуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады. Сан қилы кезеңдерден өтсе де, көркемдік бейнелердің өзіндік ерекшеліктерін бұлжытпай сақтай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде жалғасын тауып келе жатқан қолөнеріміздің ішіндегі киелі әрі күрделілерінің бірі – зергерлік өнер.Зергер – сәндік бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шебер, ұста. Зергерлік – әшекейлі бұйым жасау өнері. Зергерлік өнерінің ұлттық мәдениетімізде тарихи орны ерекше болумен қатар, бір жағынан халқымыздың материалдық мәдениетінің дәрежесін көрсетсе, екінші жағынан – рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын білдіреді. Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде, халық өнерін, салт-дәстүрін меңгертуде зергерлік өнердің зор мәні бар. Ұлттық мәдениетіміздегі қолданбалы өнер халқымыздың тарихымен, ұлттық болмыс-бітімімен, дүниетанымымен үндесе дамығанын көрсетеді. Тамырын тереңнен алатын қолданбалы өнердің көрнекті саласы зергерлік өнер тылсым сыры бар қасиетті өнер, қастерлі кәсіп. Әсіресе, зергерлік бұйымдардың ішінде қазақтың қыз-келіншек, әйелдердің тағынатын әшекейлерінің орны ерекше. Мақалада зергерлік бұйымдарды негізгі ұғым ретінде ала отырып, оны тереңірек қарастыруға, ұлттық мәдениетіміздегі орнын тереңірек түсіндіруге тырысамыз. Зергерлік өнер туындыларының келер ұрпаққа берер тәлімі, тәрбиелеу әдістерінің пайдалы жақтары сөз етіледі.

**Кілтті сөздер:** зергерлік бұйым, сәндік бұйым, салт-сана, материалдық мәдениет.

Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен халық мәдениеті арқылы қалыптасқан. Зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігіне тән кәсіптік мінездемесі бар. Қазақ зергерлері (зер – зар парсы тілінде алтын ұғымын білдіреді) көбіне жеке – дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр – сырын ұрпақтан – ұрпаққа үйретіп отырған. «Зергер» парсы тілінен ауысқан «Зәргәр» сөзі. Парсы тілінде алтыннан, күмістен суырып, созған жіңішке сымды «зәр» дейді. Халық арасында зергерлер өте жоғары құрметке ие болып, елдің сүйікті адамына айналған. Зергерлердің басты жұмысы – қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған - әйелдердің әшекей бұйымдарын жасау. С.Қасиманов «зергер» сөзін «Қазақ халқының қолөнері» кітабында қош етер, қош етуші (жұрттың бәрін қуантатын шебер) деп де атап өткен. [1]

Енді зер сөзінің этимологиясына назар аударайық: «зер» сөзі 1. Әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын әдемі, сары түстес қымбат металл. 2. Алтын, күміс, мыс талшықтарынан тоқылған қымбат мата, кесте, оқа. 3. Зер талшықтарынан алынған жылтыр жіп. 4. Зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей. Зер белбеу, зер шашақ, зер жіп сияқты. Зергер – сәндік бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шебер, ұста. Зергерлік – әшекейлі бұйым жасау өнері. Зәр сөзі парсы тілінде алтын деген мағынаны береді. Зәргәр, зәркеш жіңішке алтын жіп жасайтын зергер. Зәргун – алтын, алтынданған, алтын сияқты; зәрнешан – алтынмен әшекейленген деген мағынаны береді. Ол тек эстетикалық сұраныстан ғана емес, сондай-ақ діни-идеологиялық, әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік қажеттіліктен де туындаған. Қазақ халқының қолөнерінде зергерлік өте ерте замандардан келе жатқан ісмерлік түрі. Қазақ даласында көркемдік тұрғыдан жетілген зергерлік өнер алғашқы темір дәуірінде пайда болған.

Қазақ халқындағы зергерлік бұйымдарының бастау кезін алғашқы тайпалық бірлестіктер дәуірлерінен іздеген жөн. Неолит немесе мыс (б.д.д 3-2 мың жылдықтар), қола ( б.з.б. 2 ші мың жылдық – VIII ғғ) замандары мен алғашқы темір кезеңіне (б.д.д. VII-IV ғғ) байланысты қазбалардан шеберлердің зергерлік өнермен айналысқанын айғақтайтын жекелеген заттар мен заттардың фрагменттері табылған.  Археологиялық зерттеулердің нәтижелері зергерлік өнердің өте ерте кезден – ақ жоғары деңгейде болғанын дәлелдеп береді. Археологтар зергерлік өнерді Қазақстан территориясында б.э.д. 2 мың жылдыққа жатқызады.

Бұл – ұлттық санадағы сұлулыққа деген іңкәрліктен пайда болған эстетикалық талғам. Зерделі зергерлер әсем бұйымдарды дүниеге әкеліп, сұлулықтың санадағы бейнесін жасаған. Сол арқылы ұрпақты тәрбиелеп, көркем дүние меңгеріп, одан әрі жетілдіре берген. Бұл бұйымдар адам қажеттіліктерін өтеп қана қоймай, олардың өнер әлемі жайындағы көзқарасынан да хабар береді. Шынайы шеберлердің туындылары ғасырлар елегінен өтіп, бізге жетті. Негізгі материал ретінде тіл-көзден, пәле-жаладан сақтайтын тылсым күші, қасиеті бар деп танылған алтын, көбінесе күміс пайдаланылды. Ал зергерлер, алтыннан, күмістен, асыл тастардан және жартылай асыл тастардан неше алуан әшекей бұйымдар жасайтын. Әшекей бұйымдар үшін інжу, лағыл, маржан, жақұт деп аталатын асыл тастарды пайдаланатын. Зергерлік бұйымдарға қондырылған асыл тастар ғажап қасиеттері үшін тағынған. Мысалы, маржан адамды азғындаудан сақтайды, інжу көзді шел басудан қорғайды, құлпырма тас көз тиюден қорғайды, ақық адам бойындағы қорқынышты қашырады, ол адамға мол бақыт әкеледі, ал янтарь зобты емдейді. Сондай-ақ тас әшекейлерді адамды түрлі қауіп қатерден, тіл көзден, ауру сырқаудан сақтайтын тұмар ретінде де таққан. Бұрынғы әр қазақтың отбасында қазан көтеріп, ас дайындаған кез-келген әйелдің қолында күміс сақинасы немесе жүзігі болмаса, оның қолынан ас ішпейтін болған. Өйткені күмістің өте күшті табиғи антисептикалық қасиетін, жұқпалы аурулардың алдын алуда пайдасы зор екендігін қазақ халқы ертеден-ақ білген. Қазіргі кезде ғалымдар күміс сумен әркеттескенде иондалып, оның құрамында ұзақ сақталатынын, күміс қосылған су ағзадағы көптеген зиянды микроағзаларды жоятынын дәлелдеп, бұрын ауруға қарсы дәрілер (антибиотиктер) өндірілгенге дейін күмісті ем ретінде жиі пайдаланып келгендігін, кейін дәрілер пайда болысымен ол ысырыла бастағанын анықтады. Күмістің адам ағзасына емдік қасиеті ерекше екені медицинада да айқындалып, күйдіруге, микробтарды өлтіруге де күміс приборлар пайдаланылады. Күмістің 500-600 түрлі бактерияны жоятын қасиеті бар. Мысалы, жаугершілік заманда соғыстағы батырлар қандай да бір суды ішуге қауіптенетін болса, қолдарындағы күміс жүзікті немесе күміс саймандарын салып, тазартып, сосын барып уланамыз деп еш күдіктенбей іше бергендігі тарихтан белгілі. Сондықтан халқымыз күміс әшекейлерді тек әдемі әшекей ретінде емес, денсаулыққа пайдалы жағында көбірек ескеріп тұтынған. Күміске байланысты сонау ерте замандарда қазақ қолы мен қалмақ қолы соғысып жатқан кезеңде, сол жерде бір жұқпалы ауру пайда болып қалмақ қолы сол кеселден баудай қырылыпты. Ал қазақ сарбаздарының еш қайсысына бұл кесел дарымаған. Кейін зерттеушілер бұның басты себебі, қазақтың қару-жарағы мен ат-әбзелдерінде күмістің мол болуынан деп тұжырым жасаған. Дана халқымыз күмістің көптеген жұқпалы кеселдерге қарсы тұратын қасиеті барын ежелден-ақ бағамдаған.

Тура осындай бір дерек араб аңыздарында да бар. Бірде араб сарбаздары астан жаппай уланып, бұл аурудан тек қана олардың басшылары аман қалыпты. Кейін зерттеу жүргізгенде әскер басшыларының асты күміс қасықпен ішетіндері анықталған. Күміс бактерицидтік және антисептикалық қасиетке ие. Әрі қабынуға да қарсы әрекет ете алады. Бір сөзбен айтсақ, табиғи бактерицидтік металл бактерияның 650 түріне қарсылық білдіре алады екен. Күмістің емдік қасиеті бүгінгі медицинада да толықтай дәлелденген. Қазақ емшілері өте ерте заманда-ақ күмістің қасиетін ерекше бағалаған. Күміс сумен әрекеттескенде иондалып, оның құрамында ұзақ сақталады. Сондықтан, күміс қосылған су ағзадағы көптеген зиянды микроағзаларды жояды. Адам ағзасының тұмау және жұқпалы ауруларға төтеп бере алмауының себебі иммундік жүйедегі күмістің азаюынан болады. Күміс тек қана ауру тудыратын элементтерді жойып қоймай, ағзадан зиянды токсиндер мен микробтарды шығарады. Тіпті, ағзада аз ғана күміс жетіспеушілігі байқалған жағдайда, адамның жұмыс істеу қабілеті төмендеп, қорғаныш қасиеті азайып, тез шаршау пайда болады. Қазақта алтын мен күміс қатар жүреді. Себебі, алтын күмістің бактерицидтік қасиетін арттырады. Ағзадағы иммунды қалыпты етеді. Көне Греция мен Римде алтынды (пластинкаларын) ауызға салып, тамақ ауруларын емдеген екен. Сондай-ақ, қазіргі медицинада да алтын қоспалары кеңінен қолданылады. Жалпы ішетін суыңа (графинге) түнге қарай күміс салып қойып, таңертең ішетін болсаң көптеген жұқпалы аурулардың алдын алуға болады. Бұл дәстүрдің жалғасуы ұрпағымыздың әр түрлі жұқпалы аурулардан аман болуының кепілі болмақ.

Ж.Манкеева зергерлік бұйымдарды саралау бағытында, әйелдерге қатысты зергерлік бұйымдарды шартты түрде:

1. Бас киімге тағылатын зергерлік әшекейлер;
2. Шашқа тағылатын зергерлік әшекейлер;
3. Сырт киімге тағылатын зергерлік әшекейлер;

4. Бойға тағылатын зергерлік әшекейлер;

5. Қолға тағылатын зергерлік әшекейлер, – деп беске бөлген. [1].

Қазақ зергерлерінің өте көп жасайтын әшекейлерінің бірі – сақина мен жүзік.

**Сақина – жүзіктер**. Сақина, жүзіктерді сиқырлы күші бар заттар деп қарастыру Шығыста кеңінен таралған түсінік. Кез-келген әйел ас тазалығы үшін күміс сақина не жүзік салып жүруге тиіс болды. Бұл ретте қазақтың: «Тамақ адал болуы үшін қолда жүзік болуы керек» - деген қағидасына негізделген. Сақина-жүзіктердің үш-төртеуі әдетте сәндік үшін киілген. Ал үлкен айтулы жүзіктерді мереке-тойларда егде әйелдер тағып шыққан. Қазақ халқы нәрестені шомылдырғанда суға күміс теңге тастап: «Баланың күні күмістей жарық болсын» деп жоралғы жасаған екен. Сақина саусаққа салынады.

Олар негізінен, әйелдер жиһазы болып саналғанымен, ерлер қолына салатын да сақиналар бар. Сақиналар әшекей мәнеріне, көздерінің бейнелеріне қарай былай деп аталады:

1. Тасты сақина.
2. Моншақты сақина.
3. Кавказ сақина.
4. Құсмұрын сақина.
5. Ырғақ сақина.
6. Бұрамалы сақина және т.б.

Сақиналар көбінесе сом күмістен соғылады. Қазақ шеберлері сақина, сырғалардың көздеріне дайын күйінде сатып алынған мынандай әсем, қымбат тастарды пайдаланады:

1. Теңбіл тас (сланец пятнистый).
2. Су тас (хрусталь).
3. Көк тас (малахит).
4. Құлпырма тас (перламутр).
5. Құбыла тас (александрит).
6. Дүбіржат (изумруд).
7. Жақұт (яхонт).
8. Лағыл (рубин).
9. Жарқырауық тас (самоцвет).
10. Гауһар (бриллиант).
11. Ақ тас.
12. Янтарь.

А.Машановтың 1962 жылғы 14 қаңтарда «Социалистік Қазақстан» газетінде жазуы бойынша, янтарь – күн сәулелі тас, әдемі тастарды бір кездері «кереметті тас» санаған. Сақиналардың кең тараған түрі – асыл тастан немесе әйнектен арнайы көз салғандары. Ел ішінде ежелден асыл тастар тіл-көзден сақтайды деген сенім бар. Ал мөлдір шыны әйнектен көз салу – дүниенің бәрін көріп тұр деген ұғымға саяды, әрі сақинаның сәулеге шағылысқан жарқылының өзі-ақ жарасымды көрінеді. Қазақ шеберлері асыл тастарды қырып-жонып көп өңдеуге салмаған, қайта табиғи сынын, түр-түсін бұзбай қаз-қалпында пайдалануды жөн көрген. Ежелден ел арасында інжу – ноғала, сүйелді, шәйіртас (янтарь) – алқым ісігін жазады, ал маржан – қарғыстан, тіл-көзден сақтайды, құлпырма маржан – өсек аяңнан қорғап, дәулет, бақыт әкеледі деген сенім бар. Әсіресе, қызғылт ақыққа жұрт көп әуес болған. Оны қуаныш пен игілік сыйлайтын асыл тас деп есептеген. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Кім де кім сақинасына қызғылт ақықтан көз салса, сол адам дәулетті де шат өмір кешеді» деген. Таяу Шығыста бұл тасқа иесінің аты, немесе, құран аяттарынан үзінді жазылатын болған. Барша көшпенді халықтар тәрізді қазақтар да бұл тасты қуаныш пен молшылық сыйлайды дегенге сенген. Аталған асыл тас ер адамға дәулет әкеліп, әйелдерді бедеуліктен сақтайды, қарияларға қайрат сыйлап, мейірімін молайтады. Зергерлік асыл тастардың ең әдемілерінің бірі — көгілдір ақық, яни бирюза. Парсы тілінде «фируза» – «бақыт тасы» деп аталады. Араб тілінде фирузадж «жеңіс сыйлайтын, жолы болатын тас» дегенді білдіреді. Парсылардың сенімі бойынша көгілдір ақық махаббат жолында жан кешкен аруақтардың сүйегінен жасалған-мыс. Ал қазақтар оны бақыт пен сәттілік тасы деп түсінген. Сондай-ақ сақиналарға янтарь тасын жиі салады. Янтарь – күн сәулелі тас, яғни, «кереметті тас» саналған. Халық нанымында асыл тастардың кейбіреуі адамға құт әкеледі, жаңбыр шақырады, тіл-көзден сақтайды. Ал, янтарьдың ғажайып сипатын грек ғалымдары осыдан 2500 жыл бұрын білген көрінеді. Оны парсы тілінде Хахруба (өзіне тартқыш) деп атайды екен. Янтарь тегінде бір түрлі ағаштың сорғыған шайырынан шығады. Оның ішінде құрт, құмырсқа, қоңыз сияқты жәндіктердің

денесі тірі кезіндегі қалпын сақтап қалып та қояды. Бұл жөнінде М.В. Ломоносов тіпті, «Қабырың хандардан да артық екен», – деп, янтарь ішінде қалып қойған шыбын-шіркейге арнап өлең де шығарған. Жалпы сақинаны жасағанда алтын мен күміс, жез бен мысты пайдаланған. Солардың арасында көбірек қолданғаны – күміс. Себебі күмістің тартымды, сиқырлы қасиеті бар деп есептелген және алтынға қарағанда күміс арзан және жұмсақ, әрі жарасымды. Оның тіл-көзден, түрлі сырқаттан сақтайтын, тазартатын қасиеті бар деп сенген.

Қазақ тілінде сақинаға байланысты көптеген атаулар қалыптасқан. Олар мынандай:

1. Ақық сақина – кішкентай ақық қондырылған сақина.
2. Алтын сақина – таза алтыннан жасалған.
3. Балдақ сақина – сақинаның саусақ үстіне қараған беті төртбұрыш болып келетін түрі.
4. Бұрама сақина – алтын, күмісті есіп жасайды.
5. Жез сақина – саусаққа салу үшін емес, қамшы, найза, пышақ, қылыш сабын бекіту үшін жасалады.
6. Кавказ сақина – қара ала өрнекті сақина түрі.
7. Күміс сақина – таза күмістен құйып жасайды.
8. Қола сақина – қоладан жасалған арзан сақина.
9. Моншақты сақина – моншақ қондырылған сақина.
10. Құсмұрын сақина – үсті дөңестеу келген сақина түрі.
11. Мыс сақина – мыстан жасалған ортан қол сақина.
12. Неке сақинасы – жас жұбайлардың үйлену тойында бір-біріне сыйлайтын сақинасы.
13. Сақинек – пышақ, қылыш т.б. құралдардың сапа жетесі сұғылатын жерін қысып тұру үшін мыс не күмістен жасалатын балдақ, мойнақ.
14. Сіркелі сақина – бетіне ұсақ түйіршіктерден сірке өрнек салған сақина.
15. Тасты сақина – тас, шыны орнатқан сақина.
16. Темір сақина – темірден жасалған тығыршық, сақинек.

**Құстұмсық жүзіктерді** бақыттылықтың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі ретінде бойжеткен қыздар таққан. Сондай-ақ құстұмсық жүзікті жорыққа аттанған жігітке сыйлаған, мұндағы тілек аман-есен жылы ұяңа қайтып орал дегенді білдіреді. Ал құс дегеніміз әуелден еркіндік пен бақыттың, қайырым мен мейірімнің нышаны. Тіпті кей уақыттарда сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. **Құсмұрын** жүзіктерді жас келіншектер тақса, ал үлкен тасбақа қабығына ұқсас жүзіктерді ұзақ өмір жасау символы деп санаған. Олардан өзге құйма жүзік, ойма жүзік, соқпа сақина, күмістен қарайтылған бағдар жүзік, өрме жүзік, керме жүзік, терме жүзік, баспа жүзік деген сияқты сақиналардың алуан түрлері болған.

**«Отау» жүзік** – атынан ақ біліністіп тұрғандай, отауды бейнелейді. Бұл жүзікті қалыңдықтың саусағына кигізеді. Өйткені, ол күйеуінің ұрпағын жалғастырушы болып есептеледі. Жүзіктің үсті конус болып жасалады. Қазақстанның батыс өңірінде беташардан соң келіннің қолтығынан сүйеген жас әйелдерге сақина салған.

**«Балдақ» жүзік.** Көзі жоқ, біріңғай түрі. Ерлер көбінесе жүзіктің балдақ түрін салған. Әдетте ешқандай әшекейі жоқ алтыннан, күмістен сомдап соғылған немесе құйылған жай шығыршық тәрізді сақинаны қазақтар «балдақ» деп атайды. Балдақ сақинаны неке суы құйылған тостағанға салып, үйленетін адамдар бір-бірінің оң қолының төртінші саусағына кигізеді. Әйел адамдар саусағына сақина, жүзіктің бірнешеуін тақса, ер адамдар саусағына жалғыз балдақ қана салады. Ер мен әйелдің өзара қолдағы балдағын алмастырып алуы шын сүйіспеншіліктің белгісі саналған.

**Сырғалар.** Әшекейлердің тіл-көзден сақтау қасиеті бар деген түсінік ертеден қалыптасқан. Солардың көнеден келе жатқандарының бірі – сырға. Ол әйел затының бала кезден бастап өмірден өткенше тағып жүретін әшекейі. Сырғалардың көптеген түрлері бар. Ширатпа сырғалар шебер әшекейленгендігімен әрі нәзіктігімен ерекшеленеді. Ол жеңіл келген, қиюы жарасқан ширатпа сырғалар қоңырау қалыпты салпыншақтарымен жақсы үйлеседі. Халықтың көне діни сенімімен астарланып жатқан ай сырғалар бұрын да, бүгін де кеңінен таралған. Пішіміне орай бұл сырғалар космологиялық-ғарыштық нақыштармен әшекейленген. Ұзын шынжырлы ілдіргілерге бекітілген дөңгелек бітімді сырғалар да өте сәнді көрінеді. Салмақты және көлемді бұйымдарды Батыс Қазақстандық шеберлер құйып жасамаған, оларды қапталған күмістен соққан. Оның бетіне қалыпты өрнектер мен бедерлерді зерлеу жеңіл болған. Қыз-келіншектер аса ұнататын әсемдік бұйымының бірі – сырға. Қазақ зергерлері сырға жасаудың тым көне сырларын меңгерген. Мәселен, Қарғалы археологиялық қазбасынан біздің заманымызға дейінгі кезеңге жататын алтын шекелікпен бірге тас қондырылған

сырға табылған. Қазақ зергерлері жасайтын ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, қозалы сырға, салпыншақ сырға, шұжық сырға, сабақты сырға, шашақты сырға деген сияқты әр өңірде алуан аталатын сырға түрлері өте көп.

**Білезік** – әйел адамдардың білек буына тағатын әшекейлі, сәнді бұйым. Білезік қымбат металлдардан жасалады. Көлемі, пішіні, әшекейлі әр алуан болады, асыл тастардан көз орнатылады, алтын немесе күміс жалатып, лажылап, эмаль бағдарлап та соғады. Білезік жасалған материалына қарай: алтын білезік, күміс білезік, сом білезік, сағат білезік, құйма білезік, бұрама білезік, топсалы білезік, жұмыр білезік, бес білезік, т.б. түрлерге бөлінеді. Білезік бір қолға, кейде екі қолға да тағылады. Сондай-ақ саусақтарға тағылған жүзіктердің білезікпен қоса жасалғандары «бес білезік» деп аталады. Зергерлердің жасаған білезіктері: қос, қолқа (қуыс), бұрама, жалпақ, сом, жұмыр, өбістірме, орама, кавказ (қара ала), көзді, өрме, үзбелі сияқты түрлері көп. Бетіне асыл тастардан көз орнатып, «ирек», «мүйіз», «құс қанаты» сияқты өрнектер салынады. Зергерлер білезіктерге неше түрлі өрнектер салып, тас қондырып, қарала жүргізіп, сіркелеп, бұрала ширатып әсемдеген. Олар көбінесе күмістен соғылады.

Қазақ білезік деп бірнеше ұғымды:

1. Баласы тұрмай зарығып, ұзақ күткен ата-ана ырымдап жас сәбидің екі аяғына қымбат бағалы металдан білезік соқтырып, тағып қояды. Ол баланы тіл көзден, түрлі бәле жаладан қорғайды деп ойлаған.

2. Ертеректе сал-серілер аттарын жабулап мінген. Кекіліне үкі, маржан тағып, күмістелген ер тоқым мен ер тұрман, аттың аяғына күміс шығыршықты білезікті тағып қоятын.

3. Қыран құстардың да аяғына иесінің аты-жөні жазылған сақина білезік тағылған.

4. Жаугершілік заманда қолға түскен тұтқындарға қашып кетпесін деп қолына бұғау, аяғына кісен салатын. Бұғаудың білекке, кісеннің тілерсекке түсетін топсалы шығыршығын да білезік деп атаған [2].

Назревшая необходимость в поисках новых форм управления качеством внеучебной деятельности студентов (УКВДС) и разработки объективной диагностики уровня их духовно-нравственного потенциала требует внедрения рейтинговой системы оценки и мониторинга как форму контроля и инструмент измерения качества внеучебной деятельности студентов. Перед нами сильный рычаг, который может быть использован для повышения качества воспитательной работы в вузе. При этом необходимо отметить, что рейтинги в современных условиях не являются единственным средством стимулирования внеучебной деятельности обучаемых, корректировки образовательного процесса и важным инструментом мониторинга. Более того, до сих пор в рейтинговой системе не существует единых правил и оптимальной методики стимулирования активности обучаемых и применения критериев и показателей качества внеучебной деятельности для определения степени личностного и профессионального становления будущих специалистов в целом.

Чтобы внедрить в ввузы балльно-рейтинговые формы контроля и оценки внеучебной деятельности студентов, необходимо учесть специфику организации воспитательной работы в вузе. Структура внеучебной деятельности в каждом вузе имеет свои особенности и зависит от стратегии развития вуза в целом, уровня развития корпоративной культуры [3, с. 91.].

Оценка будет действенной, а смысл ее будет понятен как оценивающему, так и получающему ее, если она станет производиться по всем компонентам внеучебной деятельности, по тем ее аспектам, которые прямо связаны с формированием коммуникативных компетенций, духовно-нравственных и личностно значимых качеств студента.

Таким образом, на наш взгляд, в условиях вуза оценка внеучебной деятельности студента должна быть комплексной, состоящей из показателей исследовательской, социальной (общественной) и спортивной деятельности студента во внеучебное время. Более того, оценивание является средством управления активностью обучаемого. Следовательно, критериями УКВДС выступают исследовательская, социальная и спортивная активность студента.

Примерные показатели качества по видам внеучебной деятельности и распределение баллов по ним для рейтинговой системы приведены в таблицах 1, 2, 3.

В частности, на исследовательскую внеучебную деятельность студента в академическом периоде (семестре) устанавливается 100 баллов. Данное максимальное количество баллов распределяется между показателями качества в зависимости от их трудоемкости. Схема распределения баллов приведена в таблице 1.

*Таблица 1 – Примерная рейтинговая система оценки исследовательской деятельности студента*

| Показатели качества исследовательской активности студента | Кол-во макс. баллов | Кол-во набранных баллов | Подтверж-дающие сведения | ФИО и роспись производившего оценку, дата |
|---|---|---|---|---|
| 1. Участие в исследовательском проекте | 30 | | | |
| 2. Опубликование статьи в научных изданиях | 20 | | | |
| 3. Участие в работе научного кружка | 20 | | | |
| 4. Участие в научной выставке (конкурсе) | 15 | | | |
| 5. Участие в научном форуме (конференции, семинары и др.) | 15 | | | |
| **Всего** | **100** | | | |

Контроль и оценка социальной активности студента в течение семестра ведется аналогичным образом (таблица 2).

*Таблица 2 – Примерная рейтинговая система оценки социальной (общественной) деятельности студента*

| Показатели качества социальной активности студента | Кол-во макс. баллов | Кол-во набранных баллов | Подтверж-дающие сведения | ФИО и роспись производившего оценку, дата |
|---|---|---|---|---|
| 1. Участие в социальных проектах<br>2. Участие в благотворительных акциях<br>3. Шефство, наставничество<br>4. Участие в работе кружка (секции) художественной самодеятельности<br>5. Участие в конкурсах художественной самодеятельности<br>6. Участие в субботнике<br>7. Участие в выпуске стеновой печати (газеты) | 20<br><br>15<br>15<br><br>15<br><br>25<br><br>5 | | | |
| **Всего** | **100** | | | |

Особое внимание должно уделяться физическому воспитанию студентов в вузе. Данная подготовка особую роль приобретает для студентов отдельных специальностей, в частности, для специальности «Начальная военная подготовка». За спортивную активность и участие в соревнованиях студенту выставляются баллы согласно таблице 3.

*Таблица 3 – Примерная рейтинговая система оценки спортивной активности студента*

| Показатели качества спортивной активности студента | Кол-во максим. баллов | Кол-во набранных баллов | Подтверж-дающие сведения | ФИО и роспись производившего оценку, дата |
|---|---|---|---|---|
| 1 Участие в спортивной секции<br>2. Участие в спортивных соревнованиях<br>3. Посещение спортивных клубов (трениировка)<br>4. Посещение спортивно-технических школ | 20<br><br>40<br><br>10<br><br>30 | | | |
| Всего | 100 | | | |

При этом отдельные показатели в определенных условиях для вуза могут быть приоритетными. В таких случаях рекомендуется использовать коэффициент значимости критериев и показателей качества. А также наряду с положительными баллами рекомендуется использовать и отрицательные баллы. Рейтинговая оценка достижений обучаемых допускает возможность применять штрафные санкции. Например, за пропуск мероприятия (тренировки) студент получает –10 баллов, за невыполнение заданий в срок - –5 баллов и т.д. Кроме того, количество баллов по отдельным показателям качества внеучебной деятельности студента следует дифференцировать по уровням значимости мероприятия, в котором придется принимать участие (таблица 4).

*Таблица 4 – Примерное распределение баллов по показателям качества в зависимости от уровня мероприятий*

| **Показатели качества** | **Уровень участия** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **вуз** | **регион** | **республика** | **Международный уровень** |
| Опубликование статьи в научных изданиях | 5 | 10 | 15 | 20 |
| Участие в конкурсах художественной самодеятельности | 5 | 10 | 15 | 25 |
| Участие в спортивных соревнованиях | 10 | 20 | 30 | 40 |

Студенту для прохождения аттестации по итогам академического периода необходимо набрать по

каждому критерию УКВДС минимум 50 баллов. Система рейтинговых показателей представляет собой электронную таблицу, разработанную в приложении Microsoft Office Excel. В столбцы таблицы вносятся показатели УКВДС. Каждому студенту группы соответствует строка таблицы, в которой по каждому из показателей проставлена оценка в баллах. Функции сортировки дают возможность отследить активность студентов по периодам учебного года, по конкретным студентам или академическим группам, курсам. На основании количественных показателей можно оценить реальную ситуацию, сделать выводы об эффективности работы как отдельных подразделений, так и внеучебной деятельности в целом, отследить тенденции и потребности, целевую аудиторию и др.

Необъективность оценки или ее несистемность, пренебрежение этой оценкой неизбежно приводит к снижению активности студента. Результаты мониторинга подводятся эдвайзером (куратором) группы совместно со старостой ежемесячно и заносятся в сводную таблицу, в которой подсчитывается количество баллов, заработанных студентом за 1 месяц по каждому из вышеперечисленных критериев (направлений), и суммарный его рейтинг. Итоговая (интегральная) оценка последовательно набирается в течение всего семестра (учебного года). Студент будет иметь возможность проанализировать свою внеучебную деятельность и при необходимости активизировать ее на том или ином участке.

Комплексная оценка внеучебной деятельности студента в вузе должна завершаться его аттестацией по итогам окончания соответствующего курса обучения. После итоговой аттестации выпускнику вуза выдается сертификат-характеристика как приложение к диплому с рекомендациями по его использованию по специальности.

Таким образом, цель комплексной рейтинговой системы оценки внеучебной деятельности студента – определить готовность студента к ведению различных видов деятельности, отслеживать его личностное и профессиональное становление в вузе. Такая система оценки, охватывающая всю сферу развития личности, ставит студента в определенные рамки, когда он максимально заинтересован заниматься целенаправленно, творчески, самостоятельно, вести научный поиск, быть дисциплинированным, активным и физически развитым.

Оценка как средство мониторинга, стимулирующее активность обучаемых, выполняет диагностические функции и имеет большую воспитательную силу. Она служит выработке у студентов критериев определения положительных актов поведения, выражающих ценностную ориентацию на избранную профессию. Своевременная и объективная оценка деятельности студентов создает у них установку к более ответственному, оперативному реагированию на нее.

В заключение отметим, что УКВДС зависит в решающей степени от выбора системы показателей, ее полноты, эффективности и объективности, а также от своевременности и периодичности проведения контроля. Оценивание должно осуществляться регулярно: нерегулярность оценивания, как правило, отрицательно отражается и на деятельности, и на настроении студентов.

Для профессиональной подготовки очень важно, чтобы были обеспечены условия состязательности, цель создания которых – повышение активности, в частности активности студентов в духовно-нравственном развитии. Такая активность лучше всего проявляется в условиях конкурсной системы решения воспитательных задач. Это необходимо, в первую очередь, для того, чтобы привить обучаемым вкус к конкуренции, сформировать у них ценностное отношение к жизни и к профессии.

В задачу вуза входит не просто выставление оценок студентам, но и создание тонкого механизма воздействия на их поведение. При этом контролирующие мероприятия, воздействующие на активность обучаемого, должны носить правовой и объективный характер. Это означает, что практика оценивания должна основываться на принципах прозрачности, гибкости и высокой дифференциации. При оценивании самое главное – внимательнейшее отношение к студенту, всесторонний и объективный анализ его деятельности. Достаточно только к одному студенту отнестись формально и предвзято, как среди них неизбежно формируется отрицательное отношение к системе оценивания.

Итак, важным моментом в УКВДС является систематическая и комплексная оценка деятельности студента, что позволяет ему увидеть свои положительные качества и недостатки, побуждает его к самосовершенствованию. Оценки являются одной из точек соприкосновения интересов вуза и обучаемого. Воздействие через оценки на профессиональное сознание студентов служит целям усиления конкурентоспособности и состязательности среди них. Взаимодействие педагогов и студентов, в свою очередь, отражается на процессе формирования оценки. Конкретные действия

воспитателя, производящего оценку, могут иметь цели, которые, возможно, в данный конкретный момент не совпадут с самооценкой обучаемых, но они всегда служат основной цели вуза – повышению качества воспитательной работы.

Предъявление равных требований при определении рейтинга студентов, получение объективных данных об условиях, состоянии и результатах воспитательной работы – цель УКВДС. В связи с этим могут быть выделены основные составляющие УКВДС:

- фиксирование результатов достижений в соответствии или в сравнении с целями, эталонными значениями;
- оценка деятельности студентов, определяющая профессиональное сознание, интеллектуальное, социальное, психическое, физическое развитие;
- соответствие профессиональной подготовки потребностям государства, ожиданиям заказчиков, самих студентов.

Из вышесказанного следует, что УКВДС – это не фиксация и констатация того или иного уровня подготовки, а повышение этого уровня за счет целенаправленных и последовательно осуществляемых изменений и преобразований в соответствии с изменяющимися условиями внутренней и внешней среды. Основу данной системы оценки составляет личностно-деятельностный подход к формированию опорных качеств личности студентов: познавательную, социальную и спортивную активность. Рейтинговая система путем начисления поощрительных баллов позволит детальнее отслеживать личностный рост студентов в вузе.

Следствием УКВДС является социальный и профессиональный рейтинг выпускников, престиж специальностей и имидж вуза. Данная модель системы контроля и оценки качества внеучебной деятельности студентов должна быть органичной частью вузовской системы оценки качества профессионального образования, обеспечивать сотрудничество, системность, непрерывность и объективность при осуществлении функций контроля в едином пространстве управления качеством подготовки специалистов.

*1. Болотов В.А. О построении общероссийской системы оценки качества образования. // Вопросы образования №1, 2005. - С. 510.*

*2. Кувалдин Ю.И., Рублева О.А. Системный подход к оценке внеучебной деятельности студентов. // Новые образовательные технологии в вузе: сборник материалов шестой международной научно-методической конференции, 2 – 5 февраля 2009 года. В 2-х частях. Часть 1. Екатеринбург: ГОУ ВПО «УГТУ – УПИ», 2009. - 416 с.*

*3. Денисова А.Б. Социальная профессиональная адаптация студентов технических вузов через внеучебную деятельность и приобщение к корпоративной культуре. // Образование и общество, №1 (72), 2012. - С. 91.*

**Аңдатпа**

**Студенттердің оқудан тыс іс-әрекетінің сапасын басқару**

Оқудан тыс іс-әрекет студенттің рухани әлемінің дамуына мүмкіндік туғызады. Ол жеке тұлғаның жаңа ақпараттық қоғамның жағдайларына бейімделуіне көмектеседі. Сондықтан оқу-танымдық іс-әрекетпен қатар студенттердің оқудан тыс іс-әрекеттегі жекеленген жетістіктері кәсіби даярлықтың сапасын бағалаудың маңызды объектісі болып табылады.

Жоғары оқу орны жағдайында студенттердің оқудан тыс іс-әрекетін бағалау кешенді болуы тиіс. Ол студенттердің оқудан кейінгі уақыттағы зерттеушілік, әлеуметтік (қоғамдық) және спорттық қызметінің көрсеткіштерін қамтиды. Сәйкесінше сапаның критерийлері ретінде студенттің зерттеушілік, әлеуметтік (қоғамдық) және спорттық белсенділігі қарастырылады.

Мақалада сипатталғанстуденттердің оқудан тыс іс-әрекетінің сапасын бақылау мен бағалау моделіжоғары оқу орнындағы кәсіби білімнің сапасын бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Ұсынылған әдістеме маман даярлау сапасын басқарудың бірыңғай кеңістігінде бақылау функцияларын атқару кезінде ынтымақтастықты, жүйелікті, үздіксіздік пен объективтілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

***Тірек сөздер***: тұлға, жоғары оқу орны, тәрбие жұмысы, оқудан тыс іс-әрекет, рейтингтік бағалау жүйесі, сапаны басқару.

**Annotation**

**Quality management extracurricular activities of students**

Extracurricular activities are intended to contribute to the development of the human mind. It helps the individual to adapt to the new information society. Therefore, along with the results of teaching and learning activities meaningful object of assessing the quality of training are individual achievements of students in extracurricular activities

In conditions of high school extracurricular activities student evaluation should be comprehensive, consisting of indicators, research, social (community), and student sports activities outside the classroom. Quality criteria are, respectively, research, social (public) and sports activity of students.

The described model system for monitoring and assessing the quality of extracurricular activities of students should be an integral part of higher education quality assessment system of vocational education and ensure cooperation, consistency, continuity and objectivity in the exercise of control functions in a single space quality management training.

***Keywords:*** personality, university, educational work, extracurricular activities, rating system, quality management.

**УДК 7.04.26 (045)**

## ҚАЗАҚ МУЗЫКА ТІЛІНІҢ ТАБИҒАТЫ, МӘНІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

**М.С. Бегалова** – *аға оқытушы*
*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Мақалада қазақ музыкасының мазмұнын беретін музыкалық тілдің табиғаты, мәні мен мағынасын ажырату үшін, қалыптасу кезеңдері мен дамуы қарастырылды. Музыкалық тіл – қоршаған орта мен әлемді байланыстыра білген өміршең аспап. Музыка мазмұны талай ғасыр бойы адамдарды жұмылдыруда, біріктіруде өз қызметін жасады. Табиғатты суреттегенде де музыкалық тілмен жеткізу анағұрлым түсіністі болды. Музыкалық дыбыс – өзіндік мәні мен маңызы, қадірі мен қасиеті, ерекшелігі бар дыбыс. Мәні – адамның аңсаған арманы, қуанышы мен күйінішін, өмір құбылыстарын сан алуан сиқырлы иірімдер арқылы санаңа жеткізіп, жүрегіңе құйып беретіндігінде болса, ал маңызы – сиқырлы да сүйкімді ырғақтарымен, тебіреністі тербелістерімен адамды дүние сырын түсінуге, сұлулықты сезінуге жетелейді.

**Кілттік сөздер:** Синхронды, диахронды, вербальді тілмен, тұтастық (голографизм), монодиялық ладофункционалды элементтер, фольклор.

Ғасырлар қойнауынан жеткен қазақтың дәстүрлі музыкасы халық руханиатын бойына сіңіріп,оны болашаққа аманат етті. Қазақтың түпсіз терең дәстүрі музыкалық тілінің табиғаты қарым-қатынас құралы ретінде тудырушы арасында (синхронды), мирасқорлық негізде (диахронды) және уақытпен өлшенбейтін сакральді қасиеті арқылы жеткізілді. Жүйелі ұйымдасқан оның күрделі құрылымы халықтың тарихи санасымен бірге өзгеріп, өрледі. Өнердегі қарым-қатынас сазгер деңгейінде құпия белгі тудыру, орындаушының оны жеткізуі және тізбек соңында тыңдаушының ол құпияның сырын түсініп, ұғынудан құралған. ХХ ғасырдағы саясаттың нәтижесінде қазақтың музыкалық тілінің қалпы коммуникативті жүйесі бұзылғаны тарихтан белгілі.

Музыкалық тіл көркем сананың құралы ретінде фольклорда және жалпы музыкалық өнерде адамның ішкі жан дүниесін әсемдікке деген рухани сезімін жеткізеді. Р.Генон: «Әлем музыкасы мен поэзиясының дамуы тек намадтар мәдениетінде шыңға жеткен, себебі ол көшпенді мәдениет өкілінің дүниетанымын анықтайды», - деген. Яғни, қазақтың музыкалық тілінің құлдилауы мәдениетте, әр адамның бойында бар ізгіліктердің жойылуына себепкер болады, әйтсе де музыкалық тіл - ол адамның әлемді (қоршаған ортаны), тілдік құралдарды және өзін-өзі құрастыру аспабы. Сондықтан музыкалық тіл, вербальді тілмен қоса, халықтың өміршендік қажеттілігі болары игілік. Ол-мәдениеттің терең қаптарларының сақтаушысы, рухани сананың діңгегі, музыканың үздік үлгілерінің негізі. Қазақстан музыка мәдениетінің болашақта дамуының тірегі.

Мемлекеттің дамуы, ұлт менталитетінің сақталуы, халықтың идеалогиялық және мәдени тұтастығы егемендік жарияланған соң, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі берілуімен байланысты болды. Алайда, қазақтың музыкалық тілінің сақталуы өзекті болғанымен оған мемлекеттік мәртебе берілмеді. Әлем халықтарында да мемлекеттік белгісі-ту, жалаумен қоса Әнұран да халықтың поэзия мен музыка тілімен жеткізілген ұлт тұтастығының символы. Сол себеппен Әнұранда сөзінен гөрі музыкасы маңыздырақ болғандықтан, дүниежүзілік форумдарда Әнұранның аспаптық өңдемесі орындалады.

Тарих дәлелдегендей музыка-көне заманнан-ақ адамдарды біріктіру, жұмылдыру құралы. Саясат музыканы көпшілік санасына әсер етудің қуатты қаруы санағандықтан, католизмді орган аспабынсыз, православие дінін капелла хорынсыз, ал мұсылман дінін-Құранды мақамдап оқу мен азан шақырусыз көзге елестету мүмкін емес. Фашизм заманын – марш, ал ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы алғаш-

қы екпінді бесжылдықтары И.Дунаевский бастаған жас әскерлер тобынсыз елестете алмаймыз. Бұл шығармаларда насихатталған кеңес халқы атты жаңа қауымның идеологиясы сергек, оптимист, күмән туғызбайтын болашаққа ұмытылысы тональді музыканың басты элементтері – орталықтандырылған гармониялық лад, аккорд дыбыстарына негізделген әуен, екпінді ырғақ, квадратты құрылымдармен айқындалды.

Кеңестік идеологияның күйреуімен сол заманның бетке ұстар көпшілік әндері саяси күре тамырынан айрылып, қазіргі кезде мәнсіз Ресей эстрадасында жалғасты. Тақырыпқа тірелген бұл құбылыс қазіргі таңда «ақ нәсілдер» мәртебесін сақтап, тоқыраудан шығудың амалын «түрік», «Латынамерика» әуендерін пайдалану арқылы табуда [1].

Қазіргі қазақ эстрадасының өзіндік келбетінің жоқтығы олардың ұлт музыкасы тілінен алшақтап кетуімен түсіндіруге болады.

Қазақ этносының бір бөлігі ана тілін білмейтіндігі жасырын емес. Қоғамда этностың тілдік ерекшелік жағынан бөлінуі жағдайында музыкалық тілдің маңызы артады. Себебі санадан тыс, түйсікке тікелей әсер етуші музыканың сазгерге қарағанда әсері күштірек. Сананың бұл түрі қисынды ойлаудан әлдеқайда ертерек қалыптасқан. Музыка қабылдауда тұтастық (голографизм) тән және нәтижесінде тыңдаушыда вербальді тілдегідей тілдік ерекшелік бойынша бөліну, мағынаны түсінбеушілік тумайды. Вербальді тілге қарағанда музыкалық тіл арқылы, яғни психоэмоциялық негізінде тіл табысу әлдеқайда жеңіл, образды ойлауға, сезімге тікелей бағытталғандықтан музыкалық тілдік орта сақталған жағдайда оның белгілері санадан тыс игеріледі. Музыкалық тілдің бұл ерекшелігі қазақты, жалпы көпұлтты Қазақстан халқын біріктіруде маңызды рөл атқарары хақ. Музыка тілі қоғам мүшелеріне түсінікті болған жағдайда ғана музыка толық өз міндетін атқарады [2].

Қазақтың музыкалық тілі тоталитарлы кезенді вербальді тіл секілді қыспаққа алынып өзгерді. «Феодалдықтың қалдығы» деп танылған дәстүрлі музыканың орнын халықтың «социализмге секірісінің» дәлелі боларлық XIX ғасырдың еуропалық жазба музыкасының тілдік жүйесінде жазылған шығармалары күштеп енгізілді. Бұл бағыт көпшілік әндер, опералық, симфониялық туындылардан бастап, оған қоса 30-шы жылдары құрылған ұлт аспаптар оркестріне арналған шығармалар қосылды. Бұл кезде халық аспаптарынан құрылған оркестр дәстүрлі музыканың «сапалануы» және «дамуының шыңы» деп танылды.

XX ғасырдың 20-40-шы жылдарынан бастап халықтың көркем санасына өрескел қиянат жасалды - ұлттық тілдің орнын еуропалық музыкалық тілдің қарапайымдылығына негіз басты. «Жаңа» тілдің ұлттық «септіктері»-монодиялық ладофункционалды элементтер, «сөздері» – дәстүрлі әуендік-ырғақтық иірімдер, ал «сөйлемдері» – цитаталы негізде қолданылған дәстүрлі ән мен күйлер болды.

Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақтың да кәсіби музыкасының тілі жаңа заманның еуропалық музыкасынан айырмашылығы оның нәзіктікке толы бейтарап дыбыстарында өзгермелі, иірімді ырғағында. Шығыс музыкасының жаны – жеке орындаушылыққа жүзеге асатын суырыпсалма қасиетінде. Аталған көркемдік қасиеттерді халық оркестрінде жүзеге асыру мүмкін емес еді, себебі еуропаның кәсіби музыкасына, оның жасанды тәртіпке келтірілген дыбыстық кеңістіктігіне (темпирацияланған жарты тондық тізбекке), уақыт өлшемдеріне (ырғақ), нотамен жазылған және суырып-салманы қажет етпейтін, нота бойынша ғана орындалатын хор, ансамбль мен оркестрлі шығармаларына тек ноталы жазба дәстүрі сай келеді. Осы кезде нотаға түсірілген дәстүрлі шығармалар өзінің «табиғи» кеңістік пен уақыт өлшемдерінен ажырап, қарапайымданады. Шындығында еуропаның ноталы жүйесі негізі кеңістік модулі ретінде жарты тонға негізделген еді. Осыдан бастап дәстүрлі тілде бар төрттіктонды дыбыстарға зейін қойылмай, олардың мәні мардымсыз деп танылып, кей жағдайларда тіпті керексіз фальш дыбыстар болып жарияланды.

Н.Тілендиев сияқты зор таланттың арқасында оркестр музыкасын «тірі», өзіндік келбеті бар, әрі өз күре тамырымен біте қайнасқан қазақ музыка тілін қайта тірілтіп, қазіргі заман музыкасының тармағына айналдырды. Қазақстан сазгерлерінің тынымсыз ізденісі арқасында еуропалық музыка тілімен жазылған шығармаларынан, 30-шы жылдардағы примитивті тілдік жүйеден арылды. Бұл жолдағы қиындықтар сонымен бірге жазбаша өнерге өтумен де байланысты еді. XX ғасырдың постклассикалық еуропалық музыка тілі мен дәстүрлі музыкалық тілдің түпкі ұйылмалығы) және көркем ойлау жүйесін (спиральді-шеңберлі даму, квадратты құрылымдардан бастарту, суырыпсалманың орнына вариантты даму) сабақтастыра отырып, космополиттік музыкалық тілдің ұлттық варианты қалыптасты. Бұл жаңа тілдің пайда болуы мен дамуы көп күш-қуат пен жанқиярлық еңбекті қажет етті. Бір қызығы, композиторлық опустарды, мысалы М.Төлебаевтың операларын, Ғ.Жұбано-

ваның симфонияларын, операларын, балеттерін, Е.Рахмадиевтің симфониялық күйлерін, М.Сағатовтың аспаптық және балет музыкасын, Т.Қажығалиев, Б.Баяхунов, Қ.Шілдебаевтың шығармаларын, дәстүрлі музыкалық тілді білмей, шын мінінде түсініп бағалау мүмкін емес.

ХХ ғасырдағы қазақ музыкалық тілінің тууына бірнеше буын сазгерлер орасан зор еңбек сіңірді, әйтсе де қазіргі танда бұл өнер, өкінішке орай құлдырауда.

Қазақтың вербальді тілі кеңестік кезенде отбасылық, күнделікті тұрмыста ғана қолданылған ауызекі тілге айналса, ұлттың музыка тілі де көпшілік музыка көлемінен аспай, стихиялы дамыды. Ән туындылармен танылған Шәмші Қалдаяқов пен Нұрғиса Тілендиев ұлттың музыкалық ана тілін орынды пайдалана білген дәстүрлі музыкалық ойлаудың жасаушылары еді. Халықтың жаны мен ұлттық қасиетіне сай келген олардың өз «жаңа музыкалық сөздігі», дәстүрлі музыкалық тілді жаңартып, халқымыздың бірнеше буын өкілінің дүниетанымына әсер етті. Халық аспаптар оркестрін дәстүрлі мәдениеттің шыңы, ал европашаланған шығармашылықты - мәдени саясаттың басты бағыты деп тану, дәстүрлі өнерпаздардың қудалануымен сай келді (Тұрмағанбет жырау сияқты дәстүрлі орындаушылардың кейбірі өмірін абақтыда аяқтады). Таза күйдегі дәстүрлі музыка ауыл көлемінен асырылмай, оны мәдени өмір мен қоғамдық санадан ығыстырды, бұл музыканың қызметі шектеліп, оны әз шығармашылық рухы еленбей қалды. ХХ ғасырдың ілімдеріне сәйкес кәсіби, яғни классикалық деп тек жазба дәстүрін ұстанған еуропалық музыка танылды. ХХ ғасырдың ортасында Еуропа ғылымдары мұндай еуропацентристік ілімнен Үндістан, Қытай, Араб өркенниетті елдердің ауызекі кәсіби мәдениеттерінен таныған соң арылды. Бұл елдердің дәстүрлі кәсіби өнер құндылығы жағынан Еуропа мәдениетінен кем түспей, ал Алан Даниелудың (Германия) пікіріне сәйкес еуропалық классикадан тіпті асып түседі. Олардың арасында Орталық Азияның, соның ішінде қазақтың музыка өркениеті бар.

«Үндістанның классикалық балеті мен классикалық музыкасы», «Классикалық мақам орындаушысы», «Пансори - Корея музыкасының классикалық жанры» - мұндай сөз тіркестері Батыс ғалымдарын еш тамсандырмады, себебі еуропа ғалымдары «классикалық» ұғымды тіке мағынада терең әрі күрделі мазмұн мен құрылымның мінсіз сабақтастығы деп түсінді. Сондықтан нотасыз дамыған үнді рагасы, араб мақамы, иран дастгяхы, жапонның Гагаку жанры, Кореядағы пансори және ұлттық өнер түрлері классикалық өнерге жатқызылды. Сондықтан ата-бабаларымыз туғызғанауызша таралған кәсіби өнерімізді (күй, жыр, лирикалық әнді) классикалық өнер деп танығанымыз абзал [ 3].

Кәсіби өнердің мәртебесінің және Кеңестік шығыс халықтарының дәстүрлі музыкасын қазіргі таңда таныту құқығының мойындалуы КСРО музыкалық идеологтарын мұқалтқан 1971 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік музыкалық кеңестің симпозиумынан басталды. Бұл мінбеден А.Даниелудың музыка мәдениетінде кәсіби өнердің алуан түрлілігі және Нараян Менонның (Үндістан) «экономикалық артта қалушылықты» мәдени жетілмегендікпен қатар қоюдың терістігі туралы ойлары айтылды. Әйтсе де, әлем ғылымының бұл жетістіктері Кеңес Одағының ресми мәдени саясатын өзгертпеді. Кейбір шығыс мемлекеттерінде қоғамдық сананың өзгеруімен ауызша таралған кәсіби өнердің ресми статусы өзгерді. Бұл кезде Қазақстанда орыстану саясаты шыңына жеткендіктен қазақ тілін түп-тамырымен жою науқанын қызу жүргізді. Ол мәдениеттің барлық салаларына әсер етпей қоймады.

Еуроцентризмге баулыған, қазір американимге ұласқан, жалған музыкалық құндылықтар, шынайы ұлттық классиканың елеусіз қалуының өрістеп бара жатқаны байқалды. Мазмұны, музыкалық тілі мінсіз, күрделі кәсіби өнердің дәстүрі жанрлары деңгейіне сай қоғам өмірінде орын ала алмай келеді. Дәстүрлі үлгіде шығарылған ән, күй, терме, жырлардың саны мардымсыз, бірақ өнерге мұқтаждық сарқылмайды. Н.Тілендиев, К.Күмісбеков, С.Қалымов, Ә.Желдібаевтің, С.Тұрысбековтың күйлері мен А.Сейдімбековтің, А.Қоразбаевтың, Б.Тілеухановтың әндерін қазақи ортада кең қанат жаюы қазіргі заманның эстрада хиттерімен пара-пар болса, өміршендігі мен тыңдаушыға қалдырған әсері жағынан әлденеше рет асып түседі.

Қазақ музыкалық тілдің даму ошағы болып табылатын қазақ ауылы бүгінгі таңда жадау күй кешуде. Оған мемлекеттік денгейде қолдау қажет, себебі ол дәстүрлі классикалық өнердің және қазақ музыкасының европашаланған бағыттарының (композиторлық және көпшілік өнер түрлерінің) тірегі. Ол үшін:

а) республика көлемінде қазақ музыкалық - тілдік ортаны қалпына келтіру, ақпарат құралдарының (әсіресе мемлекеттік) қызметін реттеу арқылы жүзеге асыру қажет. Ал, қазіргі таңда бұл саладағы қазақ музыкалық композиторлық музыканың және ұлттық дәстүрлі музыканың үлесі мардымсыз;

б) мектептерде музыка сабақтарында ұлттық музыка тіліне баулитын оқыту жүйелерін енгізу;

в)көнеден сақталған дәстүрлі музыка шығармаларын және қазіргі заманға күйші, жырау, ақын, әуесқой әншілердің шығармашылықтарын насихаттау;

г) дәстүрлі музыкалық тіл бұл тектес мәдени орталықтарды құру қажет.

Дәстүрлі музыка дамуындағы келеңсіздіктер және музыка тілдік ортаның құлдилауы журналистер мен ғалымдарды, барша өнер жанашырларын толғандырады.

Демократиялық мемлекет қоғамдық пікірмен санасса, қазақ музыка тілінің сақталып, дамытылуының бірден-бір жолы – оған мемлекеттік мәртебе берілу қажеттігі, себебі ол мәселені жалғыз энтузиастар шеше алмайды. Егемен республикамызда ғасырлық тарихы бар еуропоцентристік концепцияның «қаратүнек заманның келмеске кеткен фольклоры» турасындағы ойы күні бүгінге дейін өз өміршеңдігін жоймай келеді. Алайда тек дәстүрлі музыка шығармалары тарихшылар айта алмаған ХХ ғасырдың шынайы тарихын жеткізді. Олар ғасыр басында болған халық толқулары мен Қазан төңкерісінің беттерін ақтарса (Динаның «16 жыл», Мәменнің «17 жыл» күйлері), Т.Ахметовтың «Жетім бала» күйі 30-шы жылдардағы халық ақиықтарының репрессиялануын ашып көрсетеді. 80-ші жылдары күйшілер шығармашылығының тарихи парақтарында жаппай «елу сегіз» күйлері (бұл заманның бабына сәйкес миллиондаған кеңес адамдары репрессияланды) туады. Қазақтың музыкалық санасында Ұлы Отан соғысы елеулі орын алды. Оны Р.Елебаевтың «Жас қазағы», т.б. мысалдармен жалғастыруға болады. 1986 жылдың желтоқсанынан соң жас сазгерлердің шығармашылығының дүмпуі, олардың дәстүрлі жыр, толғау, күй жанрына қалам тартуын, еуропалық аспаптармен қатар, домбыра, қобыз аспаптарына жазылған туындылар жан айқайы болып шыққан ұлттық музыкалық тілдің жаңғыруы емес пе еді? Музыка тілі мәселесі қоғамдық пікір-талас, пікір алмасу, конференцияларды, ғылыми дәйектелген концепцияларды, байыпталған бағдарламалар жасауды қажет етеді. Ол бағытта кадрларды ұдайы қайта оқыту да қажет-ақ. Мәдени саясатта министрден бастап, ақпарат құралдарының басшылары, музыкалық мектептер ұстаздары, балабақша тәрбиешілеріне дейін жаңаша ойлауға өтуі керек [4].

Музыкада ғылымның бір саласы екені баршамызға аян. Музыканың тілі арқылы біз табиғаттың әр түрлі көрінісін, жыл мезгілдерін, хайуанаттардың әрекеттерін, адамның мінез құлқын, қайғы-қуанышын жеткізіп,білдіре аламыз. Музыка дегеніміз - өмірдің бір бөлігі. Күнделікті өмірдің өзі әр адамға музыка тілімен жетеді. Айналаға бір сәт құлақ түрейікші. Жеңіл ескен самал тербеген жапырақтар сыбдыры, қыр мен ойды қуалаған жел гуілі, құлдырай аққан бұлақ сылдыры, бұлбұлдың үні, бозторғайдың шырылдаған дауысы, тұлпар тұяғының дүбірі, бәрі дыбыс, бәрі үн. Сан алуан әуенге толып, жер бетін дыбыс кернеп тұрғандай, айнала алуан дыбысқа толы. Бірақ дыбыс атаулының бәрі музыкалық дыбыс, бәрі де адам өміріне қызмет етеді деп түсіну қателік. Дыбыстың ең жоғары қызметі адамға эстетикалық ләззат, рухани азық сыйлау. Мұндай қызметті музыкалық дыбыс қана атқарады. Музыкалық дыбыс – өзіндік мәні мен маңызы, қадірі мен қасиеті, ерекшелігі бар дыбыс. Мәні – адамның аңсаған арманы, қуанышы мен күйінішін, өмір құбылыстарын сан алуан сиқырлы иірімдер арқылы санаңа жеткізіп, жүрегіңе құйып беретіндігінде. Маңызы – сиқырлы да сүйкімді ырғақтарымен, тебіреністі тербелістерімен адамды дүние сырын түсінуге, сұлулықты сезінуге жетелейді.


*1 Джумакова У., Кетегенова Н. Казахская музыкальная литература. – А., 1995.*

*2 «Қазақстан кәсіпкері» журналы . – А., 2004. №6.*

*3 Меңдаяқова Қ., Қарамолдаева Г.Ж. Мектепте музыка тәрбиесін беру әдістемесі. - А.,1997.*

*4 Қазақ өнерінің тарихы. ІІ том. – А., 2008.*



**Аннотация**

**Природа, значение и содержание казахскогомузыкального языка**

В данной статье рассматривается различие содержания и значения, этапы становления и развития природы музыкального языка, передающие богатство казахской музыки. Язык музыки – вечный инструмент, связующий окружающую среду с миром. Во все времена музыка объединяла людей. Музыка является выразительным средством описания картин природы. Музыкальный звук – это особый звук. Со своими смысловыми особенностями смысл музыки заключается в том, чтобы через волшебные звуки донести до слушателей людские чаянья и думы, радости и переживания. Музыка позволяет нам постичь прекрасное, познать души людей. В этом ее значении.


**Ключевые слова:** синхронный, диахронный, вербальным языком, голографизм, монодиальные ладофункциональные элементы, фольклор.

**Abstract**
**The nature, meaning and content of the kazakh musical language**

This article discusses the difference between content and meaning, stages of formation and development of the nature of musical language that convey the richness of Kazakh music. The language of music, perpetual instrument, connecting the environment with the world. At all times, the music brings people together. Music is an expressive means of describing the paintings of nature. Music sound a special sound. With its semantic meaning features music is that through the magical sounds to convey to the audience the human aspirations and thought, the joy of the experience. Music allows us to understand the wonderful, to know the souls of men. This is its meaning.

**Key words:** synchronous, diachronic, galographics, monodual, lado functional elements, folklore.

**УДК 78.05 (045)**

# МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІПТІК ДАЯРЛЫҒЫНА ҚАЖЕТТІ ШЕШЕНДІК ҚЫЗМЕТІ

**М.С. Бегалова** – *аға оқытушы*
*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Мақалада музыка мұғалімдерінің сабақ беруде, педагогикалық қызметте, сөйлеу мәдениетінде, шешендік өнерді меңгеруі үшін қажетті ұстанымдар мен ұсыныстар қарастырылған. Мұғалімнің жан-жақты мәдениеті мен шеберлігі, сөйлеуге арналған жаттығулар, шешендік өнерге дағдылануға қажетті нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің алатын орнына тоқталған. Ғасырлар бойғы тарихтан белгілі данышпан шешендер мен ақындардың ауыз әдебиетінен қалған, жинақталған деректерден мысалдар келтірген. Мұғалімге қазіргі заман талабына сай, сөйлеу мәдениетіне назар аударып, қазақ халқының тіл байлығын сабақтарда қолдана білуге кеңестер сонымен бірге, тынысты дұрыс алу сияқты ұсыныстарда енгізілген.

**Кілтті сөздер**: фонация, физиология, риторика, иллюстрация, режиссерлік мизансцена.

Ертеден дана халқымыздың шеберлігін арттырып, халық тілінің қайнар бұлағына айналған – шешендік сөздер, бейнелі сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту тіл дамыту жұмыстарымен бірге пәндер арқылы да іске асады. Ғасырлар бойы жинақталған тіліміздің байлығы ана тілін қастерлеп, тілдегі ұлттық рухты терең тануына мүмкіндік беріп оқыту музыка пәні мұғаліміне де тән қызмет. Оны оқытуды тұтас әдістемелік жүйе ретінде зерделеу маңызды мәселелердің бірі деп қарауға болады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілмен қатар басқа да тілдерді, бүгінгі таңда етегін тереңге жайып келе жатқан үш тұғырлы тіл саясатын дамытудың іргесі ертеден қаланғаны біз айтпақ болып отырған ойдан белгілі болады. Әрине, саясат бағыты жас ұрпақты сара жолдан адастырмайтыны мәлім. Тек сол ұрпақ сөздердің басын біріктіріп, айтар ойын ұшқыр жеткізе білсе болғаны. Дана Абай мен қасиетті қазақ тілінің киесін жоймаған сөз зергері Мұхтардың ұрпағы екенімізді ұмытпай, бай тіліміздің қадірін қашырып, қарнын ашырмай келер ұрпақ еншісіне аманаттасақ болғаны. Шәкірттердің тіл шеберлігін арттырып, шешендік өнерді қалыптастыруға бағытталған өзіндік ойымызды тізбектеп көрсек, тілім дейтін, тілім үшін жаным садаға дейтін өр намысты қайсар ұлттың ұрпағы бола тұра, бұл мәселені қозғамай кету үлкен сын болар еді.

Бұл жерде кәсіби-сөйлеу өнерін қалыптастыру қажеттілігін атап өту керек. Музыка мұғалімі шығарманы тек орындап қана қоймай, музыкалық бейненің көңіл-күйін әсем, көркем, қысқа, қисынды жеткізе білуі қажет.

Жеке адамды жан жақты дамытудың қажетті шарты тұрғысынан сөз өнері педагогтар зерттеулерінде мүмкіндігінше қарастырылған, мысалы: Я.Каменский, Ф.Дистерберг, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов.

Музыка мұғалімінің сөйлеу өнері орындаушылық өнермен тікелей байланыса отырып, музыка ағартушыларының (Б.В.Асафьев, Б.Д.Яворский, В.С.Цукерман т.б.) еңбектерінде аталынып өтілді. Музыка мұғалімінің сөйлеу әрекетінің теориясы мен практикасына аса үлкен үлес қосқан Д.Б.Кабалевский. Ал, сөйлеу өнері Қазақстанның ағартушы-тіл мамандарының еңбектерінде қарастырылған (С.М.Исаев, Р.Сыздықова, М.Р.Қондыбаева, З.Б.Бисембаева, Б.Х.Игенбаева т.б.) [1].

Жас ұрпақты өнер сүйгіштікке, адамгершілікке, ізгі қасиеттерге баули отырып, елді қорғау, ар-намыс үшін күресе білуге, өзінің дінін, салтын сақтауға, дәстүрлі ән өнері арқылы тәрбиелеу – біздің

бірінші кезектегі міндетіміз.

Жастарға ән айтқызу, күй шерткізу, өлең-жыр жаттату, жаңылтпаш, жұмбақ үйрету немесе теңге алу, жамбы ату, аударыспақ, күрес т,б, ұлттық ойындарын үйрету тәрбиенің өзекті мәселесі болған.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді қазақ мәтелі. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді және ол әлі жалғаспақ, ат сабын өзгертіп, өрлеген саналы тірлік. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол тірлік дамуының балабақшасы – тәрбие. Ал сол тәрбиенің ішінде кең ұғымды қамтитыны – музыкалық тәрбие. Оның ішінде өнердің алар орны ерекше.

Атақты педагог, ғалым В.А.Сухомлинский "Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады"- деп, ұстаздық өнерге ерекше баға берген [2].

Жас жеткіншектерге тәрбие беру ісінде мұғалімнің атқаратын міндеті зор. Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, мұғалім мәдениеті мен шеберлігін төмендегідей бөліктермен анықтауға болады:

1. Мұғалімнің сыртқы келбет мәдениеті.

2. Мұғалімнің өзін-өзі басқару шеберлігі.

3.Мұғалімнің мимика және понтомимика шараларының (жест) мәнері негіздері.

4. Мұғалімнің мәдениеті, әдебі, сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеті, дем алуы, дауыс дикциясы, интонациясы.

Педагогикалық әдептің негізі – оқушыға деген шын ықыласты және олардың адамдық ар-ұятына деген қөзқарасында жатыр. Педагогикалық әдеп баланы адам ретінде сыйлау деп есептеуге болады.

Мұғалім жұмысында педагогтік әдеп сақталмайынша оқушылармен тіл табысу мүмкін емес, ал оқушылардың тілін таппайынша оқу-тәрбие үрдісінде ілгерілеу жоқ.

Мұғалімдер көп жағдайда «сөйлеп-сөйлеп шаршадым, демім жетпей қалды, дауысыма күш түсіп кетті» деп шағымданып жатады. Олар мұндай жағдайдың түпкі себебі – дұрыс тыныс алуға әдеттенбегендіктен болатынын біле бермейді.

Кәсіби қызметі дыбысталған сөзбен байланысты адамдарды бірінші кезекте сөйлеу процесіне ықпал ететін фонациялық тыныс алу қызықтырады. Фонациялық тыныс алудың негізгі белгілері:

- белсенділік – тыныс алу сөйлеуіміздің қуатты негізі (энергетикалық база) болып қызмет етеді;

- дем шығарудың ұйымдасқан түрі. Әдеттегідей тыныс алғанда біз дем шығару процесіне, оның қайда бағытталатынына мән бермейміз. Фонациялық тыныс алу дыбыстың пайда болуымен және таралуымен тікелей байланысты, сол себепті тыныс алу жүйелі болу керек;

- дем шығаруды реттеу – демді шығарғанда саналы түрде бірнеше бірдей бөліктерге бөліп жіберу шеберлігі. Фонациялық тыныс алу ырғағы әдеттегідей дем алудан қатты ерекшеленеді. Бұл жерде демді ішке жұту сыртқа шығарғанға қарағанда 10-15 есе қысқа. Тыныс алуды реттеген жағдайда демді сыртқа шығару процесінің өзін 20 немесе 30 бөлікке оңай бөліп жіберуге болады, сонда әр сөз толық дыбысталады. Мұндай жаттығуды саналы түрде жасауға болады;

- сөйлеп тұрған сәтте ауаны көптеп жұтуға тырысу. Тыңдаушыларға сездірместен тез әрі жігерлі түрде ауаны ішке жұтып, сәті түскен кідірістерде ауа қорын толтыруға үйренуге жаттығу керек. Тыныс алуға жаттығу психикалық жағдай және қозғалыс сияқты екі маңызды фактордан туындайды.

Тыныс алу, яғни дем алу – дыбыстың қуат-күші, күре тамыры. Мысалы, актер, болмаса көркем сөз шеберінің дауысының жарқын да, жайлы, ашық та анық, сұлу да сүйкімді шығуы оның қалай тыныстап, қалай дем алуына тәуелді. Адам өз демін саналы түрде ыңғайына қарай еркімен пайдалана алады. Дұрыс тыныс алу, оның өз зандылықгарын сақтай отырып машықтану ағзаның қалыпты жұмыс істеуіне көмектеседі.

Тыныс алудың екі түрі бар. Олар: физиологиялық және фонациялық түрлері.

Физиология – ағзаның қызметі және оны реттейтін заңдылық.

Фонация – сөйлеу мүшелерінің қызметі нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылуы.

Адам тіл қатпай, үнсіз тұрған кезде тыныс алу аппараттары оны оттегімен қамтамасыз етеді, яғни дем алғанда ол өкпеге барады, ал демін сыртқа шығарған тұста кеудең көмір қышқылынан босайды. Тыныс алудың бұл түрін физиологиялық немесе газ алмасу деп атаймыз. Әңгіме үстінде дем алмай тұрмаймыз. Дәл осы кезде дем алудың физиологиялық қызметіне дауыс келіп қосылады. Тыныс алудың мұндай түрін фонационды, яки тіл дыбысының пайда болуы дейміз[3].

Шешеннің міндеті – өз дауысының диапазонын анықтап және әуенділігін өзгертуге тырысу.

Дауыс күші – дауыс желбезегінің тербелу деңгейі мен шырығуына (бұлшық еттердің жиырылуы) байланысты. Тербеліс қарқыны күшейген сайын дыбыстың айтылуы да күшейеді.

Дауыс күшін есту арқылы айыруға болады, ол төмен, орташа, жоғары болады. Дыбыстың айтылу деңгейі өзгермейді (бірқалыпты, сабырлы дауыс), бірақ белсенділіктің бағыты мен мінезі өзгереді, күшейеді, әлсірейді, бұл процесс шұғыл немесе баяу өтуі мүмкін.

Шешендіктану (риторика) – ең көне замандарда қалыптасқан ғылым саласы. Жазба әдебиеттер оның мыңдаған жылдарға созылған тарихы бар екенін көрсетеді. Адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде бұл сала бірде жоғарылап, бірде бәсеңдеп өмірден өшпей, ұдайы даму үстінде болды. Шешендіктануда басқа ғылым салаларына қарағанда, дәстүрлер жалғастығы, тарихилық, ұлттық ерекшеліктерді қамту, сонымен бірге әлемдік рухани құндылықтарға үлес қосу сияқты ерекшеліктер айқын байқалады.

Қазіргі кезде қазақ білім беру салаларында шешендік өнерге баса көңіл бөлінуде. Бұл – заңды құбылыс. Себебі, кез келген қоғамдық жүйенің еркіндікке бет бұруына байланысты адам құқығына, оның бас бостандығына, оның ішінде сөз еркіндігіне де ерекше назар аударылады. Тіл өнерін меңгеру қай кезде де қажет болған. «Ертедегі шешендікті ел басқару ісіне араласа алатын билердің, әкімдердің, ақсақалдардың ғана өнері деп түсінсек, енді шешендікті көпке ортақ қасиет деп түсінеміз», - дейді ғалым М. Балақаев [4].

Шешендіктанудың негізі қайдан басталады деп білеміз? Тарих фактілері шешендік өнердің шарықтап дамуын көне Грек және Рим империяларының гүлденген кезеңіне байланыстырып көрсетеді.

Шешендік өнердің театрлануы бір ғана ғасырдың көлемінде болған жоқ әрине. В.Шекспирдің өлмес трагедияларындағы кесек кейіпкерлердің айшықты һәм шешен тілі сол кезеңдегі ағылшынның балаң әдебиетінің ғана жетістігі емес екені бесенеден белгілі, ондағы сюжеттердің көбі халықтық өнерден бастау алған. Король Лир мен бекзада Гамлеттің шешен өрілген монологтарынан сол кезеңдегі сөз өнеріне ерекше мән берген, кестелі сөзді кесекті өзек еткен ертедегі Грекия мен Рим әдебиетінің қоңыр салқын желі еседі. Ол әдебиеттің де негізі халықтың сөз өнері болатын. Нақ осыған ұқсас даму құбылысын қазақ театры да басынан кешірді. Қазақтың шешендік өнері орта ғасырдағы қазақ билерінің сөз саптау үлгілерінен бастау алғаны аян. Шешендіктің жеке өнер ретінде шарықтаған тұсы XVIII ғасырға тап келеді. Салқам Жәңгірдің ұлы Әз-Тәуке хан құрамына қырғыз бен қарақалпақ ұлыстарын қосып қазақ мемлекетін ұлғайтты. Қажет кезінде маңызды мәселелерді хан атынан шеше алатындай құзырлы билер кеңесін – Жеті Санатты құрды. Шешендік өнердің тағы да бір өркендеу тұсы осы кезеңге саяды. Қазақ мемлекетіндегі қоғамдық-саяси қарым-қатнастарды анықтап отыратын тарихқа белгілі «Жеті Жарғы» дүниеге келді. Далалық заңдардың жинағындай болған бұл құрылым қазақтың жеті биінің ұзынсонар тәжікелесінен туындаған мәмілелердің бәтуалылығы, дала демократиясының көрінісі еді. Кейбір рулар мен ұлыстардың басқару тізгіні өз орталарынан, ағайын арасынан шыққан би-шешендерінің қолында болды. Тәшкеннің түстігіне қарай 40 шақырым жердегі Ангрен өзенінің сол жағасындағы «Күл-Төбеде», Тәуке ханның «Ханабад» деп аталатын Қонысында әр жылы күзде би-шешендер 1-2 айға жиналып, жата-жастана ел мәселелерін толғайтын. «Күл-Төбенің» басында күнде кеңес» деген ұтқыр сөз тіркесі содан қалған. Бұл жиындар ел арасындағы дау шешу немесе заң шығару мәселелеріне арналып отырған. Сондықтан да дала ділмарларының абыройатағы ел арасында аса жоғары деңгейде болды. Міне, осындай тарихқа белгілі ұлы уақиғалар, аттары аңызға айналған тұлғалар от ауызды, орақ тілді, ділмар кейіпкерлерімен ерекшеленетін қазақ авторларының пьесаларына зор әсер, әрі өте пайдалы ықпал еткені, тіпті оның әрекеттік һәм сюжеттік құрылым әдістерінің өзегі болғаны да аян.

Қазақтың шешендері мен дуа ауыздылары бұл өнерді риторикалық оқулықтардан оқып – үйренбегенін, немесе олардың шеберліктерінің ұстамы кітәби сөздерден тұрмайтынын белгілі ғалым Б.Адамбаев та өз зерттеулерінде баса айтады. Аса әдемі өрілген сөз кестесі мен салмақты ой қатпарларын, деп атап көрсетеді ғалым, олар поэтикалық тапқырлығы мен үйлесімдігі мол халықтың қара сөзінен, жыр-дастандарынан, эпостарынан, яғни халықтың фольклор бұлағынан алған. Қазақтың шешендік өнері қазақ театрында сүбелі орынды емденеді. Алғашқы қазақ спектакльдеріндегі монологтар мен кестелей өрілген диалогтар пьеса қаһармандарының сұлу қиыстырылған сөздерінен тұратынын, оны көрерменнің құлақ құрышы қана тыңдайтынын, оған ешбір ұтымды режиссерлік мизансцена мен сәнді сахналық шешімдердің пар келмейтінін еске сала кеткеніміз жөн.

- организацию коррекционно-компенсирующей, коррекционно-развивающей работы обучающихся, основанной на их посильном участии в разнообразных видах и формах художественно-творческой деятельности (художественно-речевой, музыкальной, изобразительной, декоративно-прикладной, театрализованной).

*Выбор методов и приемов воспитания и обучения в артпедагогике определяется:*

- индивидуальными особенностями и возможностями студентов;
- их интересами и склонностями;
- уровнем подготовки;
- целями и задачами художественного развития;
- спецификой воздействия каждого из видов искусства;
- формами организации художественной деятельности;
- объемом и качеством художественной информации;
- мастерством педагога, уровнем владения специальными педагогическими технологиями и технологиями художественного развития.

*Методы артпедагогики основаны* на общепринятых подходах к их классификации в дидактике, в художественной педагогике, учитывают необходимость подбора для каждой личности индивидуально такой композиции методов и приемов, которые бы дали наибольший эффект. Методы и приемы художественного развития в артпедагогике должны органично сочетаться с методами и приемами педагогической работы. Это требует от педагогов очень тщательного отбора методов в их оптимальном сочетании, с учетом конкретной ситуации.

Отбор и композиция методов и приемов обучения и воспитания в артпедагогике должны, с одной стороны, максимально способствовать художественно-эстетическому развитию (формированию художественной культуры, художественно-творческих способностей, художественно-творческой деятельности), с другой – отвечать особым образовательным потребностям студентов.[3]

Это в значительной степени осложняет работу педагога, который должен мастерски владеть технологией художественно-коррекционного развития, и требует от него достаточно высокой квалификации, хорошего знания основ артпедагогики и основ смежных наук, постоянного творческого поиска, знания индивидуальных особенностей студентов, их интересов, склонностей.

Обучая и воспитывая студента на самопознании, педагог, прежде всего, опирается на положительные тенденции в развитии его личности и умения выполнять многообразные социальные роли, которые станут сущностью жизни молодого человека в учебной и профессиональной среде.В итоге артпедагогическая практика выступает как процесс, который воздействует на подсознание личности, получение ею положительных эмоций, как доступный способ самовыражения и построения образа будущего, как понятный и доступный язык для восприятия, средство развития чувства прекрасного и гармонизации личности, как средство само регуляции воздействия с помощью ассоциаций, метафор, иносказаний, архетипов, как средство нейтрализации агрессии и повышения самооценки, как деятельность, предоставляющая возможностьучаствовать в создании произведений искусства, открытия новых собственных возможностей, сопереживания, осознания чувств других людей, возможности встать на место другого, а также как средства общения с другими людьми, объединения в группу с себе подобными, возможности наиболее полно выразить свои чувства, осознать собственные проблемы.

*1. Сергеева Н. Ю.Арт-педагогическое сопровождение профессиональной подготовки будущего учителя: диссертация / Н. Ю. Сергеева. Чебоксары: ЧГПУ им. И. Я. Яковлева, 2010. - 432с.*

*2. Сметанина Алена Юрьевна. АРТ-педагогическое сопровождение духовно-нравственного развития детей в условиях дополнительного образования.240 с. Новосибирск 2009 г.*

*3. Арт-педагогика и арт-терапия в специальном образовании: Учеб.для студ. сред. и высш. пед. учеб. заведений /Е.А.Медведева, И.Ю.Левченко, Л.Н. Комиссарова, Т.А. Добровольская. – М.: Изд. Центр «Академия», 2001.*

**Аннотация**

**Артпедагогиканың әдістері мен принциптері**

Берілген мақаланың мақсаты қазіргі тәрбие үрдісіндегі артпедагогиканың дамуын және қалыптасуын анықтау. Студенттердің көркем мәдениетін және көркем мәдениетінің негіздерін артпедагогика мақсаты арқылы анықтау. Тұлғаның әлеуметтегі қалыптасуын өнердің салаларымен анықтау. Өнердің қиындықтарымен психологиялық әсерімен, эмоционалдық кезеңдерімен таныстыру. Өнердің әсері психокоррекцияға жиналған жүйке-жүйенің әсерін, жаңа қоршаған ортаға қадам басуына ынталандырады. Мақалада артпедагогиканың принциптері мен әдістері және болымдық кезені, қазіргі ғылыми білімнің облыстарында дамуы қарастырылған. Жалпы педагогикамен байланыс жолдары. Мақала ұстаздарға, ата-аналарға және өнер арқылы тәрбиелеуге қызығатындарғаарналған.

**Кілтті сөздер:** арт-педагогика, принциптер, әдістер, тәрбие, тәлім-тәрбие, білім, көркем мәдениет, өнер, тұлға, даму, қағида және тәжірибе, шығармашылық, психика.

**Annotation**

**Principles and methods of artpedagogiki**

The purpose of the article to analyze the emergence and development of ethnopedagogics in the modern educational process. Explain the main goal pursued artpedagogika, its impact on the artistic development of students and the formation of the foundations of art and culture, social adaptation of personality through art.

To acquaint with the process of the perception of art is a complex mental activity that combines cognitive and emotional moments. Psychocorrectional the effect of art on the personality is expressed as to the effect of "purification" of the accumulated negative experiences and allow to embark on a new relationship with the outside world. And clearly consider the principles and methods artpedagogiki in the educational process. The whole article is devoted to the spirit of the principles and methods artpedagogiki - one of the areas of modern scientific knowledge. The ways of its development and the relationship between the general pedagogy. This article is intended for teachers, parents and anyone interested in issues of education through art.

**Keywords:** artpedagogik,principles, methods, upbringing, education, fine arts,art, personality, development, theory and practice, creativity, psychics.

**ӘОЖ 787.8**

## КҮЙ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Мұстафаев Ерболат Жұмашұлы** – *Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,*
*Абай атындағы ҚазҰПУ «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының аға оқытушысы*

Адамзаттың мәдени мұрасы болып саналатын 10 мұраның қатарына қазақтың күй өнері қосылып отыр. Бұл қазақ халқының ғана емес, қазақ өнерінің де мәртебесін көтере түспек және ұлтымыздың мәдени тарихына қосылған сүбелі үлес деу керек. «Күй» сөзінің этимологиясына да бір тоқталып өтейік. Қазақ жағдай сұрасқанда «Күйлі-қуаттысыз ба?» немесе «Көңіл күйіңіз қалай?» дейді. Демек, «күй» сөзі тек бір адамның ғана емес, бір отбасының, бір ауылдың, бір өңірдің, жалпы бүкіл халықтың көңіл-күйі, тұрмыс-тіршілігі деп түсінген жөн. Жоғарыда айтылған он мың күйдің атына шолу жасай отырып, талғампаз тыңдарман қазақ ұлтының терең тарихымен таныса алады. «Өткенге топырақ шашсаң, болашақ сені таспен атады» дейді данышпан қазақ. Біз қазақтың күй өнері арқылы келер ұрпаққа оң тәрбие бере алсақ, біздің болашағымыз да жарқын болары сөзсіз. Тәрбиелі ұрпақ қана елімізді ұшпаққа шығара алады. «Ұлт тәрбиесі – ұлттық өнерде» деген ұлы сөзді болашақ жастарға жеткізу керек.

**Кілтті сөздер**: күй, музыкалық білім беру, өнер, мұра, мәдениет, ұлттық өнер.

Қазақтың күй өнері ғасырдан ғасырға, атадан балаға, ұстаздан шәкіртке, жең ұшынан жалғасып келе жатқан қайталанбас қасиетті өнер болып табылады. 2014 жылдың 28 қараша күні Париж қаласында өткен ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріндегі отырыста «Күй өнері – қазақ ұлтының ғана төл өнері.

Домбырамен күй орындаудың қазақ халқының бірлігі мен өзіндік ерекшелігін, ауызбіршілігін сақтаудағы атқаратын маңызы зор» деген сөз жазылды. [1]

Сөйтіп, адамзаттың мәдени мұрасы болып саналатын 10 мұраның қатарына қазақтың күй өнері қосылып отыр. Бұл қазақ халқының ғана емес, қазақ өнерінің де мәртебесін көтере түспек және ұлтымыздың мәдени тарихына қосылған сүбелі үлес деу керек.

Қазіргі жаһандану заманында жастар эстрадалық жеңіл әндерге, шоу бағдарламаларға қызығып жүрген кезде ұлт тәрбиесіне жете мән берілмей жүргенін көзіміз көріп жүр. Қазақ ұлтының төл өнері күй, қисса-дастан, жыр, өсиет-термелердің теледидардан және радиодан, концерт сахналарынан сирек көрінуі ойлы азаматтардың жанын жегідей жеп жүргенін сезіп жүрміз. Жалпы, жаһандану саясаты түптеп келгенде ұлт атаулының өзіндік ерекшеліктерін, даралығын жояды. Бұл жерде космополитизмнің де иісі аңқып-ақ тұр. Әрине, «бәріміз бір «Жер» атты планетада өмір сүріп жатырмыз, ұлттар бөлінбеу керек» деген т.с.с. дәйектер айтылады, дей тұрғанмен, ұлт ерекшелігі оның тілінен, салт-дәстүрінен, тегінен және т.б. көрінеді.

Біз, оқытушылар, балаға білім беру жағынан кенде емеспіз, бірақ тәрбие беруге келгенде ақсап жатамыз. Атақты А.Эйнштейннен сұрапты: «Баланы тәрбиелі етіп өсіру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?» деп, сонда ол «Балаларға ертегі оқып беріңіздер» деген екен. Бұл нағыз ғұламаның сөзі деп айтар едік. Ертегі айтылған жерде ауыз әдебиеті де, жазба әдебиеті де, мәдениет те, тарих та, география да, музыка өнері де қамтылады. Біздің қозғайын деп отырған тақырыбымыз – «Күй өнері арқылы жас ұрпаққа тәрбие беру». Сіз күйді тыңдамай, білмей, түсінбей-ақ қойыңыз, домбыра тартпай-ақ қойыңыз. Күйдің тек атына ғана шолу жасай отырып, балаға оң тәрбие беруге болады деп толық айта аламыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетейік.

ЮНЕСКО ұйымы «Қазақ халқының ата-бабалары осыдан бес мың жыл бұрын жылқы малын қолға үйреткен, сауып сүтін ішкен, мініп көлік еткен» деген деректі өз мұрағатына алтын әріппен жазып қалдырған болатын. Қазақ халқында 6 мың күй бар деп Ақселеу Сейдімбек ағамыз айтып кетіп еді. [2].

Қазір ғалымдар, өнер зерттеушілері «10 мың күй бар» деп айтып жүр. Сол күйлердің көпшілігі жылқы малына арналған. Атап айтсақ, «Көк ала ат», «Қара жорға», «Торы ат», «Қара қасқа ат», «Боз жорға», «Бозшолақ», «Майда жал», «Тел қоңыр», «Торы жорға», «Торы аттың кекіл қақпайы», «Торы жорғаның табақ тартуы», «Сал күрең», «Мың жылқы», «Ат жортақ», «Балжыңгер», «Тепеңкөк», «Жетім торы», «Сылаң торы», «Көкбалақ», «Жібек жал», «Желқара», «Ат қалған», «Боз айғыр», «Жирен жорға», «Исатайдың Ақтабаны-ай», және т.б. Демек, біз жылқы малы мен күй өнерінің арасындағы тығыз байланысты көріп отырмыз. Бұл біздің ата-бабаларымыздың бай-бақуатты болғанын көрсетіп тұр, және де ұлтымызға деген мақтаныш сезімін ұялатады.

«**Ақсақ құлан» күйі.** Қазақ күйлерінің аттарында «ақсақ» сөзі жиі кездеседі. «Ақсақ құлан», «Ақсақ құла», «Ақсақ киік», «Ақсақ тоқты», «Ақсақ қаз» және т.с.с. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде Қорқыттың қобызын көру үшін Арқадан жолға шыққан қырық қыз туралы аңыз бар. Қырық қыздың біреуі ақсақ болады. Сыр бойына сол ақсақ қыз ғана жетеді. Қалған отыз тоғызының ажалы жол азабынан, ит-құстан, ыстық-суықтан, желден, басқа да табиғи апатынан жетеді.

Қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында, Сырдария өзенінің жағасында орналасқан Қорқыт кесенесінің маңында «Ақсақ қыздың» моласы тұр.

Бұл жерде айтылатын бір әфсана бар. Адамның төрт құбыласы түгел болмайды. Егер түгел болса, адам құдайды ұмытып кетеді, өзін өлмейтіндей көреді. Зағип жанды көргенде көздің қадірін білу, шолақты көргенде екі қолдың қадірін білу керек. Бейіттерде жазылған «Біз сендердей болғанбыз, сендер де біздей боласыңдар» деген жазу ел аузында қалған көне сөздердің бірі болып есептеледі. Адам өзінің ажалды екенін түсініп, біліп жүргені абзал. «Ақсақ» сөзінің мағынасын да осы ойдың төңірегінен іздеген дұрыс деп ойлаймыз.

**Қорқыттың күйі «Башпай».**

«Бұл күй – Қорқыттың өлер алдында шығарған соңғы күйі» дейді халық. Қорқыттың аяғы байқамай қарындасына тиіп кетеді. «Мені көмгенде, башпайымды далаға шығарып көміңдер, ит-құс жеп кетсін» деп Қорқыт өле-өлгенше өзін кінәлі санап өткен екен дейді [3].

Бұл жерде біз қарындасқа деген ізгі құрметті көреміз. Ал, қарындасқа құрмет сөзінің қасында ана, әже, әпке, жеңге, жар, қыз, құдағай, құдаша, жалпы әйел затына деген құрмет көрініп тұр.

**Құрманғазы «Кісен ашқан».**

Бұл күйдің атымен Құрманғазы атамыз кейінгі ұрпаққа ой тастап кеткен. Күй атасы «Менің қолым мен аяғымда кісен бар, біз орыс империясының боданымыз. Бодандықтан бостандыққа жету керек.

Кісенді ашыңдар, болашақта қазақ тәуелсіз ел болу қажет, осы күйді тыңдай отырып, қазақ халқының басынан өткерген тағдыр-тауқыметін біліп жүріңдер, егемендікке ұмтылыңдар» деп айтып тұрғандай.

**Құрманғазы «Қызыл қайың»**

Құрманғазы түрмеден қашып келе жатады да, үлкен қызыл қайыңды көреді. Қайыңның түбіне барып тығылады, қуғыншылар көрмей, өтіп кетеді. Үйіне аман-есен келген соң «Қызыл қайың» деп күй шығарады. Күй тек бір ағашқа арналған деп айтсақ, ол саяз ойлау болар еді. Атамыз қазақтың тау-тасы, ағашы, өзен-көлі, жалпы қазақ даласының табиғатына риза болып тұр. «Мені орыс қуғыншыларынан қорғап қалған қазақтың бай табиғаты» деп айтқысы келгендей әсер қалдырады.

**Құрманғазы «Аман бол шешем, аман бол»**

Күйші күйін анасына арнаған. «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» дейді дана халық. Күйдің атына жете мән бере отырып, жас ұрпаққа ананы сыйлауды, құрметтеуді үйрету әр саналы, тәрбиелі азаматтың парызы дер едік [4].

**Халық күйі «Нар идірген»**

Бұл күй әр өңірде әр түрлі нұсқада тартылады. Тарихын қысқаша айта кетейік. «Бір байдың түйесінің ботасы өліп, иімей қояды. Бай күй тартып, идірген өнерпазға қызымды беремін дейді. Сол жиынға бір шал, бір жігіт, бір жас бала келеді. Үшеуі кезекпен күй тартады. Шал өз күйімен нарды идіріп жібереді. Шалға тигісі келмеген қыз түйенің желінін қысып ұстап, кезек жігітке келгенде сауа бастайды. Жас бала қызға қолым жетпеді деп өкініп күй тартады».

Осылай «Шалдың тартқаны», «Жігіттің тартқаны», «Баланың тартқаны» деген атпен «Нар идірген» күйі ел құлағында қалды. Жоғарыда айтып кеткендей, бұл күй өнері мен жан-жануардың байланысын көрсетеді, әрі домбыра аспабының қасиетін аша түседі.

**«Аққу» күйі.** Бұл киелі құсқа арнап күй шығармаған күйші кемде-кем. Аққу сыңарынан айрылғанда, өзін биіктен жерге тастап өлтіреді екен. Бұл күй адамдарға «тату болыңдар, махаббаттарың мәңгі болсын, бір-біріңнен айрылмаңдар» деген ізгі ой тастайды.

**Сейтектің күйі «Заман-ай».** Күй 1915-16 ж.ж. шыққан. Бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кез болатын. Орыс әскерлері қазақ даласына келіп, зорлықпен ер адамдарды окоп қазуға деген желеумен айдап алып кетіп жатады. Қазақ халқының басына түскен сол зұлматты көзімен көрген Сейтек «Заман-ай» деп, зарланып күй шығарады. Бұл күйді күй- жоқтау деп айтуға болады.

Біз аз ғана мысал келтірдік. Енді, «Күй» сөзінің этимологиясына да бір тоқталып өтейік. Қазақ жағдай сұрасқанда «Күйлі-қуаттысыз ба?» немесе «Көңіл күйіңіз қалай?» дейді. Демек, «күй» сөзі тек бір адамның ғана емес, бір отбасының, бір ауылдың, бір өңірдің, жалпы бүкіл халықтың көңіл-күйі, тұрмыс-тіршілігі деп түсінген жөн. Жоғарыда айтылған он мың күйдің атына шолу жасай отырып, талғампаз тыңдарман қазақ ұлтының терең тарихымен таныса алады.

«Өткенге топырақ шашсаң, болашақ сені таспен атады» дейді данышпан қазақ. Біз қазақтың күй өнері арқылы келер ұрпаққа оң тәрбие бере алсақ, біздің болашағымыз да жарқын болары сөзсіз. Тәрбиелі ұрпақ қана елімізді ұшпаққа шығара алады. «Ұлт тәрбиесі – ұлттық өнерде» дегенді астын сызып айтқымыз келеді.


1. *Kaztag.info/news/detail.php?ID=322764*
2. *А.Сейдімбек «Күй-шежіре». – Алматы, 1992. -14 бет.*
3. *Ә.Қоңыратбаев, М. Байділдаев «Қорқыт ата кітабы». – Алматы, 1986*
4. *А.Жұбанов «Құрманғазы күйлері қалай шыққан». – Алматы, 1993*



**Аннотация**

**Проблемы воспитания молодого поколения через искусства куй**

Народный кюй является наследием культурного искусства человечества подключается к статусу ряда казахского искусства. Казахский народ не только повышает статус свой собственный, обогащаясь народным искусством, но одновременно является носителем большого вклада в культурную историю нации. Истории народных кюев отражает историю казахского народа.

Ссылаясь на наследие, оставленное казахами через тысячелетие, вслушиваясь в звучание кюя, тысячи зрителей смогут узнать историю казахского народа глубоко и проникновенно вслушиваясь в истоки звучания кюя. "Еслив прошлое вы бросите песок,будущеезабросает вас камнями». Казахский народ для будущего поколения дает знания через музыкальное образование, прогнозируя, что наше будущее будет светлым. Образование поколения,культура и национальное искусство нации великое слово, обращенноекмолодежи будущего могут дать прекрасные плоды для прорастания талантливой молодежи.

**Ключевые слова**: кюй, музыкальное образование, искусство, наследие, культура, национальное искусство.

**Annotation**
**The problem of educating younger generations through art kui**

which is the heritage of the cultural heritage of humanity is connected to the status of a number of Kazakh art. Kazakh people will not only raise the status of the Kazakh art and must say that it is a major contribution to the cultural history of the nation. "Status" Let us consider one of the etymology of the word. Kazakh surasqanda "couple power?" Or "How is your mood?" He said. Consequently, the "status" is not only one person, one family, one village, one of the general well-being of the entire population of the region, it should be understood that the real-life. Referring to the above ten thousand state, demanding the audience will be able to learn the history of the Kazakh nation deeply. "In the past, you must throw it into the soil in the future stone called" genius Kazakh. Kazakh status to the right of future generations through arts education, we predict that our future will be bright. Educated generation can not uşpaqqa country. "The nation's culture and national art" is a great word to the youth of the future.

**Keywords:** composition, music education, art, heritage, culture and national art.

**УДК 5527**

# КОСМИЗМ КАЛМЫКОВА

**Татаева Асель Еркеновна** – *кандидат философских наук,*
*ст. преподаватель ИИКиС, КазНПУ им. Абая*

*Цвет измеряется скоростью движения эфирных волн…*
*Сергей Калмыков[3]*

Странного человека одетого в сшитые из старых декораций разноцветные костюмы и красный бархатный берет с большой холщевой сумкой через плечо помнят многие алмаатинцы. Человека, который на вопрос, почему он так одет, отвечал что хочет выделятся из общей массы обывателей «единственным красочным пятном». Сергей Иванович Калмыков. За своим сказочным балахоном он прятал утонченную духовность и внутреннюю ранимость [1]. Рисование было его постоянной потребностью. Это была потребность поделиться своими образами, чувствами и размышлениями о мироздании с людьми. Его трепетное и хрупкое искусство объединяет в себе реальность и фантазию, и дает возможность выйти за пределы видимой реальности, где живая и неживая материи сосуществуют, подчиняясь единым законам. В своих работах художник размышляет над столкновением обыденности с оригинальной, неповторимой индивидуальностью человека. «Надо возвышено наслаждаться каждой случайностью в сочетании обыденных вещей! Это дорога к полному овладению техникой на пути к великому будущему искусства» [2]. В результате мы видим бережное и точное отношение Калмыкова к окружающему миру. Нас поражает выразительность силуэтов, связь изобразительных элементов с надписями, его ощущение цвета. Художник как будто проверяет чистоту и нужную силу каждого тона и определяет возможность сосуществования тонов, находит такое их звучание, чтобы, сохранив свою индивидуальность, силу, характер, каждый цвет не только соотносится с соседним, но и с общим колористическим строем картины.

***Ключевые слова:*** Сергей Иванович Калмыков – художник, «единственным красочным пятном», бархатный берет.

Сергей Иванович Калмыков (1891-1967) родился в Самарканде. В 1909-1910 годах жил в Москве, посещал художественную школу К.Ф. Юоона и подготовительный курс Московского училища живописи, ваяния и зодчества. В двадцать лет переехал в Петербург и поступил в художественную школу В.Н.Званцевой, где получил возможность обучаться у К.С. Петрова-Водкина и М.В. Добужинского. Затем семья художника переехала в Оренбург, там он учился в гимназии. Затем работал художником Средне-Волжской передвижной оперы и делал костюмы и афиши для Оренбургского театра и цирка. В 1935 году был приглашен в Казахстан для работы в только что созданном музыкальном театре (в наше время это Казахский академический театр оперы и балета им. Абая), где проработал много лет.

Сергей Калмыков был городской легендой. Многие горожане, если не были с ним знакомы лично, то часто видели его на улицах и базарах, в скверах Алма-Аты, удивляясь его необычным одеждам и неординарному поведению. О нем писал Юрий Домбровский в романе «Факультет ненужных

вещей», после публикации, которого имя Калмыкова стало известным далеко за пределами Казахстана [4].

Души и чувства обнажение, оптимистическая драма – такие поэтические формулы приходят на ум, когда пытаешься осмыслить в целом творчество художника. Сотворенный художником мир душевно чист, искренен и простодушен. С первого взгляда можно почувствовать большую убежденность, любовь без идеализации и запоминающуюся личностную окраску. Его искусство соединило в себе фантазию и реальность, здесь так многое возможно. Вечные светила природы и угловатые грани городов по-разному вторят жизненно-творческим темам художника. Их духовная сущность обобщена живописцем в разнообразных изображениях свободно парящих фигур.

Свои рисунки и картины Калмыков не продавал. Он создавал их для будущего зрителя, как и свои многочисленные альбомы, исследования, стихи. И только после смерти художника некоторые его литературные труды разошлись по частным коллекциям, как и многие картины, гравюры и рисунки.

Художник строил собственную модель мира, отражая свое представление о миропорядке, в котором живая и неживая материи существуют по единым законам. В нем была редкостная уверенность в избранном пути, он многие годы, десятилетия практически ежедневно, без перерыва работал. Для него важна общая гармония всех персонажей в произведении. Художественный мир Калмыкова – это сфера действия сил, пытающихся пронести трепет жизни и хрупкость мечты сквозь холод и бездушие обыденности, сквозь равнодушие и потребительство окружающей его действительности [5]. Конкретные переживания художника, пройдя через фильтр внутренней оценки, воссоздается так, что перестает быть «куском жизни» и становится феноменом жизни. И в то же время у него не чувствуется какой-то мучительно-напряженной, доходящей до драматизма ноты раздумья, хотя в его работах все имеет отношение ко всему. Создания мечтателя органически вырастают из нелегкого процесса утверждения яркой творческой индивидуальности, и личной неустроенности, даже беспомощности, из вечно страннического удела.

В результате мы видим бережное и точное отношение Калмыкова к окружающему миру. Нас поражает выразительность силуэтов, связь изобразительных элементов с надписями, его ощущение цвета. Художник как будто проверяет чистоту и нужную силу каждого тона и определяет возможность сосуществования тонов, находит такое их звучание, чтобы, сохранив свою индивидуальность, силу, характер, каждый цвет не только соотносится с соседним, но и с общим колористическим строем картины.

Наследие Калмыкова это более тысячи живописных и графических произведений. Его графика – рисунки карандашом и тушью, гравюры на картоне, акварели и монотипии, поражающие фантазией в выборе тем, персонажей и композиционных построений. Калмыков часто работал с натуры, испытывая радость от цветущего дерева, солнечного света. «Взгляните на сохнущие от холода листья! Что может быть красивее их ржавчины – черной, желтой, красной». [6] Цельное и сложное состояние природы сплавлено с глубоким авторским переживанием. В его живописи ощущается контраст между произведениями натурного характера и фантастическими, в образную структуру которых включены вымышленные и реальные персонажи, существующие в необычной среде. И вся цветовая партитура удивительным образом создает стройный «гобеленный» колорит.

В произведениях Калмыкова нас привлекают выразительность силуэтов, связь изобразительных элементов с надписями, ритмичность цвета и линии. Буквы подписи и дата строгим декоративным элементом вплетаются в структуру произведения. Подписи и дата часто входят в живописные и графические работы дополняющим композиционным элементом. Обычно это работы более декоративного характера, чаще всего написанные по памяти или воображению. «Надо возвышенно наслаждаться каждой случайностью в сочетании обыденных вещей!» [7]. Его привлекало равноценное значение контура плоскостных фигур и контрасты цветовых сочетаний. Высокий красочный рельеф обогащает цвет переходами тона, выявленным в фактуре внутренним ритмом.

Живописной поверхности холста Калмыков всегда придавал большое значение, она составляет важный компонент в структуре его художественных образов. Плотная живопись его работ с изображением восточной архитектуры, башен, крепостных стен, колесниц, трубящих слонов, принцев и могучих рыцарей напоминает бурный поток, пробивающий себе русло. Самыми разнообразными способами лепит Калмыков поверхность холста, «впечатывая» в него эмоции, добиваясь точности фактур, разработанности ритмов, полифоничности разных форм. В поиске неоднозначных цветовых решений мир передается художником как разветвления и грани, как варианты отражения все того же безмерного облика то смиряющейся, то бунтующей, гибельной и спасительной красоты. Именно цвет

с его интенсивностью, борение предельно напряженных контуров и пятен помогает выявить своеобразное мировоззрение художника. В материально весомых и, одновременно, летучих образах остаются драматические интонации, но они же помогают создать глубокий образ жизни.

Отбрасывая бытовые и повествовательные реалии, Калмыков стремится воссоздать глубинно-жизненные характеры своих персонажей, средствами чистой пластики, добиваясь предельного напряжения тона и силы гармоничных или диссонансных звучаний. В отдельных произведениях, близких по композиционному построению мы видим повторяющиеся найденные ранее пластические фразы. Художник умеет цитировать свои находки, не утомляя зрителя. Каждая такая реплика органично входит в новый развивающийся образ, насыщается новой эмоцией. Все складывается в ясно читаемое настроение.

Сегодня можно говорить с уверенностью о ярком своеобразии его творческого мира, вобравшего в себя гротесковую резкость, аналитичность и редкой одухотворенности поэтическое ощущение бытия. Только в живейшем взаимодействии разнообразных пространственно-временных пластов сохраняется сила произведений искусства. Прошлое, настоящее, будущее человеческой культуры в ее эстетической и этической ценности неразрывны для Калмыкова, как само движение жизни. Поэтому жизнь в его отражении обретает естественность подлинно творческого процесса. «Искусство вечно. Тысячелетиями оно сверкает своими созвездиями над нашими ничтожными волнениями...» [8].


1. *В.Бучинская. Сергей Калмыков. Алматы, «Өнер», с.16.*
2. *С.Калмыков. ЦГАК. Отдел литературы и искусства. Личный фонд Калмыкова. Дневники, рукописи.*
3. *С.Калмыков. ЦГАК. Отдел литературы и искусства. Личный фонд Калмыкова. Дневники, рукописи.*
4. *Ю.Домбровский. «Факультет ненужных вещей». Алма-Ата, «Жазушы»,1975.*
5. *В.Бучинская. Сергей Калмыков. Алматы, «Өнер», с.13 -14.*
6. *С.Калмыков. ЦГАК. Отдел литературы и искусства. Личный фонд Калмыкова. Дневники, рукописи.*
7. *С.Калмыков. ЦГАК. Отдел литературы и искусства. Личный фонд Калмыкова. Дневники, рукописи.*
8. *С.Калмыков. ЦГАК. Отдел литературы и искусства. Личный фонд Калмыкова. Дневники, рукописи.*



**Аңдатпа**

**Калмыковтың космизмі**

Суретші Сергей Иванович Калмыковтың елден ерек сырт пішіні көптеген алматылықтардың есінде: ол үстіне кенептен тігілген, көне декорациялардан құрап, бояған әлеміш киімдерімен жасанып, басына қызыл барқыт телпек киіп, иығына үлкен кенеп дорба асынып, күнделіктерін, суреттер мен гравюраларға арналған шаршы, үш бұрышты альбомдарын соған салып жүретін. Неге бұлай ерсі киінетінінің себебін сұрағандарға тоғышарлардың қалың тобынан «өзгеше оқшау көрінгім келеді» деп жауап беретін. Калмыковтың көркемдік әлемі - өмірдің дірілі мен нәзік арманды күнделікті өмірдің ызғары мен қатыгездігінен, айналадағы өмір шындығының енжарлығы мен пайдакүнемдігінен құтқаратын күштердің өзегі. Оның өнері қиял мен шындықты ұштастырды. Мұнда бәрі бар: неше түрлі жұлдыздар, көбелектер мен гүлдер қосыла билейді, пілдер балалардың ойыншықтарына, ежелгі адамдардың ұғымында жұмыр жерді арқасымен тіреп тұрған алып жануарларға кереметтей ұқсас. Суретші ішінде жанды және жансыз материя ортақ заңмен өмір сүретін әлем тәртібі туралы өз түсінігін бейнелей отырып, әлемнің өз ұғымындағы моделін жасайды. Оған ортақ үйлесімдегі алып пілдің де, құйттай көбелектің де, жарық жұлдыз шоғырының да, әлгі бояу жағылған картон бөлшегінің де маңызы бірдей.



***Кілтті сөздер:*** Суретші С.И. Калмыков, «өзгеше оқшау көрінгім келеді», көне декорациялар, суреттер мен гравюраларға.



**Annotation**

**Sci-fi Kalmykova**

Many Alma-Ata dwellers remember the peculiar appearance of the artist Sergei Ivanovich Kalmykov: motley costumes made of canvas or cut out of stage scenery, a scarlet beret of velvet and a large linen bag across the shoulder where he kept his journals and big square or three-cornered albums for drawings and prints. When asked why he was dressed in such a strange way, he would say he wanted to be distinguished from the general mass of humans in the street «by the only colourful spot». The artistic world of Kalmykov is the sphere of acting forces which strive to retain the trepidation of life, the fragility of dream through indifference and consumerism of the surrounding reality. His art merged fantasy and reality: whirling in one dance are many-coloured stars, butterflies and flowers, the elephants are strikingly like both children’s toys and those huge animals whose backs, as the ancients believed, supported the Earth. The artist builds a free model of the world, reflecting his idea about the world order where both animate and inanimate substances exit according to the same laws. In the general harmony equally important for him are the huge elephant, the little butterfly, the bright constellation and this piece of cardboard with a colourful coat.



***Keywords:*** the artist S. I. Kalmykov, «by the only colourful spot», drawings and prints.

**УДК 398,8**

# САБАҚ ӨТКІЗУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘНЕРІ

**Намазова Қамаш Бейісжанқызы –**
*Абай атындағы ҚазҰПУ, «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының профессоры*

Сүбелі сөз, қисынды, шынайы сөйлеу адам баласы үшін – үлкен бақыт. Даналарымыздың айтқан сөздерін оқып, үйреніп, оны өзіміздің сөздік қорымызға енгізіп, негізгі аспаптан дәріс беру кезінде орынды қолданғанымыз жөн. Сонымен қатар студентіміздің де сол сөзден нәтиже шығаратыны белгілі және оқушы да өзінің сөз қорын дамытатындай болып, әсерленіп, құштарлануы қажет. Музыка сабақтарында сөз өнері студенттердің шығармашылық белсенділігін ұйымдастырудың және арттырудың факторы қызметін атқарады. Музыка мен сөз өнерінің көмегімен оқушыға жеткен идеялар, ойлар сезімдер оның бойында қызығушылық әсерін тудырады, ерік-жігерін жұмылдырады, музыкалық есту, қабылдау әрекетіне, қабілетінің даму процесіне итермелейді. Негізгі аспаптан дәріс беретін оқытушы өзінің сөйлеу мәдениетін әрдайым жоғары ұстауы арқылы студенттердің музыкаға деген қызығушылығына қолайлы жағдайлар туғыза алады.

Мақалада негізгі музыкалық аспап-қобыз пәні сабағының өткізілуі кезінде оқытушының сөйлеу мәнерінің әдісімен сабырлы, қарапайым тілмен жұмсақ, түсінікті, анық өтілуі жайлы айтылады.

**Кілт сөздер**: әлеуметтік, сөйлеу өнері, әдіс, тәуелді, ұғынықты, қылыштың жүзіндей, ынтызар, құрамдас, ерік-жігер, жұмылдырады.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз-жөн», деп айтып кеткен. Қоғамымыздың мәдени-саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми және инновациялық жаңарулар негізінде жатқан өзгерістер жас ұрпақ тәрбиесін ізгілендіру міндетін уақыт алға жылжыған сайын қажет етуде. Сол уақыт ағымы алға жетелеген бұл міндет болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігін айқындайды. Адам бойындағы мәдениеттің негізгі көрсеткіші-«сөйлеу» мәдениеті деген. Қазақ халқы сөзге аса мән беріп, сөйлеу мәдениетіне биік талаптар қойған. «Сөздің көркі-мақал., мағынасыз сөз болмайды, мақалсыз ел болмайды»,-деп айтылатын ой-пікірдің әрі қысқа, әрі нұсқа болуын ескерткен. Енді айтылатын негізінен өзекті мәселелердің бірі-оқытушының сөйлеу өнері, адамзаттың жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қоғамда жоғары бағаланып, білімділік, біліктілік- интеллектік деңгейінің көрсеткіші ретінде саналады. Ал, оны қалыптастыру жоғары оқу кәсіби білім берумен қатар, оқытушының «Сөйлеу мәдениеті» әдісімен тікелей байланысты. Өзін-өзі тани алмайтын, тәжірибесіз, көңіл мен ойы беймарал құбылмалы да толқымалы болып отыратын студентке дем беріп қуаттайтын да, жүрегіндегі отты, жалынды жандыратын да, музыканың мазмұнды образын толық, дәл түсіндіретін де үлкен күш–оқытушының студентпен қарым-қатынасы болып табылады. Сөз адам санасының салмақтылығын анықтайтын ақылы мен білімінің, дүниетанымының, мінез-құлқының этикалық-эстетикалық талғамының басты өлшемі, деп түсінген дана халық. Жас ұрпақ тәрбиесін жүргізуде, сөз өнерін жетілдіруде тіл мәдениетіне баулып, тәрбиелеуге аса назар аударған. «Аяғы нашар төрді былғар, аузы жаман елді былғар», «ішімдегінің бәрі тілімде, тілімдегінің бәрі түрімде», «жақтырмаған жүре сөйлеседі, жарамсақтаған күле сөйлеседі», деп жастарға ескертіп отыру қажет. Міне, енді, осы қарым-қатынастың шебер оқытушы арқылы жанданып кетуі әрине оның сөйлеу өнеріне, мәдениетіне тікелей тәуелді. Өз ойын сабырмен сыпайы жеткізе алатын оқытушы ғана шәкіртінің ойына қозғау салып, оның жан дүниесін тербеп, өзіне сендіре алады. Сондықтан шынайы тұлға ғана болашақ тұлғаларды тәрбиелей алады. Мысалы, көпшілік алдында сөз сөйлеу және сол сөздің сүбелісін пайымдау-үлкен өнер. Жалпы, сөз өнері-шығармашылықтың ішіндегі ерекше сала. Ол, жеке адамның ішкі дүниесінің шексіз мүмкіндігін ашу қасиетімен құдіретті. Көркем сөз, көркем ой әрбір адамның өз көкірегінен шынайы тууы тиіс. Сонда ғана сөз өнері, музыка,ән секілді пірге айналып, адамды ынтызар, құштар болуға жетелеп, сол арқылы қызығушылықты оятады. Қандай да болсын күрделі ойды қарапайым тілмен ұғынықты етіп, жеткізуге тырысқан жөн. Алайда, ойдың жосығы әсте қарабайырланбауы керек. «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер»,-деп орынды сөйлеуге, сөздің қадірін түсінуге, әрбір айтылған сөзге жауапкершілікпен қарау керек екендігі айтылуы тиіс.

В.Г. Белинскиий: «Егер сені ой билесе, айтар сөзің айқын, егер сен ойды билесең, айтар сөзің одан да айқын» деген. Сөздің, ойдың құдіреті сол: онда сезім тазалығын сөздің шынайлылығын қалыптастыратын адамның психикасын дамытатын музыкаға деген қызығушылығын арттыратын тылсым күш-жан бар. Сөз-өнердің қайнар көзі, шешендік өнер. Қазақ- табиғатынан ділмар, шешен халық. Бізде ежелгі Грек, Рим мемлекеттеріндегідей шешендер тәрбиелейтін арнаулы мектептер болмаған, әйтсе де қадірін білген халқымыз ел ішінен шыққан тума дарын шешендерді, ақылгөй қария, күміс көмей әнші-жыршыларды айрықша көтермелеген. Тілі қылыштың жүзіндей өткір, ойы салиқалы, терең қысылғанда қиыннан қиыстырып, жол табатын шешендердің әділ төрелігіне тоқтай білген. Халық туғанына, қанына тартпай тура билік айтқан шешендерді ханнан бетер бағалаған. Ата-бабаларымыздан мәңгі өшпес мұра болып қалған аса бағалы буындарының бірі–шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар. Тарихтан халқымыздың сонау Жиреншеден бастап, Сырым, Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Тайкелтір, Бөлтірік, Мөңке, Майқы би сынды тағы да атақты би-шешендер болғандығын жақсы білеміз. Шешендік нақылдар мен толғаулар-ділмар ата-бабаларымыздың алтыннан соққан сөз сарайы, тіл маржаны, ақыл ойдың дариясы, қасиетті ата-бабамыздың келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлы өсиеті. Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау да айтып кеткен.

Орынды, сүбелі сөз, қисынды, шынайы сөйлеу адам баласы үшін – үлкен бақыт.

Сол даналарымыздың айтқан сөздерін оқып, үйреніп, оны өзіміздің сөздік қорымызға енгізіп, негізгі аспаптан дәріс беру кезінде, тіпті жалпы музыка сабағында орынды қолданғанымыз жөн. Сонымен қатар студенттің де сол сөзден нәтиже шығаратыны пешенеден белгілі және оқушы да өзінің сөз қорын дамытатындай болып, әсерленіп, құштарлануы қажет. Негізінен алғанда сөз өнері музыка сабақтарында студенттердің шығармашылық белсенділігін ұйымдастырудың және арттырудың факторы қызметін атқарады. Музыка мен сөз өнерінің көмегімен оқушыға жеткен идеялар, ойлар, сезімдер оның бойында қызығушылық әсерін тудырады, ерік-жігерін жұмылдырады, музыкалық есту, қабылдау әрекетіне тартып, музыкалық қабілетінің даму процесіне итермелейді. Негізгі аспаптан дәріс беретін, жалпы музыка оқытушысына қойылатын негізгі міндеттердің бірі: өз басының сөйлеу мәдениетін жоғары ұстауы, сол арқылы ғана студенттердің музыкаға деген қызығушылығына қолайлы жағдайлар жасай алады.

Сабақты өту кезеңінде музыкалық шығарманы талдау, түсіндіру аспапта орындап көрсету тәсілдері және қорытындылау әрекеттерінің нәтижелілігі оқытушының сөз шеберлілігіне, икемділілігіне, шығармашылық қасиетіне байланысты. Оқытушы белгілі бір шығарманы (Ықылас-А.Жұбанов «Жез киік» күйін) орындап қана қоймай, ол туындылар жайында әңгіме жүргізіп, аңыз-әңгіме, шығу тарихын баяндап, пікір алысады, музыканың әсер ету күшінің мүмкіндігін сөз арқылы жеткізе түсуге тырысады. Оқытушының орынды да әсерлі көркем әңгімесі музыканы тыңдай, ішкі сезімталдықпен қабылдай білуге қызықтырып, оларды толғандырып, сан саққа ой жүгіртуіне жүйелі түрде оны аса зейінмен тыңдауға, талдап салыстыруға бағыттайды. Белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбеков: «Музыкаға келетін болсақ, ол қашан да даналарды шаттыққа бөлеп отырған, олар музыка арқылы халықтың жан-жүрегін тазарта алған. Музыканың әсер-ықпалының күштілігі соншалық, ол адамдардың мінез-құлқы мен салт-дәстүрін өзгерте алады, сондықтан да, бұрынғының басшылары халықтың жөндем музыка тыңдауын қадағалап отырған»- деп ой тұжырымдаған. Міне, біз осыдан-ақ музыканың адамзат тәрбиесінде ойып тұрып орын алатындығына еш күмән келтіре алмайтындығымыздың дәлелі. Мысалы, дәлел ретінде, ойдың жалғасы іспетті Н.Тілендиевтің «Аққу» күйімен таныстыруға тоқталып, дарынды композитордың шығармашылық өмірін, шебер домбырашы, талантты дирижер екендігін айта келе, аққу тақырыбын өнердің түрлі салаларымен ( ән, күй, би, поэзия, әдебиет, бейнеле, театр, кино) байланыстырып, көркем суретті қолдана отырып, тәккапар, сұлу, адал, киелі құстың бейнесі М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын толығымен шебер аша білуде оқытушының жан-жақты білімді-біліктілігін байқататын бірде-бір өнер. Музыка жайындағы осындай қызықыты, әсерлі әңгімелерден кейін, студент-шәкірттердің қызығушылығы артып, музыканы талдау барысында көптеген жетістіктерге жетіп, ішкі сезімдері ерекше күйге бөленеді.

Сабақтағы музыканы орындау, тыңдау, талдау және әрбір әңгіме сайын студент-шәкірт белсенді ізденіске тартылып, музыкалық бейнелермен идеяларды табуға қатысады. Олардың музыкалық шығарманы қабылдауы мен орындауы айқындырақ болады. Оқытушы-дәріскер сөзі музыкалық шығарма алдында және оның мәнерлілігін талдау барысында қолданған кезде студенттердің музыка-

ны айқынырақ аңғаруының белсенділігі артады. Мұның себебі негізгі аспапта оқитын студенттерді жинап алып, олардың зейінін шығарманың бейнелілік жағына аударса, қызығушылықтары артады, айтылған аңыз-әңгімелерді қабылдау үшін қажетті дайындық құрылады және олардың қиялы мен сезімдік жауаптары оянады. Жалпы негізігі аспаппен қосымша музыкалық сабақтардан дәріс беретін оқытушының сөзі сезімге бай, аспапта орындаған шығармалары сүйіспеншілікке толы, музыканы жете түсінуге білуге үйретуде ықылас-ниеті айқын да шынайы болғанда ғана сабақтағы әрбір оқытушы-ұстаз үшін қажетті сапа. Тәлімгер-студент кейін мектеп қабырғасында өз ұстазының тәлімгерлік әдісін жалғастырушы бола алады және өнері халықтың рухани асыл қазынасы ретінде бүгін мен болашаққа қызмет көрсете бермек.

Ал, оқытушы жұмысының нәтижелілігі оның кәсіби даярлығына негізделе отырып, музыкалық аспапта орындаушылық шеберлілігіне, музыкалық сауаттылығына және сөз шеберлігіне тікелей байланысты.

*1. М.Мұқатаев – Өмір-өзен. Алматы, 2005ж.*
*2. Р.Сыздықова – Сөз құдіреті. Алматы, 1997ж.*
*3. І.Есхожин – Шешендік шиырлары, Алматы, 1993ж.*

**Аннотация**

**Манера речи студентов по проведению занятии по музыке**

В статье говорится о педагогике казахского народа, которой была призвана из поколения в поколение передавать выработанный социальный опыт, а музыкальная педагогика, передавая особое «духовное» богатство старшего поколения младшему, создавая тем самым преемственность культуры общества от одного поколения к другому. Система музыкального воспитания представляет собой составную часть эстетической культуры казахов. Поэтому исследование основных принципов народной казахской музыкальной педагогики является одним из важнейших путей постижения и возрождения национальных духовно-эстетических традиций. Не вызывает сомнений то, что изучение этнокультурных традиций способно дать могучий поток научной информации, что в конечном результате положительно скажется на развитии современной педагогической практики музыкального обучения. В статье подчеркивается общение педагога во время занятии по основному предмету (кобыз), обращая внимание на грамотность, культуру речи. Воспитание студента – основная цель педагога, к которой стремится каждый педагог. Фундаментом, необходимым условием воспитания будущего учителя музыки, является элементарная грамотность и культура речи в общении со студентами.

**Ключевые слова**: социология, манера речи, метод, зависимость, понятливо, острость ножа, любознательность, компонент, воля, мобилизовать.

**Annotation**

**Manner of speech students to conduct lesson on music**

The article describes the pedagogy of the Kazakh people, which was designed from one generation to transmit generated social experience, and music pedagogy, passing a special "spiritual" wealth older generation younger, thus creating a continuity of the culture of society from one generation to another. The system of musical education is an integral part of the aesthetic culture of the Kazakhs. Therefore, study of the basic principles of Kazakh folk music pedagogy is one of the most important ways of understanding and revival of national spiritual and aesthetic traditions. There is no doubt that the study of ethno-cultural traditions can give a mighty flow of scientific information, that the end result is a positive impact on the development of modern pedagogical practice of musical education. The article emphasizes the communication of the teacher during the lesson on the main subject (kobyz), paying attention to literacy, culture of speech. Education of students - the main goal of the teacher sought by each teacher. The foundation, a necessary condition of the future teacher of music education is basic literacy and culture of speech in dialogue with the students.

**Keywords:** Sociology, manner of speech, method, dependency, ponâtlivo, ostrost′ knife, curiosity, the component will mobilize.

ӘОЖ 373.1.02

# ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ӨНЕР МЕН ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ ӨЗІНДІК СИПАТЫ

**Ақбаева Ш.Ә.** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Өнер, мәдениет және спорт институтының «Бейнелеу өнері және сәндік қолөнер әдістемесі мен теориясы» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Педагогика Ғылымдар Академиясының корреспондет мүшесі*
**Бакаиев Р.С.** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Өнер, мәдениет және спорт институтының «Бейнелеу өнері және сәндік қолөнер әдістемесі мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы*

Автор мақалада «дәстүр», «ұлттық мәдениет», «дәстүрлі өнер», «дәстүрлі мәдениет», «руханилық», «менталитет» ұғымдарына терең анықтама береді. Сонымен қатар қазақ халқының дәстүрлі өнерінің ерекшеліктерін, өзінің болмысын, табиғи сипатын, оқыту мен тәрбиелік мүмкіндіктерін, құндылығын, дүниетанымдық маңызын, дәстүрдің мағынасы мен адам дамуындағы алатын орнын айқындайды. Ескі мен жаңаның арасын-дағы сабақтастықтықтықты және дәстүрдің жеке адамдардың жан дүниесіне, көңіл-күйіне де жағымды әсер ететін оң қасиеттерін аша отырып, дәстүрлі өнерді меңгеруге, игеруге және оның негізінде жаңа образдар сомдауға және адамның жан жақты болып қалыптасуынакөмектесетінруханилыққұбылыс екені сөз етіледі. Мақалада көптеген ғалымдардың дәстүрлі өнер мен мәдениет жөнінде айтылған пікірлері сараланады. Автор сонымен қатар кеңес үкіметі кезеңінде реалистік өнердің қалыптасуына байланысты дәстүрлі өнердің жойылғандығын сөз етеді және жалпы қазіргі кездері дәстүрлі өнердің этномәдениетпен, ұлттық педагогикамен тығыз байланысын, оның жас ұрпақты тәрбиелеуде таптырмайтын құрал бола тұра, бүгінде үлкен маңызға ие екендігі жөнінде айтылады.

***Кілтті сөздер:*** дәстүр, бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы өнер, мүсін, сәулет, менталитет, зергерлік өнер, бой тұмар, миф, мифология, зиялылар, дүниетаным, қайта өрлеу, реставрация, ревайвал, мұра.

Дәстүр түсінігін өмір мен танымдық мәніне байланысты қарастырып көрейікші. Қоғам дамуы барысында адамдар арасындағы қалыптасып, өркендеп, өзгеріп отыратын және ондағы тұрақтылықты ретке келтіріп отыратын қоғамдық құралды "дәстүр" дейміз. Қоғамның қай саласында болмасын тұрақтылық болмаса даму да болмайтыны сияқты, дәстүрсіз жаңа нәрсенің қалыптасуы мүмкін емес.

Егер қоғамдық қатынас сатылы дамиды десек, дәстүр әрбір жаңа сатыда сақталумен қатар, өзгеріп, жаңарып отырады. Дәстүрлер арқылы қайта жаңғырту пайда болады. Ол арқылы заманы өтіп бара жатқан ескі қатынас түрлерінен өз заман талап-тілектерін қанағаттандыратын жаңа формалар жүйесі қалыптасып, болашақтағы қатынас түрлеріне жаңаша қуат беріледі.

Дәстүрдің мағынасы мен адам дамуындағы маңызы ол руханилықтың иесі болып табылатын жанды тұлғаның өздігінен ізденуіне, жаңарып отыруына, өз өмірін шығармашылыққа айналдыруға мүмкіндік береді.

Дәстүр арқылы адамдар өткен дәуірлердегі құндылықтар туралы тек біліп қана қоймай, оның маңызды және қажетті деген элементтерін өз бойына сіңіріп, өзінің рухани мұратына, мақсатына айналдырып отырады. Осындай жағдайда ғана нағыз рухани сабақтастық болуы мүмкін. Рухани дәстүр адамды қайта түлетуі қажет.

Дәстүр жеке адамдардың жан дүниесіне, көңіл-күйіне де жағымды әсер етіп, қуанышқа бөлейді, оларды қоғамдық талаптарға ұжымдастырып, рухани бірлестіктерге ынталандырады. Дәстүр адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынастарына әсер етіп, ондағы әлеуметтік, психологиялық ахуалдың жақсаруына жәрдемдеседі. Тарихи, рухани сабақтастық - жалпы дамудың, соның ішінде ғылыми, көркемдік дамудың да объективті заңдылығы болып табылады. Дәстүр мен жаңаның арасындағы сабақтастық жоқ жерде ілгері өрлеу, даму болмайды. Өйткені адамзат баласы тарихи дамудың әр сатысында әдебиет пен көркем өнерді, ғылыми жетістіктерді қайталамайды, керісінше жаңаша қалыптастырып, өзгертіп, жетілдіріп отырады.

Сонымен бірге дәстүр шектеуші қызметін атқарады. "Дәстүр – адамдардың қоғамнан даяр күйінде алатын, өздерінің тәртіптерін жөнге түсіріп және әрекетке келтіріп отыратын тетік болып саналады. Дәстүрді бұзғаны үшін берілген жаза тайпалардың бірлігін сақтауға көмектесетін қорғаушы құрал болып табылады" [1,55б].

Адам тек зерделі тіршілік иесі ғана емес, сонымен бірге оның бойында қасиетті рух бар.

"Руханилық - бұл сыртқы болмыс универсумын тұлғаның ішкі ғаламына этикалық негізде айналдыру қабілеті, сол ішкі әлемді құрау қабілеті арқылы үнемі өзгеріп отыратын жағдайдың алдында адамның өзіне сәйкестігі мен оның еркіндігін жүзеге асыра білуі. Руханилық ақыр аяғында өзіндік мағыналық космогонияға, әлем образының тұлғаның адамгершілік заңымен бірігуіне әкеледі" [2,213б].

Жалпыдәстүрлі өнерді меңгеруге, игеруге және оның негізінде жаңа образдар сомдауға көмектесетін жәнеадамның жан жақты болып қалыптасуына көмектесетін руханилық құбылысының бірнеше іргелі салалардың бір-бірімен тығыз байланысынан өрбиді, түзіледі.

"Дәстүрлі өнер" ата-бабамыздан келе жатқан көптеген ғасырлар бойы шыңдалып, санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде сіңіпқалыптасқан өнер түрі болып табылады.

Біз бұл жерде екі түрлі нәрсені ескеруге тиіспіз. Біріншісі – дәстүрлі өнерді алғашқы қауымдық кезең өнерімен шатастырмауымыз керек. Себебі дәстүрлі өнерде алғашқы қауымдық кезеңдегі, тіпті одан бергі сақ, қыпшақ-қимақ, түркі мәдениеті өн бойында тұтас сақталып жатқанымен, ол – кейін де өзгерістерге ұшырап, бүгінгі күнге жеткен халықтық өнер.

Екіншісіне, кейбір зерттеушілер дәстүрлі өнер деп 1920 жылдарға дейінгі өнерді жатқызады. Кеңес үкіметі кезеңінде реалистік өнердің қалыптасуына байланысты дәстүрлі өнер жойылған секілді. Бұл да сыңаржақты түсінік деп есептеуіміз керек. Себебі қалай мойындамаймыз десекте кеңес үкіметі тұсында қаншалықты қудалауына қарамастан дәстүрлі мәдениет өз болмысын сақтап қана қалған жоқ, сонымен бірге бейнелеу өнерімен жарысып, кей жағдайда онымен ұштаса отырып дамып келді.

Сондықтан дәстүрлі мәдениет жөнінде айтқанда, біріншіден, тарих тезінен өтіп, өзіндік сипатын сақтап келген халықтың рухани қазынаны айтамыз. Бұл қазіргі мұражайларда тұрған тарихи көне ескерткіштер болса, екіншіден, қазіргі халық шеберлерінің қолынан шыққан көркем бұйымдар. Үшіншіден, осы халықтық бұйымдардың қазіргі кезеңде жаңаша көрініс табуы. Төртіншіден, осы құбылыстардың балалардың көркем шығармашылығында өз қырынан сомдалуы. Егер осы жағдайды енді мектепке тікелей жанамалап айтатын болсақ, әрине, бұл оқушылардың халықтық мұраны, дәстүрлі өнерді өзінше қабылдауы, байымдауы, бағалауы. Баланың талғамы мен дүниетанымы осы сапаның қалыптасуымен тікелей байланысты. Біз сөз етіп отырған дәстүрлі өнер өнердің басқа түрлерінен өзгеше болып келеді. Оның өзінің болмысы, табиғи сипаты бар. Яғни дәстүрлі өнер қазақ халқының дәстүрлі өмір салтымен, материалдық және рухани дүниесімен, халықтық психологиясымен ерекшеленетін әлем мәдениетіндегі өз орнымен сипатталады. Сондықтан да дәстүрлі өнер этномәдениетпен, ұлттық педагогикамен байланысты.

Белгілі ғалым С.Ақатай өз мақаласында қазақтың ұлттық менталитетін қазақша өмір сүру дәстүрімен байланыстыра отырып қазіргі мәдениетіміздегі қос ағымды – қазақ немесе казах (ресми) және қазақы (этникалық) мәдениеттерді бөліп көрсетеді [3,81 б.]. Осыған ұқсас ой қазақ философиясының негізін қалыптастырушылардың бірі А.Х.Қасымжановтың еңбегінде де ұшырасады. Ол "нағыз қазақ" пен "шала қазақ" арасындағы өлшемдер көбінесе ұмытылған, шіріген дәстүршілдік пен "Тамаша" - деп аталатын театралданған шоудың тақырыбын қамтамасыз ететін трагикомедиялық модерннің шекараларын сипаттайды" - деп бүгінгі күннің шындығын дәл нысаналап белгілеген болатын [4,22 б.]. Ал педагог және мәдениеттанушы ғалым М.Х.Балтабаев қазіргі мәдениеттің даму ерекшелігіне арналған монографиясында қазақ менталитетінің өзегі ретінде Батыс пен Шығыстың танымдық формаларының синтезі түрінде көрінетін еуроазияшылдықты насихаттап, келешектегі қазақстандық қоғамды біріктіруші бірден-бір "ұлттық идея" деп үміттенеді.[5,84б.] Ал Д.Кішібеков өз еңбегінде қазақ менталитетінің өзіндік сипатын оның өткенімен, бүгінгісі мен және ертеңімен барлық қырынан байланыстыра қарастырады [6].

Менталитет ұғымына ұқсас "ұлттық мінез-құлық" түсінігі. Ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуына да қоршаған орта мен биологиялық фактормен қатар, берік дәстүрлі шаруашылыққа негізделген және нақты тарихи-мәдени жағдайларда қалыптасқан этнопсихологиялық-гомогендік ерекшелік - "қазақылық" немесе "қазақшылықтың" әсері мен маңызы күшті болды.

Ұлттық мәдениет – халық игілігі. Ол өткен уақыт пен қазіргі заманның үйлесімді қасиеттерін жинақтауы керек. Олай болса, осы кезеңдегі мәдениет ауқымы ұлтымыздың тарихи шежіресі, ғасырлар ізін тастаған дәстүрлердің жалғасы.

Дәстүрлі мәдениеттің құндылығын XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Халел Досмуханбетов басқа да қазақтың біртуар азаматтары табиғи күйінде, тәрбиенің ажырамас бөлігі ретінде түсінді. Олар ұлтымызды оянуға, білім алуға, сауатты болуға шақырды. Кейін бұл

арыстардың көбі қазақ алфавитін құрастыруда, оқулықтар жазуда, қазақ фольклорын жинақтауда, газет шығаруда, уағыздау жұмыстарын жүргізуде көптеген жұмыстар атқарды. Міржақып Дулатов өзінің мақалалары мен өлеңдерінде "білімді мыңды жығады, білікті бірді жығады", "жақсымен өткен мәжілістің бір сағаты бір жылға тең", "шығады асыл – тастан, өнер – жастан, тәрбие тәуір болса әуел бастан" деген қанатты сөздер мен өлеңдерінде, мақалаларында алға тартып, халқын оқу-білім алуға шақырады.

Одан кейін тәрбиенің рөлі жөнінде: "Жылқы біткен дүлділ болмайды, құс біткен бұлбұл болмайды", - дей келіп, -"Адам баласы да солай. Жұрттың бәрі шешен, әнпаз, ақын, данышпан болып туа бермейді. "Күйсіз көлік жүрмейді"деген бар. Дүлдүлге де күй керек, бұлбұлға да жайлы орын, көңілді бақша керек. Адам баласы бәрінен де артық күй таңдайды. Туысында қанша зеректік болса да, ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барын сезіп, өз жолына түссе ғана көзге көрінеді,- дейді.

Этностың пен өзіндік менталитеттің өзіндік ерекшелігі мен даму сипатына байланысты қалыптасадын халықтық педагогика проблемалары этнопедагогикалық мәселелерді түсінуге мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге дәстүрлі өнердің табиғи сипатын, оның шығу көздерін ұғуда бұл түсініктерге ғылыми анализ беру құрғақ дау-дамайды азайтады деп ойлаймыз. Оның үстіне әр терминді, ұғымды өз ретінде пайдалануға жағдай жасамақшы.

Дәстүр (латынша, *traditio* - жалғастыру) - тарихи қалыптасқан қоғам үшін пайдалы, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп және белгілі уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірибесінің жалғастығы мен жиынтығы, мәдени мұрасы: әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрыс қалыптары мен тәртіптері, үрдістер, жөн-жоралғылар, мейрамдар, церемониялар және т.б.

Адам қажеттілігін өтейтін барлық құндылықтар - материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтар - дәстүрді құрайды. "Салт-дәстүр - тіл мен мәдениет бастауларының анасы",- [7,252 б.] деген 18 ғасырдағы неміс ағартушысы И.Г.Гердер оның жазба мәдениет пен азаматтық қоғам қалыптасқанға дейінгі уақыттағы мәдениетті тасымалдаушы маңызын бағалап отыр.

Дәстүр ұғымы"сабақтастық", "мәдени мұра", "төлтумалық", "ерекшелік" түсініктерімен тығыз байланысты. Ғылыми талдау олардың айырмашылығын талап етеді. "Сабақтастық" - тарихи-мәдени тәжірибе процесіндегі жаңа мен ескі арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. "Мұра" - бұл уақыт ағымында өзгермейтін өткенге қатысты рухани-мәдени материал және ұрпақтардың рухани дамуының іргетасы болып табылады.

"Төлтумалық" өзіндік дамуға бағытталған қоғамның динамикалық принципі, оның "өмірлік ядросы" деген ұғымды білдіреді. Нағыз мәдениет, төлтумалылығымен, бірегейлігімен (идентичность-*identity*) дараланады. А.Сейдімбековтың сөзімен айтқанда: "Еліктеудің шын аты - қайталау. Рухани сұғанақ (плагиат) болған ел, біріншіден өзінің болашағынан айрылса, екіншіден өзгенің асылын малшылайды" [8, 9 б.].

Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жанұяда қалыпты қатынастардың бекітілуіне, үлкен мен кіші арасындағы қатынастарды, қалыптар мен ережелерді игеруге, шаруашылық жүргізудің қалыптасқан тәжірибесін жалғастыруға, еңбекке баулуға, ұлттық мәдениет пен тарихты қадірлеуге, ұлтжандылық тәрбиесі мен туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыруға, эстетикалық және көркем мәдениетті сақтауға жағдай жасайды.

Белгілі уақыттарда күшейе түсетін дәстүрге қайта бет бұру, оны зерттеуге ұмтылу тарихтағы өтпелі кезеңдерде ерекше мәнге ие болатын қоғамдағы үлкен қызығушылықтан туады. Мұндай жағдайда қоғамның рухани өмірінде "қайта өрлеу", "жаңғырту", "реставрация", "ревайвал" сияқты мәдени элементтер орын алады. Дәстүрлі құндылықтар жүйесідағдарысқа ұшыраған тұста дәстүрлерді заман талабымен үйлестіру мәселесі туындайды. Бұл жағдайда қоғамда "дәстүршілдік", "жаңашылдық", "архаистік", "батысшылдық", т.б. тенденциялар пайда болады.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті кеңес дәуірі тұсында тоталитарлық режимнің қысымымен "мазмұны пролетарлық, түрі ұлттық социалистік мәдениет" деген ұранмен мәдени қуғындаушылықты бастан кешірді. Оның салдары ұлттық сананың мәңгүрттенуіне әкелді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін 90-жылдардың алғашқы жартысында халқымыздың ұлттық дәстүрлерін қайта жаңғырту барысында бұқаралық сипатта көптеген іс-шаралар атқарылды. Ал соңғы жылдарда нарықтық экономиканың өмірге терең енуі мен батыстық өркениеттің "жемісі" - бұқаралық мәдениеттің дамуына барынша кері әсерін тигізуде.

Ұмыт қалған дәстүрлер мен ұлттық дүниетаным ғылыми тұрғыда зерттеле бастады. Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, Ә.Тәжімұратов, С.Ақатай, М.С.Мұқанов, А.Сейдімбеков, С.Қасиманов, Б.Байжігітов, Н.Шаханова т.б. еңбектерінде дәстүр философиялық-этнографиялық-мәдениеттаным-дық тұрғыда жан-жақты қарастырылады.

"Дәстүрлі", " мәдениет " түсініктеріне теориялық анықтамалар жасап, оларды жіктеп өткеннен кейін дәстүрлі өнердің көркемдік сипатына тоқталып, олардың атқаратын функциялық және көркем-дік міндетіне байланысты жіктеп өтуімізге болады. Алдымен, дәстүрлі өнер түсінігі өнердің қандай түрлерін қамтиды екен соған тоқталып өтейік.

Егер дәстүрлі өнерді бейнелеу өнеріне қатысты талдайтын болсақ, оған алдымен қол өнерінің түрлері және дәстүрлі сәулет, мүсін өнерлері кіреді.

Қол өнері - ғасырлар бойы шыңдалып практикалық іс-тәжірибе негізінде қалыптасқан іс-әрекеттің жемісі. Сондықтан ондағы шеберлік "қалыптау", "өру", "тігу", "бастыру", "қашау", "құрастыру", "түрлендіру", "бейнелеу" секілді "қолдан қолға", "атадан балаға" берілетін дәстүрлі тәжірибемен байланысты.

Халық қол өнері, яғни дәстүрлі өнер киіз үйдің ағашын, жабынын дайындаудан, оның ішіне қойылатын мүлік-жи¿здарын әзірлеуден, көшу, қону, жол-жорық, қару-жарақ жабдықтарын жасау-дан, киім тігуден, әшекей сәндік әсем бұйымдарды дайындаудан, т.б. көрінді. Бір сөзбен айтқанда көшпелі өмірдің табиғи болмысын құрайтын да, оның сәнін келтіретін де осы нәрселер мен бұйымдар еді.

Дәстүрлі өнерде әйелдер айналысатын өнер түрлері өрмек тоқумен, киіз бастырумен, сырмақ сырумен, кесте тігумен, шілтер шалумен, тері киім тігумен, ши ораумен, түрлендірумен байланысты болса, ер адамдар ағаш ию, сүйек ою, мүйіз балқыту, тас қашау, металл өңдеу, оны өрнектеу секілді іс-әрекеттермен шұғылданды. Кей жағдайда атқаратын ісіне қарай қол өнері үш топқа бөлінеді:

1. Шеберлер (ағаштан түрлі бұйымдар жасап, киіз үй жабдықтары мен тоқылатын бұйымдарды дайындайтындар)

2. Зергерлер (алтын, күміс мәдендері мен асыл тастарды пайдаланып, әшекейлі сәндік бұйымдарды дайындайтындар)

3. Ұсталар (ат әбзелдері секілді темірден заттар соғатындар).

Дәстүрлі өнер шығармаларының өзі жүктеп отыратын, оның өзінің бойынан шығатын бірнеше міндет бар:

- дәстүрлі өнер - эстетикалық тәрбие көзі. Педагогикада ол халықтық педагогикамен байланысты. К.Д.Ушинский халықтың өзіне ғана тән табиғилықсыз тәрбие болуы мүмкін емес деп ойлайды. Тәрбие өздігінен қалыптаспайды, ол халықтық рухпен бірге қалыптасады [9]. Дегенмен оны халық-тық педагогикамен ғана шектеу оның даму өрісін тарылтқан болар еді. Ол қазіргі ең жетік деген педа-гогикалық ілім айналысатын зерттеу объектісіне айналуға тиіс. Себебі ол қазіргі заманғы этнография, философия, өнертану, әдебиет, мәдениеттану, т.т. пәндердің көкейкесті мәселелерін қамтып отыр. Осы мәселелер оқу орындарының әдістемелік материалдарына енуге мүмкіндігі әбден мол;

- дәстүрлі өнер жастардың мінез-құлқындағы тәртіптің ұйытқысы. Педагогикалық канон дәстүрлі өнердің өн бойында жинақталған. Оның әсері діни ережеден кем емес;

- дәстүрлі өнер өзінің табиғи сипаты жағынан әдет-ғұрыпты сыйлауға, меңгеруге, игеруге тәрбиелейді. Әдет-ғұрып шектеушілік емес, керісінше адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді аша түседі;

- дәстүрлі өнер өрелі рухтың ұйытқысы салт-сәнділікті ұғынуға мүмкіндік жасайды. Көшпелі өмір барысындағы әр түрлі мейрамдарда, той, ас беру секілді шерулерде халқымыз ерекше сәнденіп, осы тойда бүкіл өнерін көрсетуге тырысқан. Ол қыз қуу, бәйге, көкпар, алтыбақан, айтыс, тартыс, т.б. секілді көптеген ойындар. Осы ойындардың әсемдігі жағынан маңызы өте зор;

- дәстүрлі өнердің жоғарыда айтылған қасиеттері баланы сұлулықты түсінуге ғана баулып қоймай, оның адамгершілік, мейірімділік, әділеттілік секілді қасиеттерін жетілдіреді;

- дәстүрлі өнердің (қол өнері, сәулет өнері) пішіні, кескіні, өрнектері, жалпы сұлбаны образды форма құрайтындығы түсінікті. Сондықтан да бейнелеу өнері сабағында форма мен мазмұн бірлігін анықтауға мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге дәстүрлі өнерде форма мазмұнсыз да қатыса береді. Оған себеп, біріншіден, көптеген өрнектердің, көркем бұйымдардың мазмұндық мәні қазіргі кезде ұмыт болды. Екіншіден, олар жай ғана сәндік бұйым ретінде қатыса алады;

- ең ақырында біз дәстүрлі өнер бұйымдарының әдет-ғұрып, наным-сенім, киелілік мағыналары-

ның негізінде оқушының дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырамыз.

Дәстүрлі өнерді осы өнер түрлерінда пайдалана білу белгілі әдебиет сыншысы М.Қаратаевтың 1960 жылдары айтқан ойымен сәйкес келеді: "Тұскиіз, оюлы текемет, кілем, сүйекті өрнек, кесте өрім - міне, осы өнердің бәрін халық жасаған, халықтың әсемдікті сүю сезімі, талғамы осы өнерде бейнеленген... өнердің халықтың арғы негізінен қол үзбеңдер, себебі өнердің шын мәнісіндегі халықтығы ғана жақсы. Ол талғамның, өміршеңдіктің, өшпес әсемдіктің кепілі болып табылады".[10, 26-27 б.]

Жас суретшілер қаншалықты модернизмге немесе өнердегі басқа да жаңа өтпелі ағымға еліктегенмен кез-келген бағыттың, кез-келген шығармашылық ізденістің негізінде халықтық болмыс сақталған дәстүрлі өнер жатады. Ол тақырып, сюжет, мазмұн, форма күйінде көрінуі мүмкін. Бірақ ол әңгіменің басқа жағы.

Маңғыстау жеріндегі қорымдарда сақталған монументті мүсін түрлерінен мысал келтірген кезде, біз, біріншіден, сыртқы сұлбасы кісітастарға ұқсас болып келетін вертикальді ескерткіштер – құлпытастарды айтамыз. А.Медоев діңгек тәріздес тас ескерткіштердің бойында менгир түсінігі жатыр дейді. Құлпытастар мәнін ұқтыру барысында балалардың дүниетанымдық түсінігіне игі әсер етуге болады.

Монументті мүсіндердің екінші түрі - қойтастар мен арқартастар. Қорымдарда қойтастардың бірбірін қайталамайтын мыңдаған түрлерінің кездесуі кездейсоқ жағдай ма? Бұрын біз ою-өрнектегі қошқармүйіздің орталық орын алатынын айтушы едік. Енді, міне, қойтас және қошқартастың да дүниетанымдық түсінікте, қазақтың тұрмыс-салты мен дәстүрінде жалғасын тауып отырғанын байқаймыз. Ол халықтың бүкіл рухани болмысын өз бойына жинақтайды. Оқушының көркемдік талғамына игі әсер ету барысында біз берілген мысалдарды орынды пайдалануға мүмкіндігіміз бар.

Ерте және орта ғасырлардағы оба түрлері, қала құрылыстары, Айша-Бибі, Бабаджа-Хатун, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, Домбаул, Жошы хан, Алаша хан, Қожа Ахмед Йассауи жәдігерлері, Маңғыстау қорымдарындағы сағана там, төртқұлақ, күмбез там, мінтас түрлерінің көркемдік пластикасы, эстетикалық сымбаты, түзілімдік сипаты, оқушының тарихи-рухани-мәдени дүниесін тәрбиелеуге, олардың біліктілігін арттырып, жан жақты қалыптастыруға мүмкіндіктер жасайды.

Ғалымдар ұлттық төлтума өнеріміздің ілгерілеуіне кедергі болып отырған қазіргі таңдағы кеселдер жөнінде нақтылай көрсетіп айтып келеді. Қазіргі таңда бұл кеселдердің алдын алмасақ, жеткіншек ұрпақты рухани жағынан тәрбиелеуде сыңаржақтылыққа ұрынуымыз мүмкін. Мектепке арналған білім беру тұжырымдамаларын, оқу бағдарламаларын жасау барысында ескерілетін сыңаржақтылықтардың біріжастардың алуан түрлі жат мұраттарға, идеалдарға ұмтылушылығының табиғатын ұғумен байланыстыруымыз керек. Олар ұлттық өнердің төлтума қалыбын тұншықтыруда. Бұл мәселені бұрын қозғаған болсақ, оны айтқан адамның өзін "ескіні көксеуші", "артта қалған", "ұлтшыл" деген кінә таққан болар едік. Дегенмен қазір жағдай өзгерді. Халықтық ұғымдарды, дәстүрлі дүниетанымды қайтадан жаңғыртуға мүмкіндік мол. Осының негізінде дәстүрлі өнер негіздерін мектепке де енгізуге болады. Бірақ санамызға 70 жыл ішінде мықтап енген өнер жөніндегі танымдық категориялар оны ойдағыдай барынша тұжырымды, жүйелі етіп енгізуге мүмкіндік бермей отыр.

Қазақ дәстүрлі өнерінің көркемдік сипатын, оның мазмұндық мәнін қарастырған уақытта батыстық өнер үлгілерімен немесе орыс өнеріндегі реалистік қағидалармен, кеңес дәуіріндегі социалистік реализм өнерінің көркемдік мүмкіндіктерімен шектелуге болмайды. Біз шектелу жөнінде ғана айтып отырмыз. Одан өнердің бұл көріністерін ескермеуіміз керек, білмеуіміз керек деп ешкім айтпайды. Керісінше заманымыздыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: "Бұл өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллегент емес деуге болады, - дей келіп,- екі тілдің мәдениетін бойға сіңіру ол адамды кең тынысты етеді... Екі бірдей тілің болу - екі енеге төл өскендей, екі жақты нәр қасиет, қуат береді",- деген болатын [11,452 б.]. Біз осы тұжырымды дамытып, екі тілмен де шектелуге болмайды. Орыс қазақ мәдениетімен бірге әлемдік озық үлгілі өнерін және әлемдік мәдениетте өз орнын қалыптастырған жетік өнер туындыларын білуіміз керек демекпіз.

Біздің айтатынымыз кез келген өнер құбылысы, соның ішінде орыс, батыс, шығыс, кеңес дәуіріндегі өнер туындыларын бір калькамен, бір шаблонмен, бір жақты қарастыруға келмейді. Қазақ өнерінің өзіндік ерекшелігі, өлшенетін, бағаланатын критерийлері бар деп айтпақшымыз.Дәстүрлі немесе халықтық өнер әруақытта дүниетанымдық көкейтесті мәселелермен байланысты.

Ұлттықжәнежалпыадамзаттыққұндылықтартазатүріндежәнеқарым-қатынастардан, қоғамдастықтан тыс қалыптаспайды дейді ғалымдар.Ұлттық сезім - ерекше әлеуметтік-психологиялыққұбылыс,

ол және сыртқы әсерлерге тез бой алдырады, тез қызуланып, сағы тез сынады. Сондықтан ол үнемі тәрбиелеуді және ақыл-парасат тарапынан бақылауды қажететеді. Жеке тұлғаның ұлттық сезімін тәрбиелеу айналасындағы ортаның қалыптасқан, олар үшін өмірлік қағида болып табылатын белгілі-бір құндылықтар мен толықтыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ақыл-ойдың бақылауындағы және белгілі-бір ортаның ықпалындағы ұлттық сезім ізгі, адамгершілікті болады. Табиғи, биологиялық, тектік нышандар мен органикалық түрде астарласады. Бірақ ақыл-парасаттың өзі адамдардың қандай да бір бөлігінде, ал кейбір жерлерде едәуір бөлігінде әртүрлі қоғамға қарсы идеялармен, психологиялық тойымсыздықпен, өзімшілдікпен, басқа ұлттық құндылықтарды қабылдамау арқылы да ластануымүмкін" [12, 63 б.].

Дәстүрлі дүниетаным үшін мифология жалғыз бола алмайды. Бұл жерде діннің де рөлін айта кеткен жөн. Дүниеге діни көзқарас және соған сәйкес келетін дүниетаным типі алғашында мифологиялық сана шеңберінде қалыптасады екен. Алайда миф пен діннің арасында айырмашылық бар. Өйткені миф нақты бейнелер арқылы қабылданады.

Мифтік аңыздар мен әпсаналар дәстүрлі өнердің пластикалық сипатын ауызша суреттеуге, оны бейнелеп түсіндіруге көмектеседі. Мифті табиғат пен қоғамдық өмірдің синкреттік образды бейнесі ретінде қарастыруға болады.

Сондықтан да қолөнері бұйымдарында, соның ішінде зергерлік өнерде мифтік бейненің пластикалык өрінісін байқауға болады. Зергерлік өнерде алдымен пәле-жала, қауіп-қатерден қорғаушы ретінде көрінсе, екіншіден, ол – әлемдік модельдің бейнесі. Одан кейін ол эстетикалық қасиеткеие. Зергерлік өнер қолөнері бұйымдарының ішінде ерекше көркем, сәнділікпен байланысты өнердің түрі.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінде пішін, бояу түсі, өрнек сызықтары ғанаемес, материалдың өзі де рәмізді мағынаға ие. "Зер" сөзі алтын деген мағына білдіргенмен, қазақ зергерлерінің сүйіп пайдаланатын материалы *күміс*болған. Күміс – киелі материал. Бұрыннан күміс пен тазалық түсінігі байланыстырылады. Мысалы, жаңа түскен келін тағам жабдығымен еркін араласып кетуі үшін оған енесі өзінің білезігін сыйлаған немесе жігіткеліншегіне әдейілеп күмістен қос білезікті жүзік соққызған. Сәбиді қырқынан шығарғанда да оны күміс теңге салынған суға шомылдырады.

Ал, кейбір әшекейлердің кейінгі кездері әдебиеттерде айтылып жүрген мағынасына тоқталсақ, олардың көркемдік шешімінің кездейсоқ болмағандығын байқаймыз. Халық әшекейлері тәрбие-тәртіпке, әдет-ғұрыпқа, салт-сәнділіктерге лайық туындалған. Қазақтың көшпелі тұрмыс жағдайында адамгершілік, мейірімділік, әділеттілік тәрбие ұғымдарын жастарға осындай дүниелер арқылы жеткізіп, түсіндіріп отырған. Сөйтіп, зергерлік бұйымдардың пішіні, кескіні, өрнектері, атқарар қызметі әдет-ғұрып, наным-сенім, киелілік мағыналарына ие. Сондықтан қазақ халқының эстетикалық дүниетанымы әуел бастан зергерлік бұйымдарда оның формасынан, композициясының структуралық түзілімінен көрініс тапты. Кез-келген әшекейдің бойтұмарлық қасиеті болғандығын байқауымызға болады. Әрине, бұрынғы кездеде, қазір де өзінің әсемдік, көркемдік сипатын зергерлік бұйымдар жоғалтқан жоқ.

Әрине, біз мәдениетімізді бүкіл әлемге таныту үшін көркемөнердегі ұлттық бейнемізді анықтап, жалпы адамзаттық игіліктерді тереңірек меңгеруге тиіспіз. Оны түсіну үшін алдымен біз еуропалық классикалық реалистік үлгідегі бейнелеу өнері мен ғасырлар бойы қалыптасқан және өзінің тұрақты сипаттық белгілерімен анықталатын халықтық шығармашылықты қамтитын мүсін, сәулет, қолөнері секілді атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүрлі өнер түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін нақтылы да тереңірек зерттеуіміз қажет деп ойлаймыз.


1. *Машанов А. Өнер мен ғылымның тоғысқан шұғыласы //Жұлдыз, № 9, 1975.*
2. *Крымский С.Б. Контуры духовности: Новые контексты индивидуальности //Вопросы философии, №12, 1999.*
3. *Ақатай С. Қазақтың ұлттық менталитеті //Культура - сущность нации: Ғылыми матер. жинағы /Жалпы ред. Д.Исабеков, Е.Б.Иманбек, Алматы, 1998, 212 с.*
4. *Касымжанов А.Х. Стеллы Кошо Цайдама, Алматы, 1998, 212 с.*
5. *Балтабаев М.Х. Современная художественная культура Казахстана: гносеология, ментальность, преемственность, перспективы, Алматы, 1997, 156 с.*
6. *Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең, Алматы, 1999, 200 б.*
7. *Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества, М., 1977, 703 с.*
8. *Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы, Алма-ты, 1997, 464*
9. *Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании, Собр. соч, т.2, С. 482.*

10. *Қаратаев М. Әсемділікке үйрететін ұстаз, Алматы, 1965.*
11. *Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы, Т.19, 412 б.*
12. *Марданов Қ. Өзгені өзіңдей сыйласаң...(ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар хақында) //Ақиқат, 1999, №1, Б. 62-67.*

***Аннотация***

**Некоторые особенности казахского традиционного искусства в национальной культуре и изобразительном искусстве**

Автор дает определение к значениям таким понятиям как: «традиция», «национальная культура», «традиционное искусство», «традиционная культура», «духовность», «менталитет». А также автор определяет природный характер, образовательные и воспитательные возможности, ценность, мировоззренческую сущность, роль и значение в человеческом развитии традиционного казахского искусство. Автор затрагивает вопросы глубокого изучения традиционного искусство и сравнивает новое и старое искусство. Традиционное искусство мощно взаимодействует созданию новых изобразительных образов и средств, опираясь на древние традиции и на национальную культуру казахского народа. Он также является духовным явлением при формировании и развитии разносторонней личности в современном обществе. В статье автор глубоко анализирует труды известных отечественных писателей, деятелей искусств, ученых, педагогов по традиционному искусству казахов и национальной культуре казахского народа. При становлении и развитии профессионального реалистического искусство Казахстана в советские периоды традиционное казахское искусство полностью исчерпала свое существование, но как же иначе оно же было тесно взаимосвязано бытием казахского народа. На сегодняшнее время традиционное искусства очень тесно сотрудничает с национальной педагогикой и этнокультурой, так как оно является мощным воспитательным орудием и силой при формировании и в развитии будущего поколения Казахстана.

***Ключевые слова:***традиция, изобразительное искусство, декоративно-прикладное искусство, скульптура, архитектура, ювелирное искусство, амулет, миф, мифология, интеллигент, мировоззрения, менталитет, эпоха возрождения, реставрация, ревайвал, наследие.

**Annotation**

**Some features of kazakh traditional art in the national culture and fine arts**

The author gives a definition of the values of such concepts as "tradition", "national culture", "traditional arts", "traditional culture", "spirituality", "mindset". The author defines the natural character, and educational opportunities, valuable ideological entity, the role and importance of human development in the traditional Kazakh art. The author raises questions about the traditional art and compares new and old art. The traditional art of powerfully communicates a new pictorial images and tools, based on ancient traditions and culture of the Kazakh people. He is also a spiritual phenomenon in the formation and development of versatile personality in contemporary society. In the article, the author analyzes the works of famous domestic deep writers, artists, scientists, and educators on traditional art and national culture of the Kazakh people. The formation and evolution of .

***Key words:***tradition, fine arts, decorative arts, sculpture, architecture, jewelry, amulets, myth, mythology, intellectual, philosophy, mentality, Renaissance, restoration, revajval, heritage.

**УДК 378.1**

# НЕТРАДИЦИОННЫЕ ТЕХНИКИ РИСОВАНИЯ: ТВОРЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ РАЗВИТИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

**Кыстаубаева Ботагоз Кыстаубаевна** – *магистрант 1 курса специальности 6М010700 – «Изобразительное искусство и черчение» Института искусств, культуры и спорта КазНПУ им.Абая*

В данной статье раскрывается потенциал нетрадиционных техник рисования на уроках изобразительного искусства в общеобразовательной школе. Автор исходит из понимания артпедагогики как особой отрасли современной педагогики, направленной не только на художественное развитие современного ребенка, а на концентрации обучения искусству как способа понимания ребенком себя, о формировании его духовного мира, опирающегося, прежде всего на концентрации себя, познания своего «я» на уроках с использованием нетрадиционной техники рисования младшим школьникам предоставляется возможность экспериментировать, что, несомненно, повышает интеллектуальную активность детей и вместе с тем раскрепощает их. Нетрадиционные техники рисования демонстрируют необычные сочетания материалов и инструментов. Несомненно, достоинством таких техник является универсальность их использования. Они развивают творческие способности, воображение и фантазию, и помогают ребенку раскрепоститься, вселяют уверенность в себе и своих силах.

***Ключевые слова:***нетрадиционные техники рисования,артпедагогика, школьники, развитие, познание

Нетрадиционные техники рисования достаточно популярный раздел в обучении рисования в детском саду, но его творческий потенциал практически не рассматривается в системе школьного образования, особенно в начальной школе. На наш взгляд, именно творческий потенциал нетрадиционных техник рисования гораздо более активнее помогает ребенку адаптироваться к реалиям обучения в школе. Так как, загруженность школьников младших классов известная проблема, о которой говорится буквально во всех СМИ, специализированных совещаниях педагогов и открытых трибунах общественности.

Сам по себе процесс обучения трудным предметам (математика, все языки и мн.др.) в большом объеме в начальных классах постепенно снижает у учеников желание учиться и отрицательно влияет на их здоровье, и в этом контексте большую помощь могут оказать учебные предметы, формирующие духовно-нравственную сферу школьников, а именно изобразительное искусство и музыка. Поэтому мировая общественность сегодня стала прекрасно осознавать потенциал искусства, артпедагогики в развитии современных детей.

Самтермин «артпедагогика», на наш взгляд еще не достаточно активно используется казахстанской наукой, но все же отдельные идеи этой развивающей области педагогического знания приобретают все большую популярность у учителей и учащихся. Проблема интерпретации понятия «артпедагогика», прежде всего, связана со значением слова «арт», пришедшего с запада (лат. – ars, англ. и франц. – art, итал. – arte), которое переводится на русский язык как «искусство» [1, с. 12]. Возможно, самый известный основоположник западной концепции Г.Рид «воспитания через искусство» («EducationthroughArt») сознательно соединил понятия «арт» и «педагогика», отражая свою главную мысль: переход от «процессов воспитания» в их общепринятом понимании к живому конструктивному союзу ребенка и взрослого в пространстве искусства. Это определение «позволяет избежать всякого авторитаризма в понимании воспитания. Не воспитание в искусстве, не место искусства в воспитании, а гуманистический путь воспитания через искусство» [2, с. 121].

Самым главным в артпедагогике является задача становления индивидуально-личностных внеэстетических феноменов, т.е. формирование мотивационно-смысловой сферы как взрослого человека, так и ребенка, его духовного мира, мироощущения, мировосприятия, миропонимания. Тем самым, мы  рассматриваем артпедагогику как одну из основных констант в понимании ребенка себя, о формировании его духовного мира, опирающегося прежде всего на концентрации себя, познания своего Я. Само собой, что при таком подходе художественное развитие личности также осуществляется, но происходит параллельно и не становится самоцелью. Самоцель артпедагогики – это Я, духовная константа, духовное мироощущение. К тому же артпедагогика не предполагает прямого обучения искусству или из учения предметов художественно-эстетического цикла, в результате все многообразие видов художественной деятельности человека реализуется более свободно и вариативно, не только в художественно-образовательном процессе. Поэтому столь популярны в современном мире артцентры, способствующие решению духовно-нравственных проблем ребенка.

Немаловажное значение в современной артпедагогике занимают нетрадиционные техники рисования, так как они способствуют развитию творческих способностей, воображению и фантазии, и помогают ребенку раскрепоститься, вселяют уверенность в себе и своих силах. Хотя, как мы знаем, в художественном пространстве вообще не существует такого понятия как «нетрадиционное рисование», или «нетрадиционное изображение», правильных и неправильных материалов. Просто художник использует те техники, которые необходимы для выполнения образной задачи, для достижения творческой задумки. И тут, в ход идут все материалы и все техники рисования, изображения.

Мировая история искусств, просто изобилует такими примерами. К примеру, американский художник Роберт Раушенберг рисовал собственным телом: намазывался краской и катался по холсту. Думается, таких примеров можно найти достаточное количество.

Теперь попытаемся, кратко описать существующие в артпедагогике нетрадиционные техники рисования:

- Рисование пальцами или ладонью – один из самых популярных видов нетрадиционной техники рисования. Применяется уже с самого раннего возраста (с 6-7 месяцев) малышам доступно рисование пальчиками или ладошками. В ходе этого процесса ребенок знакомится с краской, ее текстурой и

свойствами, учится наносить краску на бумагу;

- монотипия, скорее всего второй по значимости вид нетрадиционного рисования. Не для кого не секрет, что слово «монотипия» означает уникальный отпечаток в единственном экземпляре, оттиск в зеркальном отображении. Так, на гладкой поверхности стекла или толстой глянцевой бумаге делается какое-либо изображение гуашевой краской или другими красками. Сверху накладывается лист бумаги и придавливается к поверхности. Вот так, получается оттиск в зеркальном отображении. Такой техникой можно получить достаточно разнообразные и интересные рисунки;

- не менее интересна кляксография, которая способствует развитию глазомера, координации движений, фантазии и воображения, а также снятию напряжения у детей.Основой данной техники рисования является клякса. Если сложить лист пополам, на одну сторону накапать несколько капель жидкой краски и плотно прижать другую сторону, то получатся необычные, причудливые узоры. Можно дорисовать самостоятельно в них деревья, цветы и другие объекты;

- реже, но все же в артпедагогике используется линография. Суть, которой состоит в следующем: берем нитки длиной 25-30 см, окрасим их в разные цвета, выкладываем, как захочется, на одной стороне сложенного пополам листа. Концы ниток выведем наружу. Сложим половинки листа, прижмем, их друг к другу, разгладим. Затем, не снимая ладони с бумаги, правой рукой осторожно выдернем одну нитку за другой. Развернем лист – и получили интересный узор, который впоследствии тоже можно дорисовать в зависимости от замысла;

- «свеча и акварель» - достаточно интересная техника рисования, смысл которого заключается в следующем: ребенок рисует свечой на бумаге. Затем закрашивает лист акварелью в один или несколько цветов. Рисунок, нанесенный свечой остается белым;

- техника «набрызг» вместо кисти используется зубная щетка. Зубной щеткой набирается немного краски, по поверхности щетки проводим пальцами – быстрыми движениями, по направлению к себе. Брызги полетят на бумагу. При этом можно менять направление движения руки (по вертикали, горизонтали, наклонно, волнообразно, кругами), изменять величину крапинок, приближая или отдаляя брызги от плоскости рисунка.

Таким образом, существует просто огромное количество нетрадиционных техник, которые можно и нужно использовать на уроках изобразительного искусства в школе. Нетрадиционные техники изображения позволяют избежать шаблонности, позволяют вместо готового образца демонстрировать лишь способ действия с нетрадиционными материалами, инструментами. На уроках с использованием нетрадиционной техники изображения младшим школьникам предоставляется возможность экспериментировать, что несомненно повышает интеллектуальную активность детей и вместе с тем раскрепощает их. На наш взгляд, нетрадиционные техники рисования дают толчок развитию вображения, творчества, проявлению самостоятельности, инициативы, выражению индивидуальности.

*1. Уотт Ф. Я умею рисовать/ Пер. с англ. О. Солодовниковой. – М.: РОСМЭН-ИЗДАТ, 2004. – 96 с*

*2. Искусство и дети: Эстетическое воспитание за рубежом. /Под ред. В. Шестакова. - М.: Искусство, 1969. - 272 с.*

***Аңдатпа***

**Сурет салудың дәстүрлі емес техникасы: бастауыш мектеп оқушыларын дамытудың шығармашылық потенциалы іспеттес**

Мақалада жалпы білім беретін метептердегі бейнелеу өнері сабағында сурет салудың дәстүрден тыс техникасы қарастырылған. Автор қазіргі педагогиканың ерекше саласы артпедагогикаға сүйеніп, балалардың көркемдік талғамын дамытуға көңіл бөлген. Балалардың ішкі жан дүниесін және өзіндік «Мен» концепциясын тануын қалыптастыруда көркемөнердің маңыздылығы баяндалған. Дәстүрлі емес сурет салу жолдарын бастауыш мектеп оқушыларының сабақтарында қолдану, олардың талпынысын көтеріп, өздерін еркін сезінуге мүмкіндік туғызады және олардың өзінше тәжірибе жасап көруіне де жол ашады. Дәстүрлі емес сурет салу жолдары әртүрлі материалдар мен аспаптар қолдануға да үйретеді және бұл әдістердің тағы бір ерекшелігі, олардың әмбебаптығы болып табылады. Осының нәтижесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттері артып, ойлау және армандау әдептігі қалыптасып, өзін-өзі еркін сезінуі, өзіне деген сенімділігі күшейеді.

***Кілтті сөздер:***сурет салудың дәстүрден тыс техникасы, артпедагогика, оқушылар, даму, таным.

**Annotation**

**Non-traditional painting techniques: creative development potential of junior schoolchildren**

The article reveals the potential of non-traditional drawing techniques in fine arts lessons in the secondary school. The author outcomes from the art pedagogics understanding as a specific branch of the contemporary pedagogics, refers not only to modern child`s art development, but to concentration of art teaching as the way of child`s self-understanding, formation of his or her spiritual worldview, relying first of all on self-concentration, to study his\herself. On lessons with the use of unconventional technique of image junior schoolchildren get possibility to experiment, that undoubtedly promotes intellectual activity of children and at the same time sets free them. The non-traditional drawing techniques demonstrate unusual combinations of materials and instruments. Undoubtedly, dignity of such techniques is universality of their use. They develop creative flairs, imagination and fantasy, and help a child to be set free, infuse with a confidence in itself and forces.

***Keywords:***non-traditional painting techniques, art pedagogy, junior schoolchildren, development, cognition.

**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН**

**ДЛЯ ЗАМЕТОК**